

**1920-1999 ж.ж.**

# СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНЫҢ БАТЫРЫ

## КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ Ж.ҚИЗАТОВ
## туралы баспасөз бетінде жарияланған мақалалар тізімі

**2005**

1. **Жұлдызды Жеңіс-жасампаз ұрпақ** //Сыр бойы. – 2005. – 11 мамыр. – 2б.
2. **Жарылгапов, Ш. Ой, Днепро, Днепро...** [Текст]: О Герое Советского Союза Жалеле Кизатове //Ш. Жарылгапов // Кызылординские вести. – 2005. – 30 марта. – С.2.

**2006**

3. **Жарылгапов, Ш. Солдат из Сары-Арки** [Текст]:Кизатов Жалел - Герой Советского Солюза / Ш. Жарылгапов // Казахстанская правда. – 2006. – 5 мая. – С.10.

**2009**

4. **Жарылгапов,Ш. Герои не умирают** [Мәтін]: Жалел Кизатов / Шамардан Жарылгапов // Кызылординские вести. – 2009. – 23 июня. – С.3.

**2010**

5. **Ақтаев, С. Батырдың батыр туралы дастаны** [Мәтін] / Сарбас Ақтаев // Ақиқат. – 2010. – N6. – 48-51б.
6. **Аяған, Б. Соғыс сынағы** [Мәтін]: Кеңес Одағының батыры Жәлел Қизатов / Бүркітбай Аяған // Сыр бойы. – 2010. – 2 желтоқсан. – 3б.
7. **Батыр даңқы өшпейді** [Мәтін]: Жәлел Қизатов - 90 жаста // Сыр бойы. – 2010. – 21 желтоқсан. – 2б.
8. **Беркінбаев, Д. Днепрден өту** [Мәтін]: Днепр үшін шайқас / Д. Беркінбаев // Сыр бойы. – 2010. – 20 наурыз. – 3б.
9. **Әбілов, А.Ә. Ел өмірімен тұтасқан өмірбаян** [Мәтін]: Жәлел Қизатов / Алдажар Әбілов // Сыр бойы. – 2010. – 22 желтоқсан. – 2б.
10. **Жалғасбаев, Е. Батыр рухына тағзым** [Мәтін]: Жәлел Қизатов - 90 / Ербақыт Жалғасбаев // Сыр бойы. – 2010. – 24 желтоқсан. – 4б.
11. **Ибраймов, Ә.Қ. Өндірістегі ұстазым еді** [Мәтін]: Жәлел Қизатов - 90 жаста / Әбдіқадір қажы Ибраймов // Сыр бойы. – 2010. – 22 желтоқсан. – 2б.
12. **Құдайбергенов, Қ. Ерлікпен өрілген өмір**[Мәтін]:Қизатов Жәлел / Қ. Құдайбергенов // Халық. – 2010. – 30 желтоқсан. – 5б.
13. **Аюпкызы, П. Посвящается героям**[Текст]=Память/ П. Аюпкызы // Кызылординские вести. – 2010. – 21апреля. – С.2.
14. **Аяган, Б. Испытание войной** [Текст]: Герой Советского Союза Жалел Кизатов / Буркитбай Аяган // Кызылординские вести. – 2010. – 8 декабря. – С.3.
15. **Ибраимов А. Мой наставник и учитель //** Кызылординские вести. – 2010. – 21 декабря. – С.2.
16. **Калиев И. Человек долга и чести//** Кызылординские вести. – 2010. – 21 декабря. – С.2.
17. **Карымсаков Н. Поступок, достойный героя//** Кызылординские вести. – 2010. – 21 декабря. – С.2.
18. **Кульманов Б. Он сам писал историю //** Кызылординские вести. – 2010. – 21 декабря. – С.2.
19. **Канжарулы, М. Герои не умирают- они уходят в бессмертие** [Текст]: Кизатов Ж. / Мыркы Канжарулы // Кызылординские вести. – 2010. – 24 декабря. – С.1.

**2012**

20. **Мұсабаева Г.Н., Маликов М.С. Туған жер батырын ұмытпайды**: Кеңес Одағының Батыры Ж.Қизатов туралы [Мәтін] //Межвузовский вестник. – 2012. – №1(18). – С.87-90.
21. **Сарбалақов, Ж. Батырдың өшпес өнегесі** [Мәтін] / Жорабек Сарбалақов // Сыр бойы. – 2012. – 5 мамыр. – 10б.
22. **Сарбалақов, Ж. Соғыс және Еңбек майданың батыры.** [Мәтін]: Қизатов Жәлел / Жорабек Сарбалақов // Ақмешіт ақшамы. – 2012. – 16мамыр. – 15б.

**2015**

23. **Бердібаев, Б. Батыр - елдің қорғаны** [Мәтін]: Ұлы Жеңіске- 70 жыл / Бақтыбай Бердібаев // Сыр бойы. – 2015. – 28 ақпан. – Б.8.
24. **Есқали, Ә. Мәлікова, С. Батырдың беймәлім қырлары.** [Мәтін]: Ұлы Отан соғысының батыры Жәлел Қизатов жайлы / Ә. Есқали // Егемен Қазақстан. – 2015. – 11 шілде. – Б.8.
25. **Жолдасов, А. Память сильнее времени** [Текст]: 70 лет Великой Победе / Ардак Жолдасов // Кызылординские вести: Областная газета. – 2015. – 9 апреля. – С.4.

**2016**

26. **Қойшыбаева, М. Сұрапыл соғыс жылдарындағы облыс еңбекшілері мен майдангерлерге арналған әдеби шығармалар, өлеңдер** [Мәтін] / М. Қойшыбаева // Ел тілегі. – 2016. – 16 қараша. – 9б.

**2020**

27. **Амангелді, Д. Бар-жоғы 24 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған** [Мәтін]: Жәлел Қизатов-100 жыл / Д. Амангелді // Ақмешіт ақшамы. – 2020. – 15 қазан. – Б.5.
28. **Балтабекұлы, Е. "Бар қазаққа ортақ оның жүрегі"** [Мәтін]: Жәлел Қизатов-100 жыл / Е. Балтабекұлы // Ақмешіт апталығы. – 2020. – 6 қазан. – Б.3.
29. **Ерлікке тағзым** [Мәтін] // Ақмешіт апталығы. – 2020. – 10 қазан. – Б.4.
30. **Құдайбергенов, Қ. Сарыарқаның шуағын Сырға төккен...**[Мәтін] /Қ.Құдайбергенов // Сыр бойы. – 2020. – 15 тамыз. – Б.11.
31. **Рәшитұлы, Ә. Қызылжарда өсіп, Қызылордада өркен жайған** [Мәтін]: Жәлел Қизатов-100 / Ә. Рәшитұлы // Сыр бойы. – 2020. – 8 қазан. – Б.4
32. **Саниязова, Н. Елінің асыл перзенті, ерліктің эталоны** [Мәтін]: Қизатов Жәлел -100 / Н. Саниязова // Сыр бойы. – 2020. – 10 қазан. – Б.2.
33. **Сәтбай, Т. Жәлел Қизатов - азамат, жауынгер, қоғам қайраткері** [Мәтін] / Т. Сәтбай // Ақмешіт апталығы. – 2020. – 10 қазан. – Б.4.
34. **Бекеева, И. Герой на все времена** [Текст]: Жалел Кизатов - 100 / И. Бекеева // Кызылординские вести. – 2020. – 10 октября. – С.2.
35. **Нургалиулы, А. С заботой о народе** [Текст]: Жалел Кизатов - 100 / Арыс Нургалиулы // Кызылординские вести. – 2020. – 8 октября. – С.3.
36. **Помним своих героев** [Текст]: Ж.Кизатов // Ақмешіт ақшамы. – 2020. –15 октября. –С.
37. **Картова, З. К., Мусабаева Г.Н. Ж. Қизатовтың солтүстік қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі** [Мәтін]: //Картова З.К., Мусабаева Г.Н.// «Жәлел Қизатов:Батыр.Азамат.Қайраткер» атты республикалық ғылыми-танымдық онлайн-конференция – 2020. – 9 қазан.

38. **Жанбершиева, Ұ.Н. Кеңестер Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың поэзиясы** [Мәтін]: //Жанбершиева Ұ.Н// «Жәлел Қизатов: Батыр.Азамат.Қайраткер» атты республикалық ғылыми-танымдық онлайн-конференция – 2020. – 9 қазан.
39. **Әбілов А.Ә. Жәлел Қизатов шығармаларындағы өмір шындығы** [Мәтін]: //Алдажар Ә.Ә// «Жәлел Қизатов: Батыр.Азамат.Қайраткер» атты республикалық ғылыми-танымдық онлайн-конференция – 2020. – 9 қазан.

## 2005

### ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕҢІС – ЖАСАМПАЗ ҰРПАҚ

№ 23 орта мектеп алдында Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовқа ескерткіш ашылуы жас ұрпақты ерлікке, елдікке тәрбиелеуге шақыратын тәрбие-тағылымы мол шара болды. Салтанатта қала әкімінің орынбасары И.Құттықожаев, облыстық білім департаментінің директоры Ж.Жонтаева, соғыс ардагері С.Руденко, батырдың қызы Г.Қизатова жұртшылықты айтулы мерекемен құттықтап, естеліктер айтты. Батыр тұлғасын бейнелейтін ескерткіш лентасын қала әкімі М.Үдербаев пен ардагерлер қиды.

//Сыр бойы.- 11мамыр.-2005.-Б.2.

## Ой, Днепро, Днепро.....

**В Кызылорде на стене дома № 144 по улице И.Жахаева укреплена памятная доска, которая гласит о том, что в доме с 1968 по 1999 год жил и работал Герой Советского Союза Жалел Кизатов.**

Ж.Кизатов родился 9 октября 1920 года на границе Кокшетауской и Северо-Казахстанской областей в ауле Аяккол. В 1940 году закончил Покровский сельскохозяйственный техникум и был призван в ряды Советской Армии. Прошел Великую Отечественную войну с первого дня до победного окончания. Сражался с фашистами на Одесском, Крымском, Сталинградском, Украинском, Белорусском направлениях.Участник обороны городов-героев Одессы, Керчи, Сталинграда, Киева. Освобождал Украину, Белоруссию, Польшу,воевал на территории Германии.

За героизм, проявленный в боях при форсировании Днепра в1944 году, удостоен звания Героя Советского Союза.

После войны Ж.Кизатов окончил высшую партийную школу при ЦК Компартии Казахстана. В 1947 – 1950 годах – председатель Ленинского райисполкома (с. Явленка); в 1957 – 1963 годах – директор совхоза им. Таманской дивизии. В 1963 – 1968 годах – директор Каракогинского элеватора Северо-Казахстанской области; с 1968 по 1987 годы работал начальником Кызылординского областного управления хлебопродуктов. С 1988 по 1997 годы – заместитель председателя президиума Кызылординского областного общества охраны природы.

Ратный подвиг и трудовые дела Ж.Кизатова отмечены Золотой Звездой Героя, двумя орденами Ленина, орденами Октябрьской революции, Отечественной войны I и II степени, тремя орденами Трудового Красного Знамени, орденом "Знак Почета", 11 медалями.

О том, как самоотверженно воевал с фашистами Ж.Кизатов, сегодня рассказывает кандидат экономических наук, доцент КазГЮУ Ш. Жарылгапов из Астаны, который хорошо знал героя.

Разведчики из мобильной группы, руководимой лейтенантом Ж.Кизатовым, к исходу дня подошла к селу Любеч. Вечерело. Бойцы остановились, решили разузнать, есть ли немцы в селе. Оказалось – нет. В Любече не стали долго задерживаться, двинулись к Днепру – река протекала рядом. Ж.Кизатов попросил у пожилого селянина две лодки – старик до прихода немцев спрятал их в зарослях тальника. Посудины были без пробоин. Лодки погрузили на телегу, доставили к Днепру. Вечером Ж.Кизатов получил приказ переправиться через Днепр. По рассказам местных жителей, именно в этом месте Днепр как бы раздваивался на старый

Днепр и второй Днепр. Ширина первого 800 метров. А второй поуже. Между ними полуостров шириной 10 километров. Воины должны были произвести разведку местности на полуострове. Выяснить места расположения, скоплений немецких орудий, пулеметов и минометов, живой силы. Определить предельно точно, чтобы правильно ориентировать и наводить наши стрелковые подразделения, чтобы быстро уничтожить вражеские огневые точки. Тем самым Ж.Кизатов и его бойцы должны способствовать успешному наступлению наших войск. Потом они вместе с пехотинцами должны переправиться через Днепр. Связь – по рации.

Получив приказ, разведчики стали действовать. Сели в лодку. Поплыли – Вялых, Султан, Хомухо, Бондарев и лейтенант Кизатов. Волны били в борта лодки, суденышко наполнялось водой. Хомухо и Бондарев быстро работали веслами, а остальные выгребали воду. И группа Кизатова первой оказалась на полуострове, преодолев старый Днепр. В западной части полуострова установили наблюдательный пункт. Надводную телефонную связь наладить не удалось, сообщались по рации. Всю ночь копали окопы. Никто не спал. Установили также, что на правой стороне полуострова укрепили свои позиции немцы.

Прошла ночь. Наступило 28 сентября 1943 года. Советские войска начали переправу через реку. Множество лодок плыли на другой берег второго Днепра.

Наблюдая за противником, Жалел Кизатов заметил два пулеметных гнезда, расположенных неподалеку друг от друга. Было ясно: фашисты хотят поближе подпустить наших солдат, а затем открыть огонь. Ж.Кизатов скомандовал Бондареву:

- Сообщи на батарею координаты вражеских огневых точек.

Через некоторое время полетели снаряды. Один прямехонько угодил в пулеметное гнездо неприятеля. Потом наши пушки заставили замолчать еще одну огневую точку немцев. К сожалению, заговорили фашисткие минометы. Лодки с пехотинцами стали тонуть. А огневые точки немцев продолжали поливать минами. В этот момент Вялых крикнул:

- Обнаружил, товарищ лейтенант! Справа, в тальнике минометы!

Взяв бинокль, Ж.Кизатов разглядел в зарослях фашистов.

-Ты прав, Вялых! Срочно сообщи нашим координаты. Пусть ведут огонь!

Еще несколько лодок утонули в Днепре. Да где же наша артиллерия?! И в этот момент полетели снаряды. Фашистские минометы умолкли. Их позиции были разгромлены. В это время наши пехотинцы поняв, что путь открыт, один за другим выбирались на берег и с криком «Ура!» устремлялись вперед. Вдруг неожиданно слева немцы вновь открыли интенсивный огонь. Лейтенант Кизатов быстро обнаружил места дислокации противника и дал приказ, указав координаты,вести огонь из двух пушек. Вскоре пулеметные гнезда врага умолкли.

Немцы, заметившие, что по ним ведется прицельный огонь с близкого расстояния, начали обстреливать позиции разведгруппы лейтенанта Ж.Кизатова. разведчики быстро столкнули лодку в воду и начали грести к противоположному береку. А враг все стрелял и стрелял. Вот снаряд упал в воду слева от них. Следующий лег еще ближе, а третий – возле самой лодки. Солдаты замерли, не дыша. К счастью, он почему – то не взорвался.

- Это, видимо, подарок немецких коммунистов-рабочих нам, - сказал Хомухо.

И вот он, берег. Группа лейтенанта Ж.Кизатова успешно перебралась на другой берег Днепра. Солдаты скрылись в зарослях тальника. Здесь они встретили немало своих пехотинцев. Ж.Кизатов среди них узнал своего товарища по оружию, командира роты лейтенанта Андреева.

В это время отступающие немцы решили перегруппироваться, чтобы снова овладеть оставленными позициями. Враг подтягивал артиллерию. Спустя некоторое время, гитлеровцы пошли в атаку, по численности они превосходили группу Кизатова и других бойцов. За четырьмя танками бежали пехотинцы. Ж.Кизатов приказал Вялых приготовить

гранаты. Как только вражеские машины достигли необходимого расстояния,заговорили противотанковые ружья. Один танк загорелся. В этот момент ко второму бросился боец с гранатой. Взрыв – и еще один факел.

В этом бою солдаты лейтенанта Андреева и лейтенанта Кизатова показали образцы мужества и храбрости. Противотанковыми ружьями, бутылками с зажигательной смесью они уничтожили четыре немецких танка.

Но враг продолжал наседать. Ряды бойцов редели. Жалел Кизатов отдал батарее приказание стрелять шрапнелью. Наша артиллерия вела огонь прямой наводкой. Танки остановились, но фашистские солдаты, танкисты продолжали бежать к нашим позициям. Началась рукопашная схватка на берегу Днепра.

Вот как описывает ее Ж.Кизатов в своей книге «Өмір мен өлім»: «Наш Вялых не хуже других, одного уложил ударом приклада автомата, оседлал его. Огромного немца я уничтожил выстрелом в сердце. Один из немцев душил Хомухо. Заметивший это Вялых как кошка прыгнул на фашиста. Нанес сильный штыковой удар под лопатку. Фриц ничком упал в окоп. Сбросивший с плеч рацию, сильный Бондарев с помощью автомата уложил немало фашистов. Другие немецкие солдаты бросились бежать...»

29 сентября бои продолжались. Советские войска укрепляли позиции, развивая наступление. 30 сентября утром началось широкое наступление наших войск по всем направлениям. Сначала самолеты сделали свое дело, затем заработали пушки и «катюши». Немцы сникли и начали отступать, оставляя мертвых и раненых. Советские танки стремительно преследовали врага. Вслед за танками шла пехота, за ней – артиллеристы. Фронт двигался на запад.

Вот так воевал Ж.Кизатов, сын казахстанских ковыльных степей. И люди никогда не забудут его ратный подвиг и труд в послевоенные мирные годы. В этом году Герою исполнилось бы 85 лет.

Благодарные потомки помнят о боевых заслугах Ж. Кизатова. Памятник ему установлен в ауле Аяк-кол, что в Северо – Казахстанской области у гор Жалгызтау. Имя Ж.Кизатова золотыми буквами начертано на обелиске Победы в Киеве.

// Кызылординские вести.- 2005.- 30 марта.- С.2.

## 2006

**Шамардан ЖАРЫЛГАПОВ**
полковник полиции в отставке,
кандидат экономических наук,
доцент Таразского института МКТУ им. А. Ясауи.

## СОЛДАТ ИЗ САРЫ-АРКИ

**Лейтенант Жалел Кизатов стал Героем Советского Союза в двадцать три года. Строчка в указе скупо гласит: «За успешное выполнение боевого задания Верховного командования». А за ней мужество и героизм Жалела при форсировании Днепра. Из фильмов и книг мы знаем, как неимоверно тяжело было бойцам преодолевать эту водную преграду, ожесточенное сопротивление врага.**

Шамардан ЖАРЫЛГАПОВ, полковник полиции в отставке.

Жалел Кизатов прожил славную, честную жизнь и умер на 79-м году жизни, был похоронен в Кызылорде.

Благодарные потомки увековечили память о нем. Покровскому сельскохозяйственному колледжу в Есильском районе Северно-Казахстанской области присвоено его имя; оно золотыми буквами написано на обелиске в честь Великой Победы в столице Украины. Бюсты героя установлены в Покровском сельхозтехникуме, где он учился до начала войны, в Кызылорде на месте, где покоится его прах.

С Жалелом-ага я был знаком с весны 1990 года, хорошо знаю его семью и детей, которые проживают в Кызылорде, Шымкенте, Таразе, Алматы, Астане. И по сей день меня связывает большая дружба с его дочерью Тамашой и ее мужем – Сериком Тажибаевым – профессором, доктором экономических наук, деканом экономического факультета ТарГУ имени Дулати; другой его дочерью – Алмой и ее мужем Даулетом – доцентом, кандидатом технических наук.

Жалел Кизатов родился 9 октября 1920 года в ауле Акколь у подножья горы Жалгызтау, что на границе двух областей – Кокшетауской и Северо-Казахстанской. Его настоящее имя Габдол-Жалел, так нарек его мулла Фарды. Его отец умер в возрасте 33 лет. В семье было семеро детей, Жалел — старший; время было такое, что в живых остались только трое.

В родном ауле Жалел окончил четыре класса. Затем была учеба в ФЗУ в Петропавловске. Учился на железнодорожного слесаря-ремонтника. Здесь он начал изучать русский язык. В ФЗУ проучился два года, потом в силу ряда обстоятельств вернулся в родной аул.

В 1933–34-е годы трудился в колхозе. Зимой, когда работы на селе было меньше, читал книги, любил выезжать на охоту. По-казахски – стал мергеном, отличным стрелком. Потом несколько лет работал кассиром-счетоводом в колхозе. Этому он научился на курсах в селе Володаровка (ныне Саумаколь) Айыртауского района; тогда он познакомился с родиной предков Чокана Валиханова.

В 1936 году он поступил в Акжарский (Покровский) сельхозтехникум. В этом же техникуме в свое время учился будущий председатель Совета Министров КазССР Байкен Ашимов.

Повестка из райвоенкомата пришла 8 февраля 1940 года, тогда Жалел был учителем, заведовал Карагайской начальной школой. Тогда 20-летний юноша подумал: наверное, пошлют на белофинскую войну. Брат отца – Бекмагабет, у которого Жалел воспитывался, благословил новобранца.

В военкомате Жалела признали годным к службе. К этой поре он был уже кандидатом в члены КПСС, студентом исторического факультета заочного отделения Петропавловского пединститута. И, видимо, поэтому его сразу же назначали комиссаром военного эшелона, который на следующий день отправлялся на фронт.

Эшелон держал путь на Запад. Жалел мысленно прощался с родным Кызыл-Жаром; его провожали покрытый льдом Бесколь, прекрасная река Есиль, березы северного Казахстана, вечно зеленые ели и карагай. Жалел впервые в жизни так далеко уезжал из родных мест. И сказал напоследок: «Будь здоров, Кызыл-Жар – прекрасный уголок Сары-Арки! – Аман-есен бол, Арканың ардагері Кызылжарым!».

Поезд взял курс в Украину. Пункт назначения военного эшелона был город Нежин Черниговской области.

22 июня 1941 года. Весть о вероломном нападении на Советский Союз мигом облетела всех, 422-й артиллерийский полк легендарной Чапаевской дивизии, где служил Жалел Кизатов, был немедленно приведен в полную боевую готовность.

Боевое крещение Жалел получил в Одессе. Он воевал вместе со своими боевыми друзьями – комвзвода Владимиром Ткаченко, разведчиком Михаилом Шалбашем, рядовым Сапаром, телефонистом Хоменко, сержантом Александровым, снайпером Шевченко, подносчиком снарядов Садыковым, младшим лейтенантом Луновым, младшим лейтенантом Дорошенко, а также Василием Степановичем Скубаком, Василием Бондаревым.

Несмотря на трудное положение, дивизия, в составе которой воевал Жалел Кизатов, поднималась в яростные атаки и наносила удары по румыно-немецким войскам.

Жалел-ага рассказывал, что на фронт поступали танки из Челябинска, боеприпасы из Казахстана. Из нашей, Средней Азии и Кавказа приходили продукты питания, обмундирование. На полях сражений все сильнее становился слышен голос «Катюши».

– В середине октября 1941 года мы прибыли в Симферополь, – вспоминал Жалел Кизатов. – Разрушений здесь было меньше, чем в Одессе. На берегу у моря беспрерывно «работали» зенитные орудия. Шли горячие бои. Мы направились в Перекоп. По пути началось такое! Немецкие самолеты яростно бомбили наш состав, пулеметы, установленные на самолетах, расстреливали людей, не знавших, куда бежать… Некоторые двинулись в лес. А командир отделения, сержант Михаил Макаров сказал: «После бомбежки поезда фашисты начнут бомбить лес, нужно бежать в другом направлении, в пшеничные поля». И через некоторое время мы убедились в этом. Дальше дорога повела нас через Джанкой, Феодосию, Старокрымск, Керчь…

В ходе боевых действий фронтовые друзья Жалела – разведчики Шалбаш и Савченко, рядовые Ткаченко и Климов получили ранения. Вместо них прибыли москвич Кузьма Вялых, ленинградец Юрий Мельников, бойцы с Кавказа – Магомед Султан, Азамат Алиев, из Ульяновска – Фатих Мухамедиев. Они пришли в разведподразделение, которым руководил Жалел Кизатович.

На войне и воевали, и одновременно учились воевать. Как противостоять танкам, вести бои в городах, умело пользоваться гранатой, уничтожать пулеметные и минометные ниши неприятеля, определять различные боевые позиции немцев во время разведки в тылу врага, определять координаты по радиотелефонной связи, ориентироваться на местности? Всему этому учил Кизатов новобранцев.

Через Ростов полк пошел на Сталинград. Жалел Кизатов был тогда заместителем командира 6-й батареи по политической части. Он был участником ожесточенных сражений, которые развернулись на улицах города на Волге.

После Сталинградского фронта Жалел Кизатович оказался на Курской дуге – командиром взвода Четвертой батареи. Он вместе с бойцами Мазманьяном, разведчиком взвода Мельниковым, телефонистами Хоменко и Бондаревым обеспечивали телефонную связь, ходили на разведку в тыл врага.

Затем Украина… Тогда в каждом подразделении были сформированы мобильные группы по преследованию врага, в них были направлены наиболее подготовленные солдаты и офицеры. Одну из таких групп возглавил Жалел Кизатов. В нее также вошли сержант Мазманьян, разведчики Вялых, Бондарев, Султан Магомедов, новобранцы Фомин и Брославский. Это было в Сумской области.

Немцы в спешном порядке отступали в направлении белорусского Гомеля. Перед мобильной группой батареи была поставлена задача – разведать расположение вражеских сил вдоль Днепра, где находятся села Любечко, Молышан, и освободить эти населенные пункты от неприятеля. Группа с честью выполнила задачу. Бойцы первыми вступили на землю многострадальной Белоруссии. Не выдержав натиск советских войск, немцы в спешном порядке оставили Чернигов.

Впереди был Днепр, нужно было не дать врагу опомниться, гнать его на Запад.

В последние дни сентября шли проливные дожди. Немцы держали оборону значительными силами. И опять на разведку ушли Жалел Кизатов, Вялых и Султан Магомедов...

Днепр – широкая река, мощная, волны на ней иногда бывают, как в море. И вот ее преодолели наши войска. Это настоящий подвиг, и за него Кизатов получил высокое звание Героя! Его имя высечено на обелиске в честь Великой Победы в Киеве. Я читал эту надпись раньше. Однако не мог предположить, что в жизнь подарит мне встречу с ним.

//Казахстанская правда.- 2006.- 5мая.-С.10.

**Шамардан ЖАРЫЛГАПОВ,**
полковник полиции в отставке,
кандидат экономических наук,
доцент Таразского института МКТУ им. А. Ясауи.

## ГЕРОИ НЕ УМИРАЮТ

***Шестьдесят восемь лет прошло с того дня, как фашистская Германия объявила войну против СССР. Наш народ, как один, встал на защиту Отечества. В числе тех, кто сражался на ее фронтах с первого дня до последнего был и наш земляк Жалел Кизатов.***

В г. Кзыл-Орде на стене дома № 144 по улице Ибрая Жахаева (рисовода края, дважды Героя Социалистического Труда) закреплена памятная доска, из которой прохожие узнают, что в доме с 1968 по 1999 годы жил и работал Герой Советского Союза Жалел Кизатов (1920-1999 гг.).

В 1940 году закончив Покровский сельскохозяйственный техникум и Жалел Кизатов был призван в ряды Советской Армии. Прошел Великую Отечественную войну с первого дня до победного окончания. Сражался с фашистами на Одесском, Крымском, Сталинградском, Украинском, Белорусском направлениях. Участник обороны городов героев - Одессы, Керчи, Сталинграда, Киева. Освобождал Украину, Белоруссию, Польшу, воевал на территории Германии.

После войны Ж. Кизатов вернулся к мирной жизни. Ратный и трудовой подвиг Ж.К. Кизатова отмечен Золотой Звездой Героя, двумя орденами Ленина, орденами Октябрьской революции, Отечественной войны I и II степени, тремя орденами Трудового Красного Знамени, орденом «Знак Почета», медалью «За отвагу», одиннадцатью медалями.

Вместе с женой Шамшыбану, ныне здравствующей, Жалел Кизатов вырастил детей.

Я прекрасно знал этого замечательного человека (1968-1999 гг.) Бывал в доме в Кзыл-Орде, где жил Ж. Кизатов с семьей, ныне общаюсь с его детьми, поэтому не понаслышке мне известно о Жалеле Кизатове. Близко общался с Герой-ага с 1990-1999 гг.

...Разведчики из мобильной группы, руководимой лейтенантом Ж. Кизатовым к исходу дня подошли к селу Любеч. Оно расположено неподалеку от реки Днепр. На один миг разведчики остановились. И решили разузнать, есть ли немцы в Любече. Разведчики вернулись с информацией: немцев в селе нет. По утверждению жителей села, немцы два дня тому назад оставили село, основные силы немцев ушли в западном направлении реки Днепр. Жители села Любеч радушно встретили солдат-разведчиков: с хлебом и солью. Через некоторое время подоспели артвзвод, батареи. В Любече не стали долго задерживаться, двинулись в направлении Днепра.

Жалел Кизатов у одного старца села попросил две лодки. Оказывается старик по приходу немцев спрятал лодки к зарослях тальника. Обе лодки оказались новыми. Погрузили их на арбу, доставили к Днепру.

Вечером старший лейтенант Гридин вызвал Ж. Кизатова и дал боевое задание: «Ты, Кизатов, под покровом ночи переправишься через Днепр. По рассказам местных жителей, именно в данном направлении есть два Днепра: первый «Старый Днепр» и «Второй Днепр». Близлежащий старый, ширина 800 метров. А второй - следующий, ширина несколько уже, чем у первого. А между ними находится полуостров, ширина его 10 км. Сперва, ты должен добраться до этого полуострова. Выбери возвышенную местность, незаметно расположись. А дальше, сделайте разведку местности. Каждый квадратный метр осмотри биноклем. Пока ты доберешься до второго Днепра, наступит рассвет. Ясно, что немцы, приложат все силы, чтобы подавить передвижение наших пехотинцев. Это, очевидно, что со всех видов орудий будут вести обстрел по нашим живым силам, смотри, наступает весьма ответственный момент, твоя задача: определить места расположений, скоплений немецких орудий, пулеметов и минометов, артиллерии и стрелков. Определить предельно точно, чтобы правильно ориентировать, наводить наши стрелковые подразделения, чтобы уничтожить вражеские огневые крепления. И тем самым, мы обеспечим успешное наступление Советской Армии, поднимем боевой дух и настрой, ты понял, меня? Вместе с пехотинцами переправляйтесь через Днепр. Связь с нами держите по рации. Одновременно обеспечьте телефонную связь. С тобой, Кизатов, в разведку пойдут: Вялых, Хомухо, Бондарев, Султан Магомедов. Возьмите одну из двух, привезенных тобою лодок, а вторую оставьте нам. И побольше с собой возьмите патрон, гранат и провизию на двое суток».

- Есть, товарищ, старший лейтенант! - А где будут ваши позиции? - спросил Жалел.

- До переброски основных сил пехоты на тот берег Днепра, буду с артвзводом.

Разведчики с командиром Ж. Кизатовым двинулись в путь. Приступили к переправке через Днепр на лодке. Поплыли: Вялых, Султан, Хомухо, Бондарев и Жалел. Река волновалась, била о борт лодки. «Судно» наполнилось водой. В подобной своенравной реке, что может быть тревожнее и опаснее? Мы сильно растерялись,- рассказывал Жалел-ата. Спешно стали осушать лодку, выгребая воду. Надо отдать должное Хомухо и Бондареву, видимо, они дети рыбаков, так быстро работали веслами. И вдруг, непомерно много лодок поплыли на берег. И все же, благодаря нашим бойцам, мы первыми оказались на берегу полуострова. Всю ночь копали окопы, никто не спал. Наблюдениями установлено, что на правой стороне полуострова укрепили свои позиции немцы. Опасаясь, немцы установили свои позиции так, чтобы можно было, при необходимости, успешно бежать на запад.

Наблюдая позиции противника, Жалел Кизатов заметил два пулеметных гнезда, расположенных неподалеку друг от друга. Их замысел был ясен: поближе пропустить живую силу советских войск, затем открыть непрерывный огонь. Ж. Кизатов, резко повернувшись, обратился к Бондареву: «Сообщи на батарею координаты расположения вражеских огневых точек. Они представляют большую опасность и угрозу пехотинцам». Немцы снова ведут непрерывный обстрел. Еще несколько лодок утонули в воде Днепра. И наши стали вести огонь. Второй снаряд заставил «замолчать» минометное укрепление немцев. «Заработали» пушки соседних батарей по закрытым позициям врага. Их позиции были разгромлены, «заглохли» огневые точки немцев. И в это время наши пехотинцы поняли, что путь открыт, обеспечена безопасность, на лодках одни за другими выбирались на берег. И с криком «Ура!» бежали вперед! Берег Днепра наполнился большим, непрерывным шумом. И вдруг неожиданно, с левого бока немцы начали вести интенсивный огонь. Лейтенант Кизатов быстро обнаружил места дисколации противника и дал приказ, указав координаты, вести огонь с двух пушек. После непрерывных атак по прямой наводке, наши заставили «заглохнуть» пулеметные гнезда врага. Теперь пехотинцы с удвоенной энергией приступили

к наступлению. И враг в спешном порядке стал бежать, подобно зайцу, увидевшему в небе приближающегося орла. Хотя враг бросился бежать на запад, тяжеловесные дальнобойные пушки немцев дали о себе знать. Разведгруппа лейтенанта Ж. Кизатова быстро оставила позиции, перебрались в тальники. Исчезли с поля зрения немцев. Нашли лодку, спустили на воду. Путь держали в передовые позиции. Немцы вели непрерывный интенсивный огонь с тяжелых, дальнобойных огневых установок (пушек). Один из снарядов упал в воду в 100 метрах от лодки лейтенанта Ж.Кизатова. Вода сильно взметнулась в небо.

- Быстрее гребите, собаки обнаружили нас, - крикнул Жалел.

И вдруг еще один снаряд упал в воду слева от них, поблизости.

- Быстрее! Бежать, плыть поперек реки! Опасность нависла большая.

Следующий выстрел, наверняка, ударит по нашей лодке. И не успел сказать лейтенант Кизатов, как очередной снаряд упал возле лодки. Солдаты замерли, почти не дыша. Однако, к счастью, снаряд почему-то не взорвался, затонул в реке.

- Это, видимо, подарок немецких коммунистов-рабочих, для нас, - шутливо заметил Хомухо.

Наконец, разведгруппа, руководимая лейтенантом Ж. Кизатовым, успешно перебралась на другой берег Днепра. Разведгруппа «исчезла» в береговых зарослях тальников. В густых тальниках они увидели немало стрелков-пехотинцев. Кизатов среди них узнал своего коллегу, товарища по оружию командира роты лейтенанта Андреева. И благодарили артиллеристов за успешное уничтожение вражеских огневых точек.

И кажется, преобразился древний Днепр. Если только вчера через позиции лейтенанта Ж. Кизатова переходили Днепр по 50-60 человек, то сегодня число форсировавших Днепр исчислялось сотнями, тысячами. Вчера Днепр был в руках неприятеля, а сегодня уже наш. Великая река Украины снова перешла в собственность родной земли.

Утром 30 сентября началось широкое наступление наших войск, причем по всем направлениям, используя все силы. Сначала самолеты сделали свое дело, затем заработали пушки и «катюши». Немцы, получили должный отпор, несмотря на ожесточенное сопротивление, как бы твердо не были настроены, и все же сникли, не смогли пойти на вылазки: один на один с советскими солдатами и офицерами. Наоборот, бежали, не смогли даже опомниться, на поле боя оставляя своих мертвыми и ранеными. Советские танки стремительно стали преследовать отступающих фашистов. Вслед за танками двинулись пехотинцы, а за ними, вперед двинулись артиллеристы. И среди них бойцы: Жалел Кизатов, Бондарев, Хомухо и Вялых... Война шла на запад, в Белоруссию.

15 января 1944 года был опубликован Указ Президиума Верховного Совета СССР. Этим Указом были награждены многие советские люди. И среди них вышло немало Героев Советского Союза. Это солдаты, младшие командиры, офицеры и генералы. И немало среди них бойцов, с которыми воевал лейтенант Ж. Кизатов: сержант Александров, старший лейтенант Гридин, командир 76-й Краснознаменной стрелковой дивизии, генерал-майор А.В.Кирсанов. Далее в списке, опубликованном в центральной газете «Правда» - лейтенант Жалел Кизатов.

Вот так воевал наш земляк из Сары-Арки, уроженец ковыльных степей и гор Кокшетау, Северо-Казахстанской области Жалел Кизатов. И наш народ никогда не забудет его ратный подвиг и мирный созидательный труд в послевоенные мирные годы.

Жизнь продолжается в детях и внуках. Дети Жалел-ага проживают в г. Кызылорде, Таразе, Шымкенте, Петропавловске, Астане.

Благодарные потомки не забыли о боевых заслугах Героя. Бюсты установлены в ауле «Аяк-кол», что в Кокшетауской, ныне Северо-Казахстанской области у гор Жалгызтау. В городе Кызылорде установили барельеф Ж. Кизатова, его имя носит одна из школ в областном центре.

//Кызылординские вести.-2009.-23 июня.-С.3.

## 2010

**Сарбас АҚТАЕВ**

## БАТЫРДЫҢ БАТЫР ТУРАЛЫ ДАСТАНЫ

**Бұрын екі қазақтың бірі ақын болған ғой. Әркім-ақ көңілдегі көкейкесті ойын ұйқаспен өріп, ырғақпен екшеп, өлеңмен беруге ұмтылған. Бірақ солардың бәрі де қағаз бетіне түспей, айтылғаны айтылған жерінде, шығарылғаны шығарған жерінде қалып, кейінгі ұрпаққа жетпеген. Жетсе, жібектің түйініндей өңбейтін де тозбайтын, жүректің лүпіліндей жан-жүйеңді қозғайтын ілуде біреуі ғана жетті. Сонау бір сұрапыл соғыс жылдары майдан даласынан ауылдарға ағылып келіп жататын үшбұрышты хаттардың да бәрі болмағанмен, тең жарымы өлеңмен жазылғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Алайда, солардың қайсын құнттап, қайсын жинап, қайсын сақтады дейсің, бұл бейқам қазақ: оқылғаны оқылған жерінде, жыртылғаны жыртылған жерінде шашылып, мыңнан бірі де қалмаған шығар.**

Айтыстың ақтаңгері Орынбайдың жырларымен тербеліп, сырлы сазды Ақан серінің әндерімен әлдиленген, дабыл үнді Үкілі Ыбырайдың тізесінде өскен кешегі Кеңес Одағының Батыры, қайсар қазақ Жәлел Қизатовтың да оқ пен оттың ортасында жүріп жекжат-жұраттарына, құрбы-құрдастарына жазған хаттарының біразы өлең болатын. Олар оның асып-тасқан ақындық өнерінен емес, жан сырын жырмен өрнектеуге әуес қазақы әлемінен туған-ды. Әйткенмен, достар арасында, дастарқан басында суырып салатын бірқақпай әзіл-қалжыңдары ғұмыр бойы қалған жоқ. Сонда да олардың бірін өлең-ау, өнер-ау деп құнттап, жинаған жан емес. Ал оның қанды көйлек қаһарман досы Ақан туралы деректі дастанының орны мүлдем бөлек. Алапат соғыстың алғашқы күндерінен-ақ алдыңғы шепте болып, қанды қырғын шайқастарға қатысып, Сталинград, Одесса, Керчь секілді қаһарман қалаларды қорғасып, Орел-Курск иініндегі шешуші ұрыстарда ерен ерлік көрсеткен Жәлел Қизатов Украина, Белоруссия, Польша жерлерінде болған шайқастарға қатыса жүріп, жалғыз-ақ қазақ жігітін кездестірген екен. Ол фашистер басып қалған қарт Днепрден өтіп, Тарас елін азат ету жолындағы қанды қасап жорықтарда ұшырасқан жан досы, атбасарлық Ақан Құрманов еді. Басқа құрамадан бұлардың атқыштар полкіне екі-үш қазақ жігітін ертіп келген Ақан Жәлелге жақсы болды. Үш жыл бойы соғыс соқпақтарында салпақтап, бір қандасын көрмей, ана тілін тосырқай бастағанда қазақша жан-жүрегінің қалтарыс-қуысын ақтарып, мәре-сәре болып қалды. Оның үстіне Арқаның сал-серілерінің асқақ әндерін нәшіне келтіріп шырқайтын әнші жігіттен көптен естімеген атамекен әуендеріне құлақ құрышын қандырып, көңіл шөлін басты. Ақан сері мінезді әнші ғана емес, жаужүрек батыр да екен. «Темірдей тоғыз» атанған оның басқаруындағы взвод талай шепті бұзып, жаудың басына қара бұлт төндіріп, өз жауынгерлерімен ұдайы жол ашып отырды. Бір жолы Жәлел жанында екі барлаушысы бар Чернигов облысының Мыси селосына арнаулы тапсырмамен келеді. Бір украин шалының қайығын алып, қыркүйектің қараңғы түнін жамылып Днепрдің екінші жағына шығады. Тың тыңдаса, құлаққа таныс орыс үні келеді. Дыбыс шыққан жаққа ентелеп еңбектей кеп траншеяға түсе қалса, Ақан бастаған темірдей тоғызға тап келеді. Олар әлгінде ғана фашистерді бас сауғалап жатқан жерінен қуып шығып, өлгенін өлтіріп, қашқанын жаралап, жүз елу метрдей траншеяны окобымен бірге басып алыпты.

– Армысың, «генерал»! – дейді қуанып кеткен Жәлел. – Менің міндетім бүгін генералдан да ауыр болды-ау деймін, бауырым. Жаңа ғана біраз жаудың жанын жаһаннамға жіберіп, арқаны бір босаттық. Біздің жақтың үскірік боранынан бетер мынау төпелеген қара жауында дұшпан қауіп күтпесе керек, аңдаусызда өлтіре соқтық өздерін. Алайда, қанша қара күшке сенгенмен қарусыз болмайды. Қару дегеннен бір пулемет, бір танк, жеті автомат қана бар. Оқ таусылуға жақын, - деді Жәлел командованиемен хабарласып. Жәлел окопқа жайғаса

салып, дереу рациямен батарея, дивизион командирлеріне байланысқа шығып, жағдайды түгел баяндап, таңға таяу дұшпанның шабуылға шығатынын, олардың бетін бірден қайтарып, тойтарып тастау үшін дивизион зеңбіректерінің қолдауы қажеттігін мәлімдеді. Айтқандай-ақ, таң ағара бірнеше танкімен, соңында ербеңдеген жүзге тарта жаяу әскері бар фашистер шабуылға шықты. Бұлар «Өлі бас» аталатын жанкешті «СС» жендеттері екен. Катюшалар ойнап, зеңбіректер зіркілдей жөнелгенде, бәрі тым-тырақай болды. Осылай апаттың алдын алмағанда, жағдайдың не болары белгісіз еді. Жау шегінді. Шегіне беріп, шабуылға қайта кірісті. Бұл жолы олар айқасты бұлардың бағытын атқылаудан бастады. «Темірдей тоғыздың» екеуі оққа ұшты. Ақан да сол қолынан жарақат алды. Айқас енді қоян-қолтыққа ұласып, ол жалғыз қолмен алысып жүріп, екі дұшпанды жер жастандырды. Шыбын жанын шүберекке түйіп, қасықтай қаны қалғанша айқасқан біздің батырлар бұл шабуылды да тойтарды. Тағы да қай тұстан тап берер дұшпан барын барлау үшін Жәлел жақынырақ жерде тұрған маяға қарай тартты. Шөп әжептәуір биік үйілген екен, төбесіне шығу оңай емес. Сәтін салғанда көзіне анадай жерде жатқан терек түсті. Соны әкеліп маяға сүйеп, басынан өзіне орын әзірлеп, дүрбімен жан-жағына көз тастады. Бір тұстан жаудың пулемет ұясы көрінді, ойпаңдау бір жерде зеңбіректер батареясы көзге шалынады. Гомель жақтан топталған мәшинелер мен зеңбіректер, топырлаған жаяу әскерлер қаптап келеді. Табанда бәрін картаға түсіріп, координатын анықтап, дивизион командиріне хабарлап, өз орнына оралды. Оралғаны не керек, өз көзіне өзі сенбей дал болды. Қарсы алдында қанға батып Ақан досы жатыр. Тұла бойында бір сау жері жоқ. Тап жанынан түскен жау снаряды сабазға ажал болып тиген екен. Ол қанжоса досын құшақтай алып, еңіреп тұрып жылады. Оқ пен оттың ортасында тас болып қатқан көкірегі елжіреп, көзінен жас бұршақтап ақты. Амал нешік, бұл соғыс небір өндірлерді қыршынынан қиып, небір боздақтарды жалмамады дейсің. Күн де ұясына батып бара жатты, бұл да Ақанның аспанға қарап қалған ашу-ызаға толы көзін өз қолымен жапты. Ізінше уралаған жеңіс дабылы қағылды. Бұл берген координаттар бойынша жаудың жасырынған пулемет ұялары мен батареялары тас-талқан етіліп, біздің жауынгерлер алға ұмтылды. Алайда, олардың бұл ұлы сүреңінің арасында қыр ұланы, қайсар мерген Ақан Құрманов жоқ еді. 1944 жылғы 15 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен Днепрден өткенде көрсеткен ерен ерлігі үшін Ақан Құрмановқа қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Днепрден кескілескен ұрыспен өтіп, ата жаудың сағын сындырып ұлы Жеңіске жол ашқан көпұлтты кеңес жауынгерлерінің қисапсыз қаһармандығы биік бағаланып, ең жоғары атақ берілген сол жолғы жарлықта Ақанның қанды көйлек жолдасы әрі қандасы, батыр барлаушы Жәлел Қизатовтың да аты бар еді. Жеңіс туы желбіреп, елге оралысымен-ақ ол жан досы Ақанның туған жері ерке Есілдің бойындағы Қосбармақ ауылына барып, ағайын-туғандарына, жекжат-жұрағаттарына көңіл айтып, ауылдастарымен кездесіп, батыр жерлестерінің ерен ерлігін жырдай ғып баяндап берді. Сонда бір ақсақал тұрып: – Балам, Ақан жайында қара сөзбен жырдай ғып айтып бердің. Ал атаң қазақ ондай батырларының ерлігін өлеңмен өрнектеп, қисса ғып айтушы еді ғой. Өзің де сөз қонып, жыр ұялап, ән самғаған өңірдің жігіті екенсің. Оның үстіне, баламыздың көзін көріп, қолдан жерлеген жақын досы көрінесің. Сондықтан келесі жолы оның ерлігін жырға айналдырып, дастанмен оралуыңды өтінер едік, – деп үлкен аманат артқаны бар. Қанша жерден ақынжанды халықтың перзенті болғанымен, өлеңді өмірінің мәні деп білетін кәсіби ақын емес. Бұған қадірмен қарияның бұл тілегі ауыр соқты. Даңқты досының өшпес ерлігін естелік етіп, қара сөзбен баяндауға болар еді. Жетінші сыныпта оқып жүргенде бір әңгіме жазып, Жазушылар одағына жібергенде, сол кездегі көрнекті жазушы әрі ақын Қапан Сатыбалдиннен сәт-сапар тілеген хат алғаны бар-ды. Бірақ қаламын әрі қарай ұштамай, ауылшаруашылық техникумына түсіп, әдебиет ауылынан іргесін аулақ салған. Ал әлгі ақсақал болса, даңқты досының жау жаусатқан батырлығын баяғы Бөгенбай мен Қабанбайға ұқсатып жырмен баяндап, дастан ет деп аманат жүктеді. Аманат жүгі қашанда ауыр.

Әйткенмен, оны орындау парыз. Қазақта әу демейтін азамат жоқ деп білетін көпті көрген көнекөз қария аманат жүктегенде ойы ұстамды, тілі орамды жас батырдың тақа қара жаяу емес екенін сезген сияқты. Демек, «шын жыласа, соқыр көзден жас шығады» дегендей, қалам тербеп толғану керек. Сол ниетпен ол Отан үшін опат болған батыр досы туралы толғауының алғашқы шумақтарын қағазға түсірді. Ет қызуымен тәуекел теңізіне қайық салғанмен, жыр жазу инемен құдық қазғандай қиын өнер екеніне, ол сүмесіне ана сүтімен сіңген ақындықты талап ететініне көзі жетті. Оны және жырдан жасырмай: Білемін, борышым бар ақталмаған, Досымды қала алмадым сақтап жаудан. Тағы да ақын болмай армандамын, Ерлігін жырмен өріп айта алмаған, – деп те тебіренді. Не керек, осылай жүрекжарды ойларын оңашада қойын дәптеріне түсіріп, батыр дос туралы дастанның алғашқы тарауын тәмамдап, өзі көзімен көріп, қанды қасап майданына қолма-қол араласып, алапат ауыртпалығын мойнымен көтерген Днепр шайқасын жазуға кіріскен еді. Алайда, көңілдегі көрікті ойды өмірдегі күнделік күйбеңі билеп кетті. «Алтын Жұлдызды» жауынгер әскери академияның келесі кезегіне қалдырылып, партия жұмысына жіберілді. Сөйтіп, Жәлел Қизатов өзі туған Қызылжар маңындағы бір аупарткомның қатардағы хатшысы болып шыға келді. Әскери өмірмен қош айтысып, соғыстан күйреген халық шаруашылығын қалпына келтірудің қат-қабат қарбаласы бел шештірмейтін шаруасына басымен сүңгіді де кетті. Қандай жұмысты болсын жанын салып, жалындай жүріп атқаратын оны ұзамай ауатком төрағалығына жоғарылатып, үш-төрт жылдан соң аупарткомның бірінші хатшысы етті. Күрмеуі қиын күрделі мәселелерді жоғары жаққа жалтақтамай қолма-қол шешетін батыр басшысын жерлестері екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп те сайлады. Бірақ оның жалтақтығы жоқ батылдығы, жалпы жұртқа, жерлестеріне деген жанашырлығы кейін өзіне пәле болып жабысты. Жерді жөн-жосықсыз жырта беру қазақ халқын ата кәсібінен айырып, қыспаққа ұшыратады, тың игерушілерді тұс-тұстан топырлата беру жергілікті жұрттың қалыпты өмір ырғағын бұзады деп ашық айтты ол. Сол үшін барып тұрған ұлтшыл, партияның тың көтеру саясатына қарсы деген желеумен партиялық қызметтен шеттетіліп, шамалы ғана шаруашылық жұмысқа жіберілді. Түп ізіне түсіп қудалау үдей түскен соң, туған өңірден ірге көтеріп, Қызылордаға көшіп, есін Сыр бойында бір-ақ жиды. Сондай алас-күлес, қуғын-сүргіннің тұсында баяғы батыр досы жайындағы жазбасы жайына қалды, дастан тұрсын бас қайғы болып кетті. Аударыс-төңкеріссіз отыра алмайтын Хрущев тақтан тайдырылған соң тірлік қалыпты арнасына қайта түсіп, бейкүнә қудаланғандарға көңіл бөлініп, қамқорлық қанаты астына алынғанда жазықсыз жапа шеккен Жәлел Қизатовқа да сенім көрсетіліп, облыстық білдей бір басқарманың тізгіні тапсырылды. Қыран мінезді батыр дүр сілкініп, күрішті өңірдегі дайындау саласын шырқ үйірді. Басқарма жұмысын бір жолға салып, көптің құрметіне қайта бөленіп, көңілі жайланған сол бір жазда жан-жары Шәмшібануды алып, «Оқжетпес» шипажа-йында демалғалы машинамен Көкшеге тартты. Курортқа келген алғашқы күндердің бірінде Күміскөлді жағалай серуендеп, Көкшенің Кенесары бастаған батыр-бағландарын, Сәкендей сал-серілерін еске түсіріп келе жатқанда, бір шоқ талдың тасасынан жап-жас Ақан шыға келгендей болды. Кәдімгі Днепрден өтерде жаужүрек жасағымен қарсыдағы қас дұшпанның шебін бұзып, армияға жол ашып, опат болған батыр досы. «Ақан, апырай, Ақан, жарақаттанып аман қалғансың ба, досым?» деп ұмтыла бергенде, әлгі елес ізім-қайым жоқ болды. Түстен кейін тынығып алайын деп қисайған еді, мызғып кетсе керек, әлгі елес көз алдына қайта оралды. «Бауырым, Ақан, бармысың, тірімісің өзің, неге тіл қатпайсың?» деп құшағын жая ұмтылғанда, есік сықыр етіп оянып кетті. Немересін жетектеп кіре берген Шәмшібануға: – Шақыр анау шоферді. Ақанның аруағы маза берер емес. Ауылының дәл түбіне келіп, ағайын-туғандарымен сәлемдеспей жатқанымыз жөн болмас, – деді. – Күн екіндіге ауып қалды. Ертең ерте шығайық. Ай-түй жоқ, ауылына жетіп барғанымызды жұрт қалай түсінеді? Әуелі аудан орталығы – Атбасарға барайық. Мән-жайды біліп алып барған дұрыс болар ауылына, – деп ақыл қосты. Ертеңіне оларды Атбасарда ауданның бірінші

басшысы, ақынжанды, жан-жақты білімді, арғы-бергі тарихты жете білетін, аңшылық жайында әңгімелері жиі жарияланатын білікті маман Қасым Тәукеновтің өзі қарсы алып, батырдың кіндік қаны тамған туған ауылы – Қосбармаққа бастап барды. Алдымен Ақанның туған ағасы Сәметтің үйіне атбасын тіреп, қадірлі қонақтар сәлем беріп, елім деп еңіреген ерді еске түсіріп, өзі өлгенмен ісі өлмеген, ізі өшпеген батыр ел жүрегінде мәңгі жасайтынын медет қып, жиналған ағайын-туғандарын жұбатты. Кешкісін клубта кездесу өтіп, жиналған кәрі-жас кезек-кезек сөйлеп, даңғайыр жерлесінің балалық, жастық шақтарынан сыр шертіп, зымыран заманына қарай ерте есейген азаматтың қабілет-қарымының сан қырын аша түсті. Бақса, оны өз ауылы ғана емес, дүйім аудан мақтан тұтып, абзал есімін ардақтап төбеге көтереді екен. Толарсақтан қан кеше жүріп, талай жауды бірге жайпасқан Жәлел де үш рет ауыр жараланса да саптан шықпай, Отан алдындағы перзенттік парызын ақтық қаны қалғанша ақтап, каруластарына жеңіс жолын ашып берген жан досы туралы шешіле, көсіле сөйледі. Қол пулеметімен-ақ ажал шашқан талай тажал танктерді оққа орап, автоматпен-ақ жүздеген дұшпанның жанын жаһаннамға жібергенін көзімен көргенін айтты. Өзі опат болғанмен, рухы аспан шарлап кеткен досын ұмытпай ұдайы есте ұстап, қастер тұтып, алыстан арнайы іздеп келген батырға жиналған жұрт мың да бір алғысын жаудырды. «Қосбармақ – жан досымның туған жері, Кіндік кесіп, кірін де жуған жері. Қырында тай үйретіп, қоян қағып, Көл айналып көбелек қуған жері, – деген жыр жолдары жүрегіне сонда ұялап, жауынгер жолдасының елдестері мен жерлестеріне дән риза болып, сол сапардан ойы шарықтап, қиялы қанаттанып, мәртебеленіп қайтты. Шипажайға оралысымен Ақан жайында әр жылдары жазғандарын бір арнаға түсіріп, біразын өңдеп, әрлеп, жаңа тараулар қосып қайта жазып, оншақты күннің ішінде он жыл ойланып, ертелі-кеш толғатқан «Ақан батыр» дастанын дүниеге әкелді. Әдеби талап тұрғысынан мұны толыққанды көркем туынды деуге келмес. Бейнелеуінен баяндауы басым, әрлеуінен әңгімесі басым бұл дастанды өлеңмен жазылған очерк десе де болар. Өлеңді кәсіп қып ұдайы жазып жүрмеген кәнігі ақын болмағандықтан, оның осал шумақтары мен олақ ұйқастары да кездесіп қалады. Дегенмен, автор аппақ қардай кіршіксіз көңілін жайып салып, досына деген адал сезімін, алғаусыз сырын шама-шарқынша толық жеткізуге тырысады. Асылы, Жәлел Қизатов – досқа адал, достыққа берік болған кісі. Кейін ол Украинаға әдейі іздеп барып, Днепрдің сол жаға-лауындағы Мыси селосында қарулас досы Ақанға орнатылған ескерткішке тағзым етіп, дұға бағыштады. Құлпытасқа: «Бұл жерде қазақ халқының қаһарман ұлы, Кеңес Одағының Батыры Ақан Құрманов жерленген» деп жазылыпты. Дастанды түйіндер тұстағы: Болды ақын Көкшетаудың қыранындай, Жырымның сарқылмайтын бұлағындай. Бейнесі, жігері астам өзгелерден Алдымда елес болып тұрар ұдай», – деген шумақ дәл сол зиярат еткен тұста туған сияқты. Ал ерліктің елесі ешқашан өшпейді. Батырдың батыр туралы дастандарының түйіні осы болса керек.

//Ақиқат.- 2010.- №6.- Б.48-51.

**Бүркітбай АЯҒАН,**
тарих ғылымдарының докторы, профессор

## СОҒЫС СЫНАҒЫ

***Зымыраған уақыт... Әне  - міне дегенше Жеңістің 65 жылдығы да тойланды. Зұлматты жылдар мен соғыс тауқыметі туралы аз айтылған жоқ. Бірақ... бірақ бізді фашизмнен қорғап, өзінің жанын аямаған, жер бетін «қара обадай» жайлап, үстемдік еткісі келгендердің арам пиғылын іске асыртпаған абзал азаматтардың ерліктері жөнінде бәрін айтып, барлық лайықты құрмет пен қошеметті көрсете алдық па деген***

***ой жиі мазалайды. Біз әлемде бейбітшілік орнату үшін қасық қаны қалғанша аянбай күрескендерді үнемі ұмытпауымыз керек. Р.Рождественскийдің «Реквиеміндегі» «Әрбірінің есімі жадымызда. Қайғырумен еске аламыз оларды. Бұл өлілер үшін емес, тірілер үшін керек» деген сөзі бізге, біздің ұрпағымызға айтылған сөз.***

Мен кәсіби тарихшы ретінде Ұлы Отан соғысына қатысты тың мәліметтер мен деректерге жиі мән беремін. Бүгінгі күні көп оқиғаны өзге қырынан танудамыз. Мысалы, сұрапыл соғыста қаза болғандардың саны, соғысқа қатысқандардың кейінгі тағдырлары жөнінде, қарапайым тыл еңбеккерлерінің ауыр жұмысы мен соғыстан кейін әскер атына лайықты еңбек еткендер жөнінде жаңа, тың мәліметтер жетерлік.

Біз бүгін солардың бірі туралы, соғыстың барлық 1418 күнінде майдан даласында қан кешкен, Кеңестер Одағының Батыры атағымен елге оралған қарапайым қазақ баласы туралы әңгіме етпекпіз.

Жәлел Қизатов Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданына қарасты шағын Қарағай ауылында дүниеге келген. 1940 жылдың ақпан айында Қызыл әскер қатарына шақырылып, Черномор маңындағы бөлімшеде әскери борышын өтеген. Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылдың 22 маусымында қатардағы жауынгер Жәлел Қизатовтың қызмет атқарып жатқан әскери бөлімі Одессаға жөнелтіледі де, кейіннен Қырымды қорғауға жіберіледі.

Майданда бәрі де жауға қарсы соғысады. Бірақ барлаушылар артиллериясына ең батыл, сауатты да сенімділерді іріктейді. Барлаушылар саперлар сияқты бір рет қана қателеседі. Өзінің қызмет түріне қарай артиллерияның барлаушылар ротасы барлық уақытта жаумен бетпе-бет келіп, үнемі шабуылдың өтінде жүреді. Олар жау тылында жүріп, өз командирлеріне құнды мәліметтер жеткізіп отырған.

Майдангерлердің есінде сұрапыл соғыстың сұмдықтары өмір бойы сақталған. Кейінірек Жәлел Қизатов: «Таң атар-атпастан түнеріп, зулаған оқтар окоп маңындағы төбешіктердің сазды жерлерін астан-кестен етіп, траншеяларды үйінділермен толтырып тастады. Мұндай сәттерде басыңды көтеру де мүмкін емес», деп еске алады.

Қай жерде қанша уақыт соғысса да Қазақстан жауынгерлерінің басқыншыларға деген жиркенішті сезімі сейілген емес. «Кескілескен соғыстан соң шұңқырдан шығып, жан - жағына көз салған жауынгердің көргені жұлынған қолдар мен аяқтар, денесінен ажыраған бас... Күл-паршасы шыққан адам мүрдесіне қарау мүмкін емес, сұмдық. Әр жерден дәрменсіз ыңырсыған, жаны қиналған жаралылар мен өлім аузында арпалысып жатқан азаматтар... Осы кең далада менен басқа тірі адам қалмағандай...Қорқынышты оймен өлі денелер арасынан амалсыз жылжи отыра шынымен де ақырзаман келгені ме деген қорқынышты ой тұла - бойымды түршіктіре түсті»,- деп еске алады ол өзінің естеліктерінде.

Соғыс кеңес халқы үшін тек сұмдық сынақ қана емес, ол өте ұзаққа созылғандай болды. Қырымдағы соғыстан соң Ж.Қизатов қызмет еткен бөлім Сталинград маңына жөнелтілді. Волга бекінісіндегі майдан кезінде жас солдат лейтенант шенін алды.

Осы мақаланы дайындау барысында мен майданның қарсы жағындағы соғысқан генералдар мен неміс солдаттарының еңбектерін қарап шықтым. Гитлер әскерінің талантты полк басшыларының бірі неміс генералы Гудериан Сталинград шайқасының ақыры жайлы былай деп жазыпты: «Бұл ұлттық апатқа әкелген ауыр шығындар, бүкіл әскердің бұрын – соңды болып көрмеген жеңілісі, тас- талқан болған 6 армияның екі жақ қанаты бойынша өз учаскелерін ұстап тұруға қабілетсіздік көрсеткен біздің одақтастарымыз (бұл жерде румындар мен италяндықтар туралы айтып отыр – авт.) ұшыраған аяусыз талқандалу – осының бәрі ауыр дағдарысқа әкеліп соқтырды. (Гейнц Гудериан. Воспоминания немецкого генерала. 1939-1945жж. М.2010,314-315б.)

Украин халқының қаһарман ұлы, кіші лейтенант Дорошенконы, армян Григорий Мазманьянды, орыс Михаил Макаровты, татар Фатих Мухаммедовты, грузин Мотошвилиді,

полк комиссары, еврей Михаил Уманскийді қалай батыр демессің?! Ал Шевченко, Ханенко, Вялыхтар ше – бәрін айтып шығу мүмкін бе? Жәлел Қизатов оларды еш уақытта есінен шығарған емес, өзінің майдандас бауырларының қымбатты есімдерін, ерліктерін өмірінің соңына дейін қайталаумен болды, естеліктер жазды. Лейтенант Жәлел Қизатов соғысты Берлинде аяқтады.

Оның өмірбаянындағы мына жайт өте қызықты. Жәлел Қизатовқа Батыр атағы берілгеннен кейін ерен ерлігі үшін әскери басшымен демалыс береді. Кеудесі қуанышқа толы ол өзінің туған ауылы Қарағайға жол тартады. Петропавлға дейінгі барлық жолында оған таныстары да, таныс емес адамдар да шын жүректен құрмет көрсетеді. Бұған жас жігіт қатты қысылады. Ол Батыр атағын иемденгеніне қуанғанымен мастанбады, салтанатты айқай – шуларды, даңғойға толы марапаттауларды жақтырмайтын. Сондықтан да өзінің келе жатқанын өкімет басындағыларға айтуды да артық санаған. Пойыздан түскен соң Петропавл вокзалындағы буфетке кіреді. Қарсы алдында түстеніп отырған қарапайым киінген бір әйел адам жақындап келіп, кім екенін сұрайды. Шамасы ол гимнастеркадағы Батыр жұлдызын байқаған болуы керек. Жас офицер: «Танысқыңыз келе ме, әлде қалыңдығым боласыз ба?» деп әзілдей жауап береді. Офицердің толық аты-жөнін білген бойда облыстық партия комитетіне буфетте омырауында Батыр жұлдызы бар жас офицер отырғандығын хабарлайды. Келіп жеткен обком қызметкерлері оның өз жерлестері Жәлел Қизатов екенін анықтап, обкомда кездесу ұйымдастырады. Жәлел болса өзі қатты сағынған туған үйіне, туған ауылы Қарағайға асығулы еді. Сол кезде ол небәрі 24 жаста ғана еді.

Соғыс біткен соң Жәлел Қизатов оқыды, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында жауапты қызметтер атқарды. Жұбайымен екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді. Қызылорда облысы атынан республика Парламентіне депутат бола жүріп, ол адамдар үшін көп пайдалы істер атқарды, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді үлес қосты.

Батырдың қызы Гуля Жәлелқызы «әкем өмір бойы өзінің әскери өмірін еске алып, жауынгер достарын үнемі айтып отыратын еді» дейді. Өзінің мемуарларында Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысқан 6 армияның жанталасын өз көзімен көрген жас офицер Виганд Вюстер: «Қалаға батыстан азаптан әбден қажыған жаяу әскерлер келе бастады. Олардың арасында жаралылар өте көп болды және көпшілігі суыққа үсіп кеткендер еді... Беттері ішке кіріп кеткен, киімдері лас және биттері құжынаған ақсақ солдаттар қала ішінде сылти басады... Армияның ыдырауы алыс емес еді», деп жазады.

Ж. Қизатовтың: «Ол күндері біздің артиллериялық полк Сталинградтың оңтүстік батысында Паулюстің әлсіреген бөлімдерімен шайқасып жатқан» деген естелігі соған дәлел. Жас офицер 6 армияның талқандалуына тікелей қатысқан, шайқастың бел ортасында болған жан. Немістерге сталинградтық топтардың күйрете соққы бергенінен соң соғыста шұғыл өзгерістер болды. Кеңес әскері шабуыл операцияларына көшті.

1943 жылы қазақ солдаты Орлов – Курск доғасында соғысты. Украинаны басқыншылардан азат етуге қатысты. Кеңес әскерлерінің Жеңісін бағалай келе Маршал Г.К.Жуков өзінің: «Естеліктері мен ойларында» (3-т, 73б.): «Курск доғасындағы жеңісті қамтамасыз еткен шешуші факторлардың бірі біздің әскерлеріміздің жеке құрамының өте жоғары саяси-моральдық жағдайы» деп жазды.

1944 жылы Қизатов украин халқын фашистерден азат етуге арналған қиян-кескі ұрыс даласында жүрген. Днепрді қаһармандықпен алуға қатысқан. Ол алғашқылардың бірі болып қаусап тұрған қайықшамен Днепрден өтіп, жағалауға бекінді, сол жерден біздің артиллерияның атысын дәлдеп түзетіп отырды. Неміс танкілері тура шабуылға шыққан кезде Ж.Қизатов еш сескенген жоқ, жауынгерге тән батылдықпен олармен бетпе-бет келді, сөйтіп брондалған бір алыптың көзін жойды. Ең бастысы – Днепрден өткен кеңес әскерлері бекінетін плацдарм алынды.

Бір қызығы, Қизатовтың өзі өзінің ерліктері жөнінде өте аз және қарапайым түрде айтқан. Кеңестер Одағының Батыры атағы берілгенін Қарағайдан шыққан батыр госпитальда жатқанда естіген.

Емделіп шыққаннан кейін ол Белоруссияны гитлер басқыншыларынан азат етуге қатысқан.

Оның естеліктері мен кітаптарында Отанды қорғауға қатысқан көптеген халық өкілдерінің риясыз ерліктері туралы тақырып кеңінен қамтылған.

Кеңестер Одағының Батыры Жәлел Қизатов 1999 жылы қайтыс болды. Қызылордада жерленді. Сіз оқып отырған мақаланы мен де оның «Соғыс сынағы» атты естелік кітабының атымен бердім. Нағыз адамды, соғыста Отаны үшін өз жанын аямаған жандардың ерліктерін, қазіргі тірілер, яғни біздер ақ ниетпен еске алсақ, ұрпағымызға ұғындырсақ деген ізгі ой ғана бар.

//Сыр бойы. - 2 желтоқсан.-2010.- Б.3

**Ыдырыс ҚАЛИЕВ**
қоғам қайраткері

## БАТЫР ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданында дүниеге келген. Соғысқа дейін ол Петропавл мұғалімдер институтын бітіріп, мектепте қызмет еткен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Одесса, Керчь, Сталинградты қорғауға, Украина, Белоруссия, Польшаны азат етуге қатысқан. 1944 жылы Днепр өзенінен өту ушін болған шайқаста көрсеткен ерлігіне орай ол Кеңес Одағының Батыры атанды.

1968 жылдан бастап Ж.Қизатовтың өмірі Сыр бойымен тікелей байланысты болып, өмірінің соңына дейін бірнеше қызметтер атқарып, облысымыздың өсіп-өркендеуіне өрнекті үлес қосты.

Қызылорда қаласында бір көше, бір мектеп Жәлел Қизатов есімімен аталады. Біз бүгін батырдың 90 жылдығына орай онымен қарапайым өмір қарым- қатынасында болған кісілердің естеліктерін жариялап отырмыз.

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов шын мәнінде екі майданның ері болатын. Соғыстан жеңіспен оралған жауынгер бейбіт еңбекке араласып, бүкіл саналы ғұмырын ауыл шаруашылығымен байланыстырды. Тың өлкесінде кеңшар директоры, ауыл шаруашылығы басқармасында, басқа да жауапты қызметтерде басшылық жасаған ол бізге дейін мол тәжірибе жинақтап келген еді.

Облыстық астық өнімдерін тарату басқармасының бастығы болып ұзақ жыл жемісті қызмет атқарды. Батыр бұл мекеменің қапыптасуына, өсіп-өркендеуіне үлкен еңбек сіңірді. Ең алдымен біздің күріштің бағасы төмен болатын бағалы дақылдың болашағын ойлап, министрліктерді жағалап жүріп, күріш бағасын екі есеге дейін өсірді. Ауыл шаруашылығы саласын жеммен қамтамасыз ету күрделі мәселе еді. Жәлел Қизатов осы шаруаға көп көңіл бөлді. Облыстық атқару комитетінің төрағасы ретінде екеуміздің қолымызбен ұсыныс Одаққа жіберілді. Сөйтіп, министрліктен элеваторда өндірілген жем Қызылорданың өзінде қалдырылсын деген рұқсат қағаз алдық. Бұл облыс шаруашылықтары үшін үлкен көмек болды. Түйінді мәселені шешуде Жәкеңнің іскерлігі мен беделі ықпал жасады.

Сапаның өркендеуіне батыр ағамыздың қосқан үлесі зор. Ол Жалағашта элеватор құрылысын салуда аянбай еңбек етті. Мұндай құрылысты Қазалыда салмақ болып қолға

алған еді. Сонымен бірге саланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына да көп көңіл бөлді. Сол жылдары «Шұғыла» шағын ауданына мекеменің тұрғын үй құрылыстарын салып жұмысшыларды баспанамен қамтамасыз етуде іскерлік көрсетті. Көпшіліктен ерекшеленуді ұнатпайтын Жәкең сол өздері салған үйде пәтерде де тұрды.

Еңбек демалысына шыққаннан кейін де Жәлел Қизатов қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Әсіресе, Арал проблемасы туралы жиындарда ел тағдырын, экологиялық мәселелерді терең де байыпты қозғап жүрді. Жалпы батыр туған халқының аяулы перзенті еді.

// Сыр бойы.- 2010.- 21 желтоқсан.- 2б.

**Дүйсенбек БЕРКІНБАЕВ**

## ДНЕПРДЕН ӨТУ

Днепр үшін шайқас. Украинаны азат ету – Ұлы Отан соғысындағы аса үлкен кезеңнің бірінен саналады. Неміс-фашист әскерлерінің Мәскеу түбінде, Сталинград, Курск шайқастарында ойсырай жеңілуі Қызыл армияның барлық майданда шабуыл бастауына қолайлы жағдай туғызды. Жоғарыда аталған ірі операциялардың сәтті өтуінің арқасында Кеңестер Одағы стратегиялық басымдықты иеленді. Қызыл Армияның келесі соққысы оңтүстік-батыс бағытта өрбуі керек болды. Ондағы мақсат оңтүстік-батыстағы неміс әскерін талқандап, Донбасты, сол жағалау аймағын азат ете отырып, Днепр өзеніне шығу еді. Курскіден кейін Гитлер штабы – Вермахттың шешуші жеңістен күдер үзгені рас. Десе де, олардың кейбір шабуылдары нәтижелі болып жатқанмен, стратегиялық жеңістің ауылы алыстап бара жатты.

Сталин жау қолында қалған территорияларды тезірек азат етуге ұмтылды. Оның ішінде ең маңыздысы Украинаның өндірісті аймақтары болатын. Ондағы көмір мен басқа да қазба байлықтар кеңестік мемлекеттік қорғаныс саласын нығайту үшін өте қажет еді.

Армияның шабуылды бастауы үшін бес майдан – Орталық, Воронеж, Дала, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік майдандары тартылды. Олардың қатарына сондай-ақ алысқа ұшатын авиация күштері, Азов әскери флоты, әуе шабуылына қарсы күштер және жау тылындағы партизан құрамалары кірді. Бұларға қарсы германиялық «Оңтүстік» және «Орталық» армия тобы тұрды. Бұл екі армия тобында 1 млн. 240 мың адам, 12600 зеңбірек пен миномет, 2100 танк пен өздігінен жүретін қондырғы, 2100 ұшақ болды. Ал оларға қарсы кеңестік 5 майдан құрамында 2 млн. 633 мың жауынгер, 51200-ден астам зеңбірек пен миномет, 2400-ден астам танк және 2850 ұшақ бар еді.

Орталық Воронеж және Дала майдандарының алдына сол жақ жағалауды азат ете отырып, Днепрге шығу мақсаты қойылды. Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік майдандары үшін Донбас аумағындағы гитлершіл күштерді талқандап, Днепрдің төменгі ағысына шығу мақсаты көзделді.

1943 жылдың тамызында Гитлер Кеңес армиясының шабуылын тоқтата алмайтынын түсінді. Неміс ставкасы 11 тамызда Днепр бойында «Шығыс қабырға» деп аталатын қорғаныс жүйелерін жасауға бұйрық берді. Ол бұйрық бірден іске асырыла басталды. Қорғаныс жүйелері Днепрдің бүкіл жағалауында жасалды. Алайда қысқа мерзімде сенімді қорғаныс шептерін жасап үлгіру үміті көп емес-ті. Қорғаныстың ең мықты деген тұстары Кеңес армиясының негізгі шабуылдайтын тұстары деп күтілген аймақтарда жасалды. Олар Кременчуг, Никополь және Запорожье болатын.

24 тамызда кеңестік дивизиялар Смоленскіден Азов теңізіне дейін созылған жалпы ұзындығы 1400 шақырым болатын майдан шебінде шабуыл бастады.

Кеңестік қарулы күштердің адам және техника саны жөнінен басымдыққа ие болғанымен шабуыл оңайға түскен жоқ. Немістердің қарсылығы өте қатты болды. Әрбір қала, тіпті, әрбір деревня үшін қиян – кескі ұрыстар жүргізілді. Вермахт кеңестік армия жолын бөгеу үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырды. Неміс әскерлерінің негізгі күштері қаланы немесе биіктікті тастап шыққанымен Қызыл әскер дивизияларының жолын бөгеуге гарнизондарын қалдырып отырды. Үш апта өткеннен кейін, кеңестік қарулы күштердің қатары селдіресе де, Вермахт ашық далалы жерде оларды тоқтата алмайтынын сезді. Германдық белгілі қолбасшылардың бірі Манштейн қарсы шабуылдарды тойтару үшін жаңадан 12 дивизия сұрады. Әйтсе де, немістердің күші сарқылып қалғандай еді. Көп жылдардан кейін Манштейн өз мемуарында «Қолымызда бар күшпен Донбасты ұстап қала алмайтынымызды түсіндік» деп жазған болатын.

Днепр үшін шайқастың бірінші кезеңінде Воронеж майданының негізгі күштері Полтава - Кременчуг бағытында, Дала майданының дивизиялары Краснодар-Верхноднепровск бағытына шабуыл жасады. Ал Донбасс бассейні үшін соғыста Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік майдандары Курск шайқасының аяғында-ақ бастаған болатын. Алғаш шабуылға шыққан Орталық майданның күштері қатарында генерал И.Черняховский басқарған 60-шы армия жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, Севск қаласы маңындағы қорғаныс шебін бұзып өтті. Бұл табысты үдете түсу үшін майдан қолбасшысы генерал К.Рокоссовский бірден осы учаскеге негізгі күштерді жұмылдырды. Бұл үлкен стратегиялық ұтысқа айналды. 31 тамызда Орталық майданның әскерлері қорғаныс шебінің 100 шақырымдай аумағын бұзып, 60 шақырымдай ішкері ілгерілей алды. Қыркүйектің басында Қызыл армияның шабуылы бүкіл сол жағалау бойынша ұласып, герман басшылығын резерв күштерімен қандай да бір маневрлар жасау мүмкіндігінен айырды. Осындай жағдайда олар өз күштерін Днепрдің оң жақ жағалауына алып шыға бастады. Шегінген жауды қуалаған алғы шептегі кеңес әскери бөлімдері Лоев пен Запорожье аралығындағы 750 шақырымға созылып жатқан Днепр өзеніне жетіп, бірден арғы бетке шығу әрекеттерін жасады. Осы аймақта кеңестік жауынгерлер қыркүйек айының аяғына таман оң жағалаудағы 20 плацдармаға ие болған еді. Міне, сондықтан герман басшылығының сол жақ жағалау қорғаныс шебін ұзақ ұстап тұрамыз деген жоспары іске аспай қалды. Днепр өзені үшін шайқастың бірінші кезеңі осылай аяқталған болатын. Осы жерде герман әскерлері шегініп бара жатып, алдын ала жоспарлауларына сәйкес қалалар мен селоларды барынша бүлдіріп, өндіріс орындарын, вокзалдарды, көпірлерді, жолдарды қиратып, бүліншілікке ұшыратып отырғанын айта кету керек. Онымен қоса, егінді өртеп, мал - мүлікті, тіпті адамдарды айдап алып кетіп отырды.

Днепр – Еуропа құрлығындағы үлкендігі жөнінен Волга мен Дунайдан кейінгі өзен. Оның төменгі ағыстарындағы енінің қашықтығы 3 шақырымдай болады. Бұл өзеннің оң жақ жағалауы сол жағымен салыстырғанда биік болып келеді. Әлбетте, мұның өзі шабуылдаушы жақ үшін қосымша қиындық тудыратыны белгілі. Оның үстіне бұл бетте неміс армиясының түрлі қорғаныс құрылғылары жасалды. Германия дәл осы жерде Кеңестер Одағы Қарулы күштерінің шабуыл қарқынын тоқтатуға ниеттенді. Немістердің әскери басшылары бұған қатты үміттенді. Гитлердің өз қолбасшыларымен болған кезекті жиынының бірінде «Орыстар Днепрден өтсе, ол теріс ағатын шығар» деп мәлімдегені тарихтан белгілі. Вермахтың офицерлері мен солдаттарына «Днепрден шегінгендер атылады» деген бұйрық та болды.

Днепр шайқасының екінші кезеңі 1943 жылдың 22 қыркүйегінде басталды. Осы күні ең бірінші болып орталық майданның генералы Н.Пухов басқарған 13-ші армия жауынгерлері өзеннен өтуге кірісті. Киевтен солтүстік бағыттағы Днепрге Припять өзені құяр тұстағы Мнево учаскесінде атқыштар бөлімдері қарсы жағалаудан жаудың жаудырған оғына қарамай, өзеннен өтуді бастады. Бөренелерден, бөшкелерден жасалған салдарды,

балықшылар қайықтарын пайдаланған олар арғы бетке жетіп, шеп құрды. Олардың соңын ала полктің танкіге қарсы артиллериясы мен миномет бөлімдері өтті. Шабуылға шығушыларды сол жақ жағалаудағы артиллерия дивизиондары жауға қарсы оқ атып, қолдап тұрды. Сол күні кешке дейін жауынгерлер оң жақ жағалауда ені 25 шақырым, ішке қарай 10 шақырымға дейін аумақты жаудан тазартып үлгірді. Оларға партизандар да көмектесті. Келесі күні қызыл әскерлер тағы да 25 шақырымдай ілгері жылжыды. Жау жағы біздің әскерлерді кейін қайтарып тастау үшін бұл бағытқа 4 танк дивизиясын тартқан болатын. Бірақ олардың бұл әрекетінен ештеңе шықпады, шегінуін жалғастыра берді. 22 – 30 қыркүйек аралығында Днепрдің оң жағалауына тағы да 12 армия өтіп, 22 плацдармды басып алды. Оларға қоса Припять өзенінің оң жағалауындағы 2 плацдарм кеңестік жауынгерлердің қолына өтті. Қиян-кескі ұрыстар барысында бұл плацдармдар жау қолына қайта өткен жоқ, керісінше, олардың аумақтары кеңейтілді.

1943 жылдың қазан айында шабуыл бағытын көрсету мақсатында Ставка майдандардың атауын өзгертті. Орталық, Воронеж, Дала, Оңтүстік-батыс, Батыс майдандары 1-ші Беларусь, 1-ші Украин, 2-ші Украин, 3-ші Украин және 4-ші Украин майдандары болып атала бастады. Оларды кеңестік даңқты қолбасшы – генералдар К.Рокоссовский, И.Ватутин, И.Конев, Р.Малиновский және Ф.Толбухин басқарды.

Осы жерде сәл шегініс жасап, 1943 жылғы 24 қыркүйекте басталған Днепр әуе-десанты операциясы жайлы өкінішпен айтуға тура келеді. Оң жағалаудағы қарсылықты азайту мақсатын көздеп, кеңес әскери басшылығы парашют десантын түсіруді бастаған еді. Оларға негізгі күштер келгенше плацдармдарды басып алып, ұстап тұруы керек болатын. Алайда, бұл операция сәтсіздікке ұшырады. Ұшқыштардың жергілікті жерді дұрыс білмеуінен десанттың алғашқы толқыны өзіміздің әскерлердің позицияларына, тіпті, Днепр өзеніне түсіп жатты. Ал 5 мың адамнан құралған екінші толқыны бірнеше ондаған шаршы шақырым аумаққа түсіп, біріккен қимыл көрсете алмады. Оның үстіне оларда танкке қарсы қолданылатын қару түрлері жетіспегендіктен жаудың механикаландырылған күштерімен болған шайқастарда құрбан болды. Радиобайланысты жоғалтпаған кейбір шағын топтар ғана немістердің азық-түлік бөлімдеріне шабуыл жасай алды. Одан кейін олар партизандарға қосылды. Аталмыш операция үлкен шығынға ұшырағанымен немістердің механикаландырылған күштерінің назарын басқа жаққа бұра алды. Осының өзі негізгі күштердің өзеннен аз шығынмен өтуіне ықпал жасады. Днепрден өту шайқастарының екінші кезеңінде - қараша-желтоқсан айлары аралығында басып алынған плацдармдарды ұстап тұру және кеңейту үшін өте ауыр шайқастар жүргізілді. Сонымен қатар жаңа соққылар жасауға тың күштер тарту жүргізіліп жатты. Осы кезеңде қызыл армия екі үлкен стратегиялық операцияларды - Нижнеднепровск және Киев операцияларын жүзеге асырды. Нижнеднепровск операциясы 2-ші, 3-ші және 4-ші Украин майдандары әскерлерінің күшімен іске асырылды. Олар Солтүстік Таврияны азат етіп, Қырым жарты аралын жауып тастады. Сонымен бірге Днепр бойында Черкасск пен Запорожье аралығында ұзындығы 450 шақырым болатын плацдармды басып алды. Әйтсе де, осы плацдармнан Криворог темір кенішіне шығу әрекетін жаңадан күш қосылған неміс армиялары тоқтатты. Бұл операция барысында кеңес әскери күші шығыны өте үлкен болды. Мұнда қаза тапқан адам саны 750 мыңнан асты, бұл бүкіл Украинаны азат етуде құрбан болғандардың жартысына тең.

1-ші Украин майданы жүргізілген Киев операциясы да өте ауыр өтті. Алғашқыда Кеңес командованиесі Киевке шабуылды Лютежск және Букрин плацдармдарынан бастауды жоспарлаған болатын. Әйтсе де, жергілікті жер бедері әскердің, әсіресе, генерал П.Рыбалко бастаған 3-ші гвардиялық танк армиясының алға жылжуына көп қиындық туғызды. Бұл армия жасырын түрде солтүстік бағытқа жеткізіліп, негізгі соққы осы жақтан жасалды. Қарашаның 3-інде өз иелегінен шығып кеткен Украина астанасына ұмтылған Қызыл армия 6

қарашада Киевті жаудан азат етті. Осылайша Қазан мерекесіне дейін Киевті гитлершілдік басқыншылардан азат ету керек деген Бас қолбасшы Сталиннің бұйрығы орындалды.

Немістер Днепр бойындағы қорғаныс шебін ұстай алмады. Олардың бекіністерінің быт-шытын шығарған Қызыл әскерлер 13 қарашада Житомирді жаудан тартып алды. Киевті қайта басып алмақшы болған Манштейннің әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1943 жылдың соңына таман Днепр үшін болған шайқас аяқталды. Вермахтың үлкен су бөгетін пайдаланып, әскерін тынықтыру, қыстап шығып, күшті қайта жинақтау ойлары арман күйінде қалды.

Днепр шайқасы осындай үлкен масштабта және жедел түрде кескілескен қарсылыққа қарамай жеңіске жетуімен соғыс тарихына кірді. Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Кеңес әскерлері «Шығыс қабырғаны» бұзуда 1,5 млн. адамынан, 5 мыңдай танкісінен және 1200 ұшағынан айырылды. Осы сұрапыл шайқаста кеңес жауынгерлері ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Олардың жанқиярлығы мен батылдығын әскери басшылық лайықты бағалай білді. Днепрден өту ұрыстарында 2438 жауынгер мен офицерге Кеңес Одағының Батыры атағының берілуі – соның айғағы. Бұл бүкіл екінші дүниежүзілік соғыста батыр атанғандардың 20 пайызын құрайды. Осының өзі көп нәрсені аңғартса керек.

Олардың қатарында қазақстандық жауынгерлер де аз болған жоқ. Қазақстанда жасақталған 3-ші гвардиялық дивизиядағы 2500 жауынгердің 21-ші Днепрден өтуде ерекше батылдығымен көзге түсіп, Кеңес Одағы Батыры атағына ие болды. Осындай жоғары атақ берілген жерлестерімізді де халық жадында сақтауы тиіс. Олар - қазалылық сержант Мақаш Балмағамбетов, қызылордалық Жақыпбек Маханбетов, Иван Мохорин, Жәлел Қизатов, Жаппасбай Нұрсейітов.

Міне, осындай ерлердің жанқиярлығы арқасында Кеңестер одағы Ұлы Жеңісті жақындата түсті.

//Сыр бойы.- 20 наурыз.-2010.- Б.3

**Алдажар Әбдірасуллеұлы ӘБІЛОВ,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті

## ЕЛ ӨМІРІМЕН ТҰТАСҚАН ӨМІРБАЯН

**Өмір атты ұлы көште әр пенденің өз орны болары хақ, біреу орта тұста жүрсе, енді біреуге көш басында, алдыңғы лекте жүрудің жазылғаны анық. Бұл – жазмыш заңы. Ал, көштің басында, алдыңғы лекте болу – тағдырыңды елмен, мемлекетпен, қоғаммен тығыз біріктіру, тарихта өз ісіңмен қалу, ел үшін, халық үшін, Отан үшін күресу деген сөз. Міне, тағдыр үнемі ел алдында, көштің алдыңғы легінде жүруді жазған азаматтардың бірі – Жәлел Қизатұлы Қизатов биыл 90 жасқа толып отыр.**

Қизатов Жәлел Қизатұлы 1920 жылғы 9 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Жалғызтау тауының етегіндегі Аяққөл (Қарағай) ауылында дүниеге келді.

Ауыл молдасының қойған аты – Ғабдолжәлел болғанымен, ол бала күнінен Жәлел атанып кетті. Отбасындағы жеті баланың аштық жылдарында тек үшеуі ғана аман қалды. Әкесі 33 жасында бақилық сапарға аттанды да, отбасы тауқыметі балалардың үлкені болғандықтан Жәлелдің мойнына түсті. Ауылдағы төртжылдық мектепті бітірген соң, Петропавл қаласындағы ФЗО - ға оқуға аттанды. Бұл – ауыл жастарын күштеп қаладағы ФЗО – ларға жіберіп жатқан тұс. Ал Жәлел үшін үлкен сәттілік еді.

ФЗО – да теміржол слесарь – жөндеушісі мамандығы бойынша оқыған ол мұнда орыс тілін игере бастады. Ынталы бала өзгелерге қарағанда теміржол ісін де, орыс тілін де тез меңгеріп, ФЗО жастарының көш басына шықты. Бірақ, отбасы жағдайы оны қайтадан ауылға қайтуға мәжбүр етті. Бұл кезде ол бар болғаны 10 мен 12 жас аралығындағы жасөспірім болатын.

1933 – 1934 жылдары колхозшы болып еңбек еткен ол қыс айларындағы шаруадан толас шақтарда кітап окыды, аңшылық құрды, ауыл мергені атанды.

Бұдан соң бірнеше жыл колхозда кассир – есепші болған ол Айыртау ауданы, Володар (қазір Саумалкөл ауылы) селосындағы курста оқиды. Колхоздағы қызметі жақсы болғанымен, оқуға, білімге деген құштарлық ықпалымен ол 1936 жылы Ақжар (Покровка) ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі.

Ол техникумда оқып жүрген кез – ел ішінде мұғалімдердің өте аз кезі болатын, мектептерде кадр тапшылығы анық байқалатын, жаңа әліппе негізінде жазып, оқи алатындар ауылдарда жоқтың қасы еді. Жерлестері тағы Жәлелге қолқа салды, осылайша ол ұстаздық жолға бет бұрды. Уақыт осыны талап етті, Жәлел Қизатов тағы да ауыл жастарының ұйытқысына айналды. 1940 жылғы 8 ақпанда әскери комиссариаттан шақыру келгенде ол Қарағай бастауыш мектебінің мұғалімі, әрі меңгерушісі болатын. Ақ финдермен соғысқа баратын шығармын деп ойлаған 20 жасар жігітке атасы Бекмағанбет батасын берді, ол азаматтық борышын өтеуге аттанды.

Бұл кезде Ж.Қизатов КПСС мүшелігіне кандидат болатын, Петропавл пединститутының тарих факультетінде сырттай оқитын. Осыдан болса керек, әскери және саяси басшылар оны жаңадан әскерге шақырылғандар мінген әскери эшолонға жетекші етіп тағайындады. Эшолон батысты бетке алды, Жәлел тағы да алдыңғы лекте еді. Осылайша жас солдаттың Украинадағы Чернигов облысы, Нежин қаласы маңында әскери өмірі басталды.

1941 жылы 22 маусымда қанқұйлы жау елге соғыс ашты, қазақ солдаты Ж.Қизатов қызмет атқаратын атақты Чапаев дивизиясының 422 – ші артиллерия полкі толық әскери дайындыққа көшірілді. Ол соғысқа Одесса түбінде кірді. Жауынгер достарымен бірге румын – неміс әскерлерінің шабуылына тойтарыс берген Ж.Қизатов тағы да алдыңғы сапта еді.

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихында айрықша аталар шайқастардың бірі – Сталинград шайқасы дейтін болсақ, Ж.Қизатов осы шайқастың бел ортасында болды. Командирлер жарылған снаряд пен қарша бораған оқ астында өз бөлімшесін шебер басқаратын оны кіші лейтенанттар дайындайтын курсқа жіберді. Курсты өте үздік бітірген оған кіші лейтенант емес, бірден лейтенант атағы беріліп, ол 6-шы батарея командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Оның бөлімі Сталинград көшелерінде ұрыс жүргізді, жас офицер жау әскерінің айла – тәсілін тез түсініп, қарсы әрекет жасады, онысы сәтті шығатын, жау есін жиямын дегенше олардың миномет, пулеметтерін, ДОТ, ДЗОТ сияқты атыс ұяларын жойып үлгіретін. Алғыр, тез шешім қабылдайтын, ұрыс басқару ісіне төселген оны каруластары да, командирлері де мақтан тұтатын, сол кезде – ақ оның ержүректілігінен хабар бергендей кеудесінде бірнеше жауынгерлік медаль жарқырайтын. Ол бұл шайқастан, соғыс тарихындағы ең ауыр ұрыстан, сан мыңдаған адам өлім құшқан майданнан аман шықты.

1943 жылы 28 қыркүйекте 154 – ші Чернигов гвардиялық атқыштар дивизиясының взвод командирі, аға лейтенант Ж.Қизатовқа жаудың Днепр жағалауындағы атыс ұяларын барлауға бұйрық берілді. Ол тағы да көш алдына шықты, жау қол астындағы Днепр өзеніне алғашқылардың бірі болып қайық салды. Бұлардың тобындағы біраз адам тура түскен снарядтардан көз жұмды, тек бірнеше каруласымен бұл мінген қайық қана дұшпан беттегі жағаға іліккен болатын. Өртенген жағалау, бораған оқ, ысқырған снаряд, көкке атылған жер қыртысы, көзге елестетуге болмас сұмдық тажал арасында Ж.Қизатов пен оның каруластары бір жағынан плацдарм дайындау үшін соғысса, екінші жағынан жаудың ірі атыс нүктелерін,

жаяу әскер мен техниканың көп шоғырланған тұстарын полкке хабарлап, артиллерия атысына басшылық жасады. Бірнеше рет бұларды жойып жібермек болған жау әрекетінен түк шықпады, бұлар өз бекіністерін кейінгі әскер келіп жеткенше ұстап тұрды, жағалаудың биік тұсына бекіне, бұларды құртуға тырысқан жау зеңбірекшілері снарядтарының астында отырып, полк артиллериясына бағыт сілтеумен болды. Осы ерлігі үшін Ж.Қизатов Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды, оған 1944 жылы қаңтарда Отанның ең жоғарғы наградасы – Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бұл кезде ол тағы да жарақат алып, госпитальде жатқан болатын.

Ол 1945 жылы Жоғары артиллериялық офицерлік мектебін бітірді, капитан шенінде сол жылы елге оралды. Тағы да алдыңғы лек, оның соғыстан соңғы еңбек майданындағы өмірі басталды. Ж.Қизатов 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. 1947 – 1950 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған ол соғыстан тұралаған шаруашылықтарды қалпына келтіру, ел әл – ауқатын көтеру жұмыстарының алдыңғы шебінде болды. Енді ол сонау бала кезі мен колхозшы болып жүрген жасөспірім шағындағы адамдарды ауыр еңбектен құтқару, жерді өңдеуді жетілдіру сияқты армандарын жүзеге асыруға кірісті.

1950 – 1952 жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебінде оқыды. 1952 – 1957 жылдары Булаев аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған ол ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты. Міне, осы тұс – елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесінің көтерілген кезі болатын. Ж.Қизатов 1957 жылы Тамань дивизиясы атындағы совхозға директор болып тағайындалды.

Ж.Қизатов 1954 – 1958 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің (4 – ші шақырылым) депутаты болып сайланды. Оның ұсынысы бойынша бірінші рет совхозда элеватор құрылысының жаңа технологиясы қолданыла бастады. Оған бұл жәйттің, яғни элеватор құрылысына қатысты мәселені игерудің кейін де көп көмегі тиді. 1963 жылы оған Қарақоға элеваторының директоры болуға ұсыныс жасалды. Қызмет таңдамайтын, ел мен Отан тапсырмасын орындауды міндеті санайтын оны Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті үлкен сенім артып, 1968 жылы Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасына бастық етіп жіберді. Бұл – Қызылорда облысында жақсы астық элеваторлары жоқ, жиналған күріштің ысырап болу жағдайлары көкейтесті болып тұрған кез еді. Оның белсенді араласуының нәтижесінде Қызылорда астық өнімдері комбинаты, Шиелі, Жалағаш элеваторлары салынды.

1988 – 1997 жылдары Қызылорда облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумы төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарған ол ел экологиясын сауықтыру, табиғатты қорғау, сақтау ісіне қатысты өте ауқымды жұмыстар атқарды. Ол жалпы мемлекеттік деңгейде Арал экологиялық апат аймағы мәселесін көтерді. Арал маңы экологиялық зардаптарына ұшыраған азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Заңды өмірге әкелушілердің бірі болды. Соғыс және тыл ардагерлерінің, Ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылар мүддесін қорғаушылардың алдыңғы сапында да Ж.Қизатов жүрді. Елі де батырын құрметтеді, азаматын ардақтады. Оған 1995 жылы 28 сәуірде «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Кеңестер Одағының ең жоғары наградасы – Совет Одағының Батыры атағын алған Жәлел Қизатов 2 рет Ленин орденімен, 3 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, Октябрь Революциясы орденімен, 2 рет Отан Соғысы (I дәрежелі, II дәрежелі) орденімен, Құрмет белгісі орденімен және 15 – тей медальмен марапатталды. Ол бейбіт кезде Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңда өткен Жеңіс мерекесіне арналған шеруге 2 рет қатысты, Киев

қаласының орталық алаңына орнатылған үлкен мемориалдық тақтаға жаудан Украинаны азат етуші Батырлар сапында Ж.Қизатовтың есімі де ойып жазылған.

Ж.Қизатов 1999 жылы 28 сәуірде өмірден озды. Оның есімін мәңгі сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 сәуірдегі №523 Қаулысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл ауылшаруашылық колледжіне Ж.Қизатовтың есімі берілді. Қызылорда қаласындағы үлкен көшелердің бірі және осы қаладағы үлкен мектептердің бірі - №23 мектеп Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов есімінде.

Ол өнегелі отбасының темірқазығы болды, өмірлік серігі Шәмшібану екеуі 7 бала тәрбиелеп өсірді. Толқын, Алма, Қымбат есімді балалары бұл күнде өмірден өткен. Оның балалары халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті, әке – шеше сенімін ақтады. Табиғатында батыр жаратылған, шарболаттай Жәкең бір ғана адамның – анасы Жамалдың алдында басын исе, екінші бір аса қадірлеген адамы – жары Шәмшібану болды. 56 жылдай бірге ғұмыр кешкен жарын батыр ерекше құрметтейтін, өзгелерден де, балаларынан да соны талап етті.

Ж.Қизатовтың балаларының көбісі – ұстаздықты мұрат тұтқандар. Бұған да әке ықпалы, әке үмітінің әсері болуы заңды жәйт.

Батырдың өмір жолы ел, халық өмірімен тұтаса тығыз бірігіп кеткен, солай болғандықтан оны ел тарихынан бөліп қарау тіпті мүмкін емес. Сондықтан болар, батырдың өмірі, ерлігі мен ісі кейінгі ұрпақ үшін өнеге, тұстастары үшін, елі үшін мақтан болып қала бермек.

//Сыр бойы.-2010.-22 желтоқсан.-Б.2.

**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЕВ**

## БАТЫР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

***Кеше Студенттер сарайында Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың 90 жылдығына орай «Қазақстандық патриотизм: межелер мен міндеттер» тақырыбында облыстық ғылыми-танымдық конференция болды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Мұрат Мұхамедов қатысты.***

Конференцияны ашқан М.Мұхамедов қатысушыларға бұл жиынның мән – маңызының жоғары екенін жеткізіп, майдангердің өмір жолын қысқаша баяндап өтті.

Батыр бабамыздың есімі Сыр өңіріне ғана емес, республика аумағына мәлім. Олай дейтініміз, сұрапыл соғыс жылдарында қан майданда мұз жастанып, қар жамылып елін жау құрсауынан азат етуде ерен ерлік үлгісін көрсеткен жауынгер елге оралған соң да өңіріміздің экономикасы мен мәдениетін дамыту жолында аянбай еңбек етті. Қай кезде де шаршауды білмейтін ол зейнет жасына шыққаннан кейін де қарап қалмай облыстық ардагерлер қоғамын басқарып, аудандарда бастауыш ұйымдарын құрып, қазыналы қарияларға қамқорлық көрсетті.

Конференция барысында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры, ректордың кеңесшісі, экономика ғылымдарының кандидаты Қазыбай Құдайбергенов Ұлы Отан соғысының батыры жөнінде баяндама жасады. Мұнан соң соғыс және еңбек ардагері, батырдың майдандасы Кеңесбай Қалиев пен қызы Гуля Қизатова және басқалары жауынгердің өмір жолдарынан естеліктер айтты.

Өз кезегінде М.Мұхамедов әке есімін ардақтап жүрген қызы Г.Қизатоваға қамзол кигізіп, облыстық білім саласын өркендетуге қосып жүрген зор үлесіне алғаусыз алғысын

білдірді. Жиын соңында қаладағы «Жігер» мейрамханасында батырдың рухына Құран бағышталып, ас берілді.

Даңқты тұлғаны ұлықтау шарасы осы күні қаладағы Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейде де өткізілді. Батыр атындағы бұл білім ордасында оның өмір жолдарынан сыр шертетін «Даңқ» залы ашылып, ескерткіш тақта орнатылды.

//Сыр бойы . - 24 желтоқсан.-2010 жыл.-Б.4

**Әбдіқадір қажы ИБРАЙМОВ,**
Еңбек ардагері,
Қызылорда қаласының құрметті азаматы

## ӨНДІРІСТЕГІ ҰСТАЗЫМ ЕДІ

Менің Жәлел ағамен таныстығым Қызылорда қаласына қоныс аударып, көшіп келген күннен басталды. Бұл 1968 жылдың жаз маусымы болатын. Ол кезде облыстық астық өнімдері басқармасында бас агроном болып қызмет істеп жүрген кезім еді.

1967 жылы облыс күріш дақылынан өте мол өнім алды. Алайда, оны сақтайтын қойма, элеватор, асфальт төселген қырман алаңдары атымен жоқ болатын. Сол жылы Жалағаш, Шиелі аудандарында шаруашылықтардан жеткізілген Сыр салысы тегістелген қара жерге түсірілді. Өкініштісі сол, дақыл тым ылғал болғандықтан жаппай қызып, күріштің көп бөлігі шығарылып тасталды. Тіпті, ол мал азығына да жарамсыз деп танылды. Осы келеңсіз жағдай республикадан өтіп, Мәскеудегі басшылардың құлағына жетті. Бұл мәселе министр Георгий Константинович Золотухинде қаралып, сол кездегі облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы Александр Григорьевич Севостьяновты қызметінен босатады. Ал оның орнына Солтүстік Қазақстан облысының Булаев элеваторында директор болып жүрген Жәлел Қизатов келіп қызметке кірісті. Одақтағы басшымыз, Социалистік Еңбек Ері Золотухин 15-20 жылдай астық өнімдері министрі болды. Жәкеңмен ол кісі, яғни екі батыр тез тіл табысып кетті. Соның арқасында облыста бұрын болмаған элеватор, екі күріш зауыты және бір құрама жем шығаратын зауыт, сондай-ақ кадр мәселесін шешу үшін қалаға 300 пәтерлік үй салуға қаражат алды. Енді Алматы қаласындағы «Спецэлеватормельстрой» мекемесіне арнайы жылжымалы мехколонна алдырып, аталған құрылыстарды өзі бақылап отырып салдырды.

Мен бұл салаға дейін Қызылорда қалалық атқару комитетінің төрағасы, аты аңызға айналған Алисов Долдаш ағайға көмекші, кейінірек бөлім меңгерушісі болып, коммунистік партия қатарына қабылдандым. Қызметтен қол үзбей жүріп, 1970 жылы Алматы ауыл шаруашылығы институтының сырттай бөлімін бітірдім. Мен басшылыққа келген бұрынғы күріш ақтау зауыты ескі технологиямен жұмыс жасайтын. Сондықтан кейінірек санэпидстанция, өртке қарсы қызмет мекемесі күріш ақтау зауытының жұмысын тоқтатты. Енді мені Шиелі аудандық астық өнімдерін тарату базасына қызметке жіберді. Кеңес Одағы кезінде күрішті мемлекетке сатуда әр 10 күн сайын ауданаралық социалистік жарыс жарияланып, жоғары көрсеткішке қол жеткізген аудан басшылары облыстық партия комитетінің марапатына ие болатын. Сол үшін күріш өткізуші мен қабылдаушы арасында жиі-жиі келіспеушілік болып тұратын. Сондай жағдайға байланысты 1980 жылы облыстық астық өнімдері басқармасына Жәкеңе орынбасар болып ауыстым. Сол жылдары Жалағаш элеваторын салдық. Мені бұл қызметке тұрақтатпай, Атырау облысына астық өнімдері басқармасына бастық етіп жіберді. Ол кезде еліміздің ауыл шаруашылығы министрі Мұзафар Дайыров болатын. Жырақ жерде 6-7 жылдай абыройлы қызмет атқарып елге оралған соң,

Қызылорда астық өнімдері комбинатында 10 жылдай директордың коммерциялық орынбасары болып құрметті демалысқа шықтым.

Халқымызда «Мадақтасаң ұстазыңды мадақта, сол емес пе сені қосқан санатқа» деген ұлағатты сөз бар. Менің өмірдегі ұстазым Долдаш Алисов болса, өндірістегі ұстазым Жәлел Қизатов болды. Жәлел ағамен демалысқа шыққанша да, одан кейін батыр тұлғаның фәни өмірден өткенінше де тәрбиесінде болдым, ара қатынасымыз үзілген жоқ. Жәкең ғасыр жасаған аяулы анасы Жамалды өзінен кейінгі інісі Қалелді, үлкен ұлы Толқынды өз қолымен қасиетті Қызылорда топырағына жерледі. Жеңгеміз Шәмшібану көп ауыратын.Ағамыз өмірлік жарын Жапонияға, Қытай, Германияға апарып емдетті. Мәскеуге де жіберіп емдедетін. Шәкең Жәкеңнен 6-7 жыл кейін өмірден озды. Жәлел Қизатов облысымыздың өсіп өркендеуіне үлесін қосқан бірден-бір тұлға. Ол қырмандағы жартылай ақталған сынық күрішті, яғни күріш жармағын салып есептетті. Сол үшін Мәскеуге, министр Золотухинге арнайы барып, осындай жаңалық енгізді. Сондай-ақ асыл аға Арал, Қазалы аудандары тұрғындарына экологиялық қосымша төленуіне де ұйытқы болды. Білікті дәрігер Тұрғанбай Махановтың Одаққа депутат болып сайлануына себепші болды. Ол үшін СОКП Бас хатшысы М.С. Горбочевке жеделхат жолдап, оның кандитурасын шешті. Соның арқасында облыс тұргандарының денсаулығына септігін тигізіп отырған облыстық кеңес беру- диагностикалық және денсаулық орталықтары пайдалануға берілді.

Міне, біреуге аға, енді біреулерге іні болған, енді біреулерге қамқор қолын созып, ар жолынан аттамаған абзал азамат Жәлел аға аруағына тағзым ете отырып, батыр тұлғаның өзіме жасаған жақсылықтарын тілге тиек еттім.

// Сыр бойы.- 22 желтоқсан.-2010.-Б.2.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры

## ЕРЛІКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатұлы Қизатов өзінің «Шарболат» атты кітабында:

Қосмұрат өмір асқан батыр болған,
Жауын жеңіп, дұшпаннан өшін алған.
Атығай Қарауылдың ұрпағымыз,
Тұлпары Құлагердің бәйге салған.
Бес момынның балдарын Алаш білген,
Абай, Ақан, Орынбай дана туған,- деп жырлайды.

Ағаның бұл өлең жолдары атам қазақтың қарапайым сөзіменен айтыла салғандай болғанмен, аржағында талай ғасырлар бойы іс жүзінде ғылыми дәлелденген «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген шындыққа негізделген пәлсапасына саяды. Демек, қас батыр Жәлел ағаның ерлігі мен өрлігін, қарапайымдылығын, бауырмалдығы мен бақытын, ақындығы мен алыптығын оның түп негізінен – Арғын руынан іздеу керек деген тұжырымға келдім. Жәлел ағаның өзі өлеңмен айтып кеткен бабаларын шежіреден іздеген едім. Көне түрік тілінде «аргун» сөзі «көп», қалың дегенді білдіреді. М. Тынышбаевтың айтуынша, ХХ ғасырдың басында 6 млн.-ға жуықтаған қазақтардың ішінде сан жағынан ең көбі (890 мың) арғындар болған. Бәйбіше Арғын (Ергүл), Тоқал арғын (Момын) болып екіге бөлінеді. Ергүл бәйбішеден өсіп-өнген арғындарға жататын рулар бірлестігі «Бес мейрам» деп аталады. Олар: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік(Қақсал) және Қаракесек (Болатқожа).

Абылай аспас Арқаның сары белі,

Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі, - деп өлеңде айтылатындай, Арғындардың ең беделдісі – осы Бес мейрам бірлестігі. Тоқал арғынға жататындар Момын ананың атына байланысты «Жеті момын» аталады. Оларға Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сары жетім, Шақшақ жатады. «Жауған қардай, шөккен нардай» Қанжығалы Бөгенбай сияқты қаһарманды, Абай сияқты кемеңгер ақынды берген осы Жеті момын еді. Арғындар тайпасының ұраны – Ақжол, таңбасы – көзтаңба. Міне, осы руға жататын Жәлел ағаға алла батырлықты да, ақындықты да беріпті. Иә, қазақтың орта жүзінің бастауы болған Арғыннан талай арыстар өмірге келіп, өмірден өтті. Талай батырлар мен ақындарды, сал-серілерді, ел басқарған билерді тудырған бұл қасиетті ру мақтауға да, мадақтауға да тұрады.

Жуырда ғана 80 жылдығын атап өткен руы арғын Әуелбеков Еркін Нұржанұлы төрт жыл ішінде облысты барлық жағынан көтеріп кеткені ел есінде. Ал, қазақтан шыққан Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тұңғыш ғарышкер, Гиннестің рекордтар кітабына енген, Ленин, Октябрь революциясы, «Құрмет белгісі», ҚР «Отан» ордендерінің, сондай-ақ Австрияның «Алтын Крест» орденінің иегері, ғылым докторы, Қызылорда облысынан Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланған Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлын ағасы Жәлелдің 90 жылдығы тұсында неге айтып өтпеске. Жәлел ағадай майдан даласында қан төкпегенмен, кешегі Ресейдің бодандық саясаты кезінде қазақ деп жүрегі соққан Тоқтар бауырымызды сырттай бейбіт болғанмен, іштей соғыс саясаты болған кездің қас батыры демеске?! Аттары аталған осы үш азаматтың – Жәлел Қизатов, Еркін Әуелбеков, Тоқтар Әубәкіровтердің бәріне тән қарапайымдылық, шыншылдық, жауапкершілік, әділеттік, терең ойлылық қасиеттері – олардың батырлық мінездерінің, батырлық тұлғаларының, батырлық болмыстарының негізгі компоненттері деуге болады.

1944 жылы Днепрден өткендегі жауынгерлік ерлігімен Кеңес Одағының Батыры атағын алғаннан кейін Жәлел аға демалысқа туған ауылы Қарағайлыға тартады. Петропавлға дейінгі жол бойында 24 жастағы қызыл жұлдызды жас офицерге құрмет көрсетіледі. Бірақ Жәлел аға батыр атағын алғанына қуанғанмен, айқай-шуларды, шамадан тыс марапаттауды қаламайтын, ол батыр атағына мастанбады. Тіптен өзінің келе жатқанын басшыларға айтуды да артық санады. Пойыздан түскеннен кейін вокзалдағы буфетке кіреді. Сол жерде бейтаныс әйел өзі келіп танысып, аты-жөнін білгеннен кейін тез обком басшыларына хабарлайды. Содан тез арада обком қызметкерлері келіп, Жәкең ағамызбен бірнеше кездесулер ұйымдастырады. Бұдан артық қарапайымдылық бола ма?!

Жәлел Қизатов соғыс бітіп елге оралғаннан кейін көп ұзамай аупарткомның 1-ші хатшылығына жоғарылатылады. Күрмеуі қиын күрделі мәселелерді жоғары жаққа жалтақтамай қолма-қол жеткізетін батыр басшысын жерлестері екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп сайлайды. Бұл кез Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру уақыты еді. Жерді жөн – жоспарсыз жырта беру қазақ халқын ата кәсібінен айырып, қыспаққа ұшыратады, тың игерушілерді тұс-тұстан топырлата беру жергілікті жұрттыңқалыпты өмір ырғағын бұзады деген пікірін жоғары трибунадан ашық айтты. Сол үшін ұлтшыл, тың көтеру саясатына қарсы, теріс пиғылды комунист деген қаралауға ұшырады. Осы кезде түркі руханиятының Отаны болған, бір кездері талай Алаш алыптарының еңбегімен Астана болған, қиын заманда қазақтың үш жүзінің басы қосылған қасиетті Қызылорданы таңдауы да Жәлел ағаның озық ойының куәсі болса керек. Екіншіден , өмірінің соңғы сағаттарына дейін Сыр елі халқына риясыз, адал қызмет етуі, жасы біразға келгенде туған жерінің лауазымды інілерінің шақыруына да көнбей тал бесігін кіндік қаны тамған жерінде қалдырып, Сырдың қасиетті жерінің құшағында қалуы оның ерлігі мен кеңдігін дәлелдейді. Бұл да – озық ойдың нәтижесі. Ақын Кәкімбек Салықов Жәлел аға өмірбаянының осы жерін былайша өлеңмен өрнектейді.

Кең ашатын әлем салған жүрегін,

Сөйлеуші еді түріп батыр білегін.
Алатауды ардақтаған Жамбылдай,
Мақтаушы еді теңеу жетпес Сыр елін.

Иә, солай Сарыарқаның түлегі,
Сыр бойында қанат жайды, түледі.
Қайда туды, қайда тұрды сөз емес,
Бар қазаққа ортақ оның жүрегі.

Иә, сол Сарыарқада қанат жайып түлеп, бар қазаққа ортақ жүрекпен Сырдың қасиетті топырағында мәңгілікке байыз тапқан зиялылар, профессорлар Сахабаддин Елубаев, Абылай Айдосов, Мәди Киреев ағаларымыз еріксіз ойға оралады.

Жәлел ағаның бойындағы тағы бір қасиеті ұлтына, руына қарамай кім болса да оның адамдық, адалдық қасиетін бағалайтыны, бірінші кезекке қоятыны. Содан да болар өзі жырақта жүрсе де майдандас достары украин халқының қаһарман ұлы кіші лейтенант Дороженконы, армян Григорий Мазманьянды, орыс Михаил Макаровты, татар Фатих Мухамедовты, грузин Мотошвилиді, полк комиссары еврей Михаил Уманскийді ешуақытта есінен шығарған емес. Олардың қымбатты есімдерін, ерліктерін өмірінің соңғы сағаттарына дейін ұмытпай, олар жайлы естеліктер жазып, болашақ ұрпаққа жеткізді.

Жәлел ағаның жоғарыда хас батырларға  тән қасиеттерінің бірі ешкімнің бет-жүзіне қарамай шыңыраудағы шындықты сыртқа шығарып,бетке айтуы дедік. Ол Батыр орденін кеудесіне лайықты таққан соғыстағы жауынгер ғана емес, бейбіт күннің сапырылысып жатқан қиын да қитұрқы, мылтықсыз майданында да ер атанып өтті. Қазіргі ел үміті болып, қазақ тарихына жазылатын «Кіші Арал» идеясын кезінде інісі Еркін Әуелбековпен тізе қосып, өлі нүктеден жылжытып, жаңа кезеңге қадам бастырған-ды. Арал, Байқоңыр, Сыр және өлке тұрғындары проблемалары одақ кезінде Мәскеуге, тәуелсіздік жылдары Ел президентіне, мемлекет басшылығының әр сатылы деңгейлеріне  батыл және принципті қойылып жатты. Жер – жерде Арал атын жамылған, елге пайдасы шамалы, шашыранды қорларды Сыр өлкесінің кіндігі – Қызылордаға шоғырландыру үшін де Жәлел аға біраз ізденістер жүргізді, талмай еңбек етті.Шығысы – Қытай, батысы – Америка елдері басшыларына Арал мен Сыр өңіріне көмек қолын созуға шақырған биік принципті, азамат үнді хаттар жолданды. Бұлардың бәрі тек Жәлел ағадай батырдың тәуекелі жететін батыл қадамдар болатын. Бұл жайлы Кәкімбек Салықов:

Ерлігі зор өзгеде іс мол тағы,
Көз жұмғанша ол Аралды қорғады, - деп жазыпты.

Өмірінің соңғы жылдары бар күш – жігерін Сыр елі экологиясын жақсартуға, жер – ана байлығын, табиғатты қорғауға арнаған Батыр аға осы жолдағы  мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып бақты. Табиғат қорғау акцияларын, ақындар айтысын, оқушылар мен кездесулер ұйымдастырды, ақпарат құралдарын пайдаланды.

Жәлел Қизатовтың өресі биік жылдардың өрелі азаматтармен кездесуі, пікірлесуі, ақылдасуы кездейсоқтық емес. Батырлығына қосымша талай рет жоғарғы кеңеске депутаттыққа сайлануы кезінде оның қазақтың айтулы азаматтары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев,Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Қалибек Қуанышбаев, Жұмабек Тәшенов, Ілияс Омаровтармен кездесуіне мүмкіндік берді. Бұндайда олардың ақыл – ойларын мұқият тыңдап, өз пікірін де ешқашан жасырмай, ашық айтатын - ды. Әлемге әйгілі саясаткерлер Мао Цзе Дун, Хо Ши Мин, Пальмиро Тольятти, Морис Торез білектерін айға білеген қуатты мемлекеттер сияқты басшылармен кездесіп, сұхбаттасу сәттерінің болғанын Жәлел аға еш мақтан тұтпай, сабырлы салмақтылықпен тек сұрағандарға ғана айтады екен. Ал әскери қолбасшылар Климент Ворошиловтің, Георгий Жуковтың, Константин Рокоссовскийдің,

Семен Буденныйдың қабылдауларында болып, сөйлесіп пікірлескендерін тек майдандас достары алдында ғана емес, жастарға да мақтаныш сезіммен жеткізетін – ді.

Қазақта «орнында бар оңалар» деген ұлағатты ұғым бар. Соның бір көрінісі деп Жәлел ағаның тікелей ұрпақтары бүгінгі ортамызда жүрген Қизатова Гуля Жәлелқызы мен немересі Гүлнарды айтар едім. Әріптесіміз Гуля заты әйел болғанымен ердің жүгін арқалаған азамат, ұжым басшысы, факультет деканы, Гүлнар – кафедра меңгерушісі. Қизатова Майгүл Жәлелқызы – технолог, университет факультетінің деканы, профессор, Қазақстанға еңбегі сіңген ғалым атағының иегері, жылдың үздік оқытушысы – грантының иегері. Қизатова Тамаша – технолог, Қизатов Көмекбай – «Қор» мұнай компаниясының вице – президенті. Жәлел ағаның жарқын жұмыстарын тікелей жалғастырушылар, Қизатовтар отбасын сақтаушылар, отын жағушылар.

Жәлел Қизатов жайлы салиқалы әңгіменің алғашқы беттерін парақтауды бастадық. Ол жалғаса береді. Өйткені тау тұлғалы ағаның тұғыры уақыт өткен сайын биіктей түседі, бәрімізді өзіне тартады, ізденіске шақырады, жігерімізді қайрайды, жаңа жарқын асуларға бастайды. Бұл ұлылықтың белгісі. Ұлыларды ұлықтай білейік, ағайын.

//Халық.- 2010.-30 желтоқсан.- Б.5

**Пайзуллахон АЮПКЫЗЫ**

## ПОСВЯЩАЕТСЯ ГЕРОЯМ

В областной универсальной научной библиотеке им. А. Тажибаева прошел вечер, посвященный 65-летию Победы и 90-летию со дня рождения Героя Советского Союза Жалела Кизатова, прошедшего войну с первого дня до последнего. Он сражался с врагом на Одесском, Крымском, Сталинградском, Украинском, Белорусском направлениях. За проявленное мужество 15 января 1944 года Ж. Кизатову было присвоено звание Героя Советского Союза. После окончания войны он активно занимался партийной, хозяйственной и общественной деятельностью и не раз был награжден орденами и медалями. На встрече ветераны войны и труда Шайхислам Серикбаев, Кенес Калиев поделились своими воспоминаниями о фронтовых годах. О боевых заслугах, творческой и общественной деятельности Жалела Кизатова рассказали преподаватели университета им. Коркыта-Ата: доцент, кандидат филологических наук Улжан Жанбершиева, доцент, дочь Героя войны, профессор Гуля Кизатова и другие. По произведениям Ж. Кизатова был проведен конкурс чтецов, в котором приняли участие учащиеся средней школы № 23. К мероприятию была подготовлена книжная выставка.

//Кызылординские вести.-2010.-21 апреля.-С.2.

**Буркитбай АЯГАН,**
доктор исторических наук, профессор.

## ИСПЫТАНИЕ ВОЙНОЙ …

Мы уже отпраздновали 65-летие Победы над фашистской Германией. Вроде бы все сказано о войне. Много уже написано. Но все же… Все же не дает покоя мысль о том, что не до конца и не полностью мы воздали и воздаем почести тем, кто спас нас от фашизма, кто

прикрыл своим телом и не позволил господствовать на земле «коричневой чуме». Мы обязаны всегда помнить о героях, о той невероятно дорогой цене, которую они заплатили за то, чтобы воцарился мир на планете. Это к нам и нашим потомкам обращены слова Р. Рождественского из «Реквиема»: «Вспомним всех поименно. Горем вспомним своим. Это нужно не мертвым, это надо живым». Наверное, точнее не скажешь… Как профессиональный историк я часто смотрю данные по Великой Отечественной войне. Много нового открывается сейчас. Например, правда о числе погибших, о дальнейшей судьбе (нередко трагической) тех, кто воевал. О тяжелом труде простых тружеников войны. О тех фронтовиках, кто и после завершения войны достойно нес звание солдата. Об одном из них пойдет речь. О простом пареньке, прошедшем все 1 418 дней войны и вернувшемся Героем Советского Союза. Жалел Кизатов родился в небольшом ауле Карагай Есильского района Северо-Казахстанской области. В феврале 1940 года его призвали, как и других сверстников, в ряды Красной Армии. Попал он служить в причерноморские части. 22 июня 1941 года, когда началась Великая Отечественная война, воинская часть, в которой служил рядовой Жалел Кизатов, была отправлена в Одессу, а затем на защиту Крыма. На фронте воюют все. Но в разведчики артиллерии отбирают самых умелых, грамотных и надежных. Разведчики, как саперы, ошибаются только раз. По роду своей деятельности разведрота артиллерии всегда в соприкосновении с врагом, постоянно на острие атаки, а нередко разведчики находятся в тылу врага, откуда передают ценные сведения своим командирам. На всю жизнь запечатлелись в солдатской памяти неимоверные ужасы войны. Позже Жалел Кизатов вспоминал: «Занимался рассвет, бледнело небо, и все чаще насвистывали пули, взбивая глинистую землю над бугорком вокруг окопа и насыпью траншей. В такие моменты и голову поднять невозможно». И в целом, где бы и сколько ни воевал боец из Казахстана, его не покидало чувство омерзения к войне. В Крыму после жестокого боя, выбравшись из воронки, солдат огляделся по сторонам. «Было жутко смотреть, – писал он позднее в воспоминаниях, – на куски человеческих тел, оторванные руки и ноги, а то и головы. Везде беспомощно стонущие раненные и умирающие солдаты. Казалось, что в этом широком поле, кроме меня, нет ни одного живого человека. Неужели это и есть конец света?! – со страхом думал я, пробираясь среди трупов». Война стала не только жестоким испытанием для советских людей, она оказалась еще и очень долгой. После боев и отступления в Крыму часть, в которой служил Ж. Кизатов, была переброшена под Сталинград. Во время битвы у волжской твердыни молодой солдат стал лейтенантом. В ходе подготовки этой статьи я просмотрел труды немецких солдат и генералов, которые воевали на другой стороне фронта. В частности, немецкий генерал Гудериан, один из талантливых полководцев гитлеровской армии, так писал об исходе Сталинградской битвы: «Неслыханное поражение всей армии, тяжелые потери, понесенные в этой национальной катастрофе, жестокий разгром которой потерпели наши союзники (речь идет о румынах и итальянцах – авт.), продемонстрировавшие неспособность удержать свои участки фронта по обоим флангам от разгромленной 6-й армии, – все это привело к тяжелому кризису». (Гейнц Гудериан. «Воспоминания немецкого генерала. 1939–1945 гг.» М., 2010. с. 314–315). Виганд Вюстер, молодой офицер, участник боев под Сталинградом, своими глазами видел агонию 6-й армии: «…В город с запада стала прибывать измученная пехота. Там было много раненых, и многие были обморожены. Хромые, со впалыми щеками, грязные и кишащие вшами солдаты медленно ковыляли в городе. Распад армии явно был не за горами». Об этом периоде Ж. Кизатов написал так: «В те дни наш артиллерийский полк вел бои на юго-западе Сталинграда с обессиленными частями Паулюса», а сам молодой офицер принял непосредственное участие в разгроме 6-й армии. После разгрома Сталинградской группировки немцев в войне наступил перелом. Теперь Советская Армия вела уже наступательные операции. В 1943 году солдат из Казахстана воевал на Орловско-Курской дуге, участвовал в освобождении Украины от оккупантов.

Оценивая победу советских войск, маршал Г.К.Жуков в своих «Воспоминаниях и размышлениях» (т. 3, с. 73) писал: «Одним из решающих факторов, обеспечивших победу на Курской дуге, было высокое морально-политическое состояние личного состава наших войск». В 1944 году Жалел Кизатов участвовал в освобождении от фашистов многострадального украинского народа, героическом форсировании Днепра, где шли ожесточенные кровопролитные бои. Он одним из первых переправился на утлой лодчонке через Днепр, закрепился на берегу, откуда корректировал огонь нашей артиллерии. Когда немецкие танки пошли в лобовую атаку, Жалел Кизатов не дрогнул, а встретил их лицом к лицу, как подобает воину, и лично уничтожил одну бронированную махину. Но главное – у фашистов был отвоеван плацдарм, где могли закрепиться переправившиеся через Днепр советские войска. Интересно, но сам Ж. Кизатов говорил о своих подвигах очень скупо и скромно. Об указе о присвоении ему высокого звания Героя Советского Союза батыр из Карагая узнал, когда находился в госпитале. После лечения Жалел Кизатов участвовал в освобождении Белоруссии от гитлеровских оккупантов. Красной нитью в его воспоминаниях и книгах проходит тема великого, бескорыстного подвига представителей многих народов, защищавших Родину. Он писал: «Про них напишут еще немало поэм и романов. Чем не герои отважный сын украинского народа младший лейтенант Дорошенко, армянин Григорий Мазманьян, русский Михаил Макаров, татарин Фатих Мухаммадиев, грузин Мотошвили, комиссар полка еврей Михаил Уманский? А Шевченко, Хоменко, Вялых – разве всех перечислишь? А победа и сила – в дружбе». Жалел Кизатов всегда их помнил, своих братьев-фронтовиков, и до конца жизни повторял дорогие имена, записывал воспоминания. Войну лейтенант Жалел Кизатов завершил в Берлине. Любопытен и показателен такой факт его биографии. Во время войны, когда Ж. Кизатову уже было присвоено звание Героя, командование предоставило ему отпуск. Радостный он отправился домой в родной Карагай. И на всем пути до Петропавловска его встречали знакомые и незнакомые люди и от души чествовали, что страшно смущало молодого человека – он, получив Героя, об этом не распространялся, не любил парадной шумихи. Не сообщил и властям о своем приезде, посчитав это излишним. Сойдя на вокзале в Петропавловске, офицер зашел в буфет. Обедавшая напротив строго одетая женщина подошла к нему и поинтересовалась, кто он такой. Видимо, заметила на гимнастерке звезду Героя. Он отвечал шутливо, типа, хотите познакомиться, может, станете невестой? Узнав точно фамилию офицера, женщина сообщила в областной комитет партии: мол, так и так, сидит здесь в буфете молодой офицер со звездой Героя на груди один. Прибывшие работники обкома (Акылбаев и Кравченко) подтвердили, что да, точно, это их земляк Жалел Кизатов. Потом – встреча в обкоме партии. А Жалел очень хотел домой, в родной аул Карагай. Он так стосковался по родным, ему было всего 24 года. Завершалась эпоха. После окончания войны Жалел Кизатов учился, работал на ответственных должностях в Северо-Казахстанской и Кызылординской областях. Вместе с женой вырастили детей. Будучи депутатом Парламента республики от Кызылординской области, много полезного сделал для людей, активно участвовал в становлении независимого Казахстана. Дочь Героя Гуля Жалелкызы Кизатова сказала мне, что на протяжении всей жизни отец мысленно постоянно возвращался к своему солдатскому прошлому, к своим боевым товарищам. Лица, образы друзей-фронтовиков, показанные Жалелом Кизатовым в его мемуарах, несмотря на ужасы войны, светлы и одухотворенны. Герой Советского Союза Жалел Кизатов умер в 1999 году и похоронен в Кызылорде. Статью, которую вы читаете, я назвал так же, как озаглавлена книга его воспоминаний – «Испытание войной», чтобы люди еще раз добрым словом вспомнили настоящего человека, воина, который не жалел на войне себя и готов был отдать жизнь за Родину, за мир и покой на земле.

// Кызылординские вести.- 2010.- 8 декабря.- С.3.

**Абдикадыркажы ИБРАИМОВ,**
ветеран труда, почетный гражданин Кызылорды.

## МОЙ НАСТАВНИК И УЧИТЕЛЬ

Мое знакомство с ветераном войны и труда, Героем Советского Союза Жалелом Кизатовым состоялось в июне 1968 года. В то время я только переехал жить в областной центр и работал главным агрономом областного управления зерновых культур.

В предыдущий 1967 год наш регион собрал хороший урожай риса. Однако в то время не было элеватора, не хватало складов и специальных площадок для хранения зерновых. Поэтому рис, собранный тружениками Жалагашского и Шиелийского районов, был выгружен прямо на сырую землю, отчего большая часть урожая стала непригодным для использования даже в качестве корма для животных. Конечно, этот неприятный факт сразу же стал достоянием республики и дошел до Москвы. Вопрос рассматривался на самом высшем уровне со всеми вытекающими последствиями. Тогда был снят с должности начальник управления Александр Севастьянов и вместо него назначен Жалел Кизатов, работавший до этого директором Булаевского элеватора Северо-Казахстанской области. С первых же дней работы Жалел-ага нашел общий язык с министром зерновых культур страны Героем Социалистического Труда Золотухиным. Благодаря этому был решен вопрос финансирования небывалых в регионе строительств: элеватора, двух рисовых заводов, завода по производству комбинированного корма, а также общежития на 300 комнат для кадров. Для усиления местных стройотрядов из Алматы была доставлена передвижная мехколонна. Весь процесс строительства упомянутых объектов шел под непосредственным контролем Жалела Кизатова.

Жалел-ага работу на новой должности начал с обновления структуры управления. На руководящие должности стал больше привлекать молодых специалистов. Волею судьбы одним из таких специалистов назначенный в 1969 году директором старейшего рисоперерабатываюшего завода Кызылорды стал я. До работы в новой отрасли я работал помощником председателя горисполкома Долдаша Алисова, азатем и начальником отдела. Позднее без отрыва от производства окончил заочное отделение Алматинского сельскохозяйственного института.

В 1980 году я стал заместителем Жалела Кизатова. В те годы мы в тесном сотрудничестве сумели построить элеватор в Жалагашском районе. В дальнейшем наши трудовые пути разошлись. Судьба меня забросила в Атыраускую область, где я около семи лет проработал начальником местного управления зерновых культур. Однако где бы я ни был, я не переставал считать и считаю Жалела-ага своим учителем и производственным наставником.

Жалел Кизатов - выдающаяся личность, внесшая огромный вклад не только в развитие сельского хозяйства, но и в процветание нашего региона в целом. Он — инициатор ряда новинок, внедренных в рисоводство. Благодаря его инициативе в свое время положительно решился вопрос назначения экологических надбавок жителям Аральского и Казалинского районов.

//Кызылординские вести.- 2010.- 21 декабря

**Идрис КАЛИЕВ,**
ветеран Великой Отечественной войны и труда

## ЧЕЛОВЕК ДОЛГА И ЧЕСТИ

Жалел Кизатов — из той когорты людей, которые беззаветно любят свою Родину и свой народ.

Это он доказал, совершив подвиг в годы Великой Отечественной войны и в мирное время, работая на ответственных должностях. Ж. Кизатов долгое время успешно возглавлял управление хлебопродуктов. Он делал все возможное, чтобы насытить внутренний рынок региона мукой и рисом. В сельском хозяйстве одним из главных задач считается заготовка кормов, и он большое внимание уделял важнейшему для развития животноводства вопросу.

В те годы, когда я возглавлял облисполком, мы вместе с ним отправили в центральные органы предложение о том, чтобы переработанные на местном элеваторе корма оставлять в области, и получили разрешение. Здесь немаловажную роль сыграл и авторитет Ж. Кизатова, которым он пользовался не только в Казахстане, но и во всем тогдашнем Советском Союзе.

Он много сделал для развития сельского хозяйства области, в частности, большая его заслуга в строительстве Жалагашского элеватора.

Болея душой за дело, Ж. Кизатов не забывал о людях и не отделялся от них. Благодаря его энергии и настойчивости был построен многоэтажный дом для работников комбината хлебопродуктов, в одной из квартир которой он проживал вместе с семьей.

Многим чиновникам не нравилась его прямота и правдивость, но он не только смело критиковал недостатки, но и показывал пути их решения, за что его уважал простой народ.

Будучи на заслуженном отдыхе, прославленный фронтовик большое внимание уделял общественной жизни и, в особенности, проблемам Арала. Он заботился о подрастающем поколении, рассказывая о фронтовых буднях, воспитывая в нем чувство любви к Отчизне. Таким, честным и принципиальным, он надолго остался в памяти тех, кто знал его.

//Кызылординские вести.- 2010.-21 декабря.-С.2.

**Нагизхан КАРЫМСАКОВ,**
кавалер ордена «Знак почета», ветеран труда

## ПОСТУПОК, ДОСТОЙНЫЙ ГЕРОЯ

В 1969 году окончив институт, по направлению пришел работать в Жанакорганский зерноприемный пункт. В то время начальником областного управления хлебопродуктов был Герой Советского Союза Жалел Кизатов. Жалел-ага принял меня тепло. Усадив рядом, поинтересовался, откуда я родом, где обучался и т.д., затем перешел непосредственно к самой работе. Он, подробно рассказав о специфике работы этой отрасли, напомнил, что совсем скоро начнется сезон приема зерна, поручив отнестись к нему со всей ответственностью. С этого дня моя жизнь прошла в тесной взаимосвязи с Жалелом-ага. Мы неоднократно вместе выезжали в служебные командировки в другие области и союзные республики. Куда бы мы ни приезжали, всюду люди относились к нему с большим уважением и симпатией. Он всегда был простым и добрым человеком.

Мне особенно запомнился такой случай. В 1973 году я стал директором районной хлебопродуктовой распределительной базы Аральска. Однажды по служебным делам приехал к Жалелу-ага в Кызылорду. Смотрю, сотрудники управления сидят тихо, как мыши. Спрашиваю у них, что случилось. А они в ответ: «Ничего не спрашивай, лучше срочно

возвращайся в свой Аральск». Так и уехал обратно, ничего не поняв толком. А о том, что тогда произошло, узнал позже, когда мы вместе с ним были в Алмате. А дело было вот в чем. Жалел-ага в свое время многое сделал для того, чтобы построили рисовый комбинат. Когда шло строительство комбината, Жалел-ага, как начальник управления, дал заказ на строительство в нынешнем микрорайоне «Шугыла» стоквартирного жилого дома. В то время по закону заказчику здания предоставлялось 10 процентов жилья, еще десять - строителям, остальные предоставлялись городу. И тут Жалел-ага заявляет всем, что не позволит разбазаривать квартиры, в которых так остро нуждаются его сотрудники. Власти его не поддержали, и тогда он приостановил работу комбината, срочно собрал представителей парткома, профсоюзов, комсомола и дал поручение, чтобы все, у кого не имеется жилья, переселились в новое здание. На следующий день его вызывал прокурор области. Жалел-ага отказывался от встречи. Разгорелся страшный скандал, который закончился тем, что горком партии объявил ему выговор. Жалел-ага и на этом не остановился и, собрав все необходимые документы, поехал на прием к Динмухаммеду Кунаеву. Тогда, выслушав его, Д. Кунаев сказал:

- Да, Жалел. Такой поступок может совершить только настоящий герой. Сейчас дам помощнику соответствующее поручение о снятии этого выговора.

Это только одна история, которую я знаю.

//Кызылординские вести.- 2010.- 21 декабря

**Борибай КУЛЬМАНОВ,**
ветеран Великой Отечественной войны и труда

## ОН САМ ПИСАЛ ИСТОРИЮ

- Хотя с Жалелом Кизатовым мы воевали на разных фронтах, но были на войне от самого начала до самого конца.

Он начал свой боевой путь в составе советских войск в Одессе, затем воевал в Крыму, Сталинграде, а за инициативу и смекалку, проявленные в боях на Волге, ему присвоили звание лейтенанта. С первых дней войны он показал себя мужественным и бесстрашным человеком, а за храбрость при форсировании реки Днепра Указом Президиума Верховного Совета СССР ему было присвоено высокое звание Героя Советского Союза.

Я близко познакомился с Ж.Кизатовым в 70-х годах прошлого века. В то время он возглавлял управление хлебопродуктов. Он внес большой вклад в развитие сельского хозяйства области, в частности, принял большое участие в развитии комбината хлебопродуктов, пригласив работать грамотных специалистов.

Он много бывал в районах, уделяя большое внимание сокращению ручного труда и механизации зернотоков и зернохранилищ. Люди всегда тянулись к нему, потому что он чутко относился к проблемам и по возможности помогал решить их, и не случайно, что он был выбран народом депутатом Верховного Совета КазССР.

Находясь на заслуженном отдыхе, Жалел Кизатов не почивал на лаврах, а активно трудился на благо общества в должности председателя областного Совета ветеранов. Он помог многим ветеранам войны и труда в получении необходимых им лекарств, путевок в Дома отдыха и других социальных благ.

Думаю, что такие легендарные личности, как Жалел Кизатов, являются гордостью нации, и его имя навечно вписано в историю области.

//Кызылординские вести.- 2010.-21 декабря

**Мыркы КАНЖАРУЛЫ**

## ГЕРОИ НЕ УМИРАЮТ - ОНИ УХОДЯТ В БЕССМЕРТИЕ

Вчера во Дворце студентов КГУ имени Коркыта-Ата под председательством заместителя акима области Мурата Мухамедова состоялась областная научно-познавательная конференция на тему «Казахстанский патриотизм: цели и задачи», приуроченная к 90-летию Героя Советского Союза Жалела Кизатова. Выступившие профессора КГУ имени Коркыта - Ата Казыбай Кудайбергенов и Меруерт Ансатова, председатель областного совета ветеранов Сеилбек Шаухаманов, ветеран войны Кенесбай Калиев и другие участники конференции рассказали собравшимся о боевом подвиге Жалела Кизатова во время форсирования Днепра, за что он был удостоен высокого звания Героя Советского Союза. Они поделились воспоминаниями о трудовом пути героя в мирное время. Дочь героя профессор университета Гуля Кизатова выразила искреннюю признательность всем кызылординцам за то, что они чтят память ее отца. В этот же день в школе-лицее №23 имени Жалела Кизатова прошла торжественная церемония открытия зала Боевой Славы, где выставлены экспонаты, рассказывающие о жизни этого выдающегося человека.

//Кызылординские вести.-2010.-24 декабря.-С.1.

**2012**

**Мұсабаева Г.Н.**
М. Қозыбаев атындағы СМУ доценті,
заң ғылымдарының кандидаты
**Маликов М.С.**
М. Қозыбаев атындағы СМУ тарих және
заң факультетінің 3 курс студенті

## ТУҒАН ЖЕР БАТЫРЫН ҰМЫТПАЙДЫ

(Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов туралы )

1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысының барлық 1418 күнінде майдан даласында қан кешкен, Кеңес Одағының Батыры атағымен елге оралған біздің жерлесіміз Жәлел Қизатұлы Қизатов 1920 жылдың 9-қазанында Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданы, Жалғызтау тауының етегіндегі шағын Аяққөл ауылында Қизаттың әйелі Жамалдан туады. Ауыл молдасының қойған аты - Ғабдолжәлел болғанымен, ол бала күнінен Жәлел атанып кетті. Отбасындағы жеті баланың аштық жылдарында тек үшеуі ғана аман қалды. Әкесі 33 жасында бақилық сапарға аттанды да, отбасы тауқыметі балалардың үлкені болғандықтан Жәлелдің мойнына түсті. Ауылдағы төртжылдық мектепті бітірген соң, Петропавл қаласындағы ФЗО-ға (Школа фабрично-заводского обучения) оқуға аттанды. Бұл - ауыл жастарын күштеп қаладағы ФЗО-ларға жіберіп жатқан тұс. Ал Жәлел үшін үлкен сәттілік еді. ФЗО-да теміржол слесарь-жөндеушісі мамандығы бойынша оқыған ол мұнда орыс тілін игере бастады. Ынталы бала өзгелерге қарағанда теміржол ісін де, орыс тілін де тез меңгеріп, ФЗО жастарының көш басына шықты. Бірақ, отбасы жағдайы оны қайтадан ауылға қайтуға мәжбүр етті. 1933-1934 жылдары колхозшы болып еңбек еткен ол қыс

айларындағы шаруадан толас шақтарда кітап оқыды, аңшылық құрды, ауыл мергені атанды. Бұдан соң бірнеше жыл «Бұлақ» колхозында есепші болған. Ол білімін Айыртау ауданы, Володаровка (қазір Саумалкөл) селосында ашылған есепшілер курсында арттырады. Колхоздағы қызметі жақсы болғанымен, оқуға, білімге деген құштарлық ықпалымен ол 1936 жылы Ақжар (қазіргі Покровка) ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. Ол техникумда оқып жүрген кез - ел ішінде мұғалімдердің өте аз кезі болатын, мектептерде кадр тапшылығы анық байқалатын, жаңа әліппе негізінде жазып, оқи алатындар ауылдарда жоқтың қасы еді. 1940 жылғы 8 ақпанда әскери комиссариаттан шақыру келгенде ол Қарағай бастауыш мектебінің мұғалімі, әрі меңгерушісі болатын. Ақ финдермен соғысқа баратын шығармын деп ойлаған 20 жасар жігітке атасы Бекмағанбет батасын бергеннен кейін, ол азаматтық борышын өтеуге аттанды. Бұл кезде Жәлел Қизатов партияның мүшелігіне кандидат болатын, Петропавл пединститутының тарих факультетінде сырттай оқитын. Осыдан болса керек, әскери және саяси басшылар оны жаңадан әскерге шақырылғандар мінген әскери эшелонға жетекші етіп тағайындады. Эшелон батысты бетке алды. Осылайша жас солдаттың Украинадағы Чернигов облысы, Нежин қаласы маңында әскери өмірі басталды. Өзгелерден орысша жақсы сөйлей білетінін аңғарған командирлер оны Орта Азия мен Азербайжаннан келген балаларға тілмаш етіп тағайындайды. 1941 жылы 22 маусымда фашисттік Германия Кеңес Одағына соғыс ашты. Қазақ солдаты Жәлел Қизатов қызмет атқаратын атақты Чапаев дивизиясының 422-ші 88 артиллерия полкі толық әскери дайындыққа көшірілді. Ол соғысқа Одесса түбінде кірді. Фронттағы қиын жағдайға қарамастан, құрамында Жалел Қизатов соғысқан дивизия румын-неміс әскерлеріне қарсы шабуыл жасап, соққы беріп отырған. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихында айрықша аталар шайқастардың бірі - Сталинград шайқасы. Жәлел Қизатов осы шайқастың бел ортасында болды. Командирлер жарылған снаряд пен қарша бораған оқ астында өз бөлімшесін шебер басқаратын оны кіші лейтенанттар дайындайтын курсқа жіберді. 1942 жылы курсты өте үздік бітірген оған кіші лейтенант емес, бірден лейтенант атағы беріліп, ол 6-шы батарея командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Оның бөлімі Сталинград көшелерінде ұрыс жүргізді, жас офицер жау әскерінің айла-тәсілін тез түсініп, қарсы әрекет жасайтын, онысы сәтті шығатын, жау есін жиямын дегенше олардың миномет, пулеметтерін, ДОТ, ДЗОТ сияқты атыс ұяларын жойып үлгеретін. Алғыр, тез шешім қабылдайтын, ұрыс басқару ісіне төселген оны қаруластары да, командирлері де мақтан тұтатын, сол кезде-ақ оның ержүректілігінен хабар бергендей кеудесінде бірнеше жауынгерлік медаль жарқырайтын. Ол бұл шайқастан, соғыс тарихындағы ең ауыр ұрыстан, сан мыңдаған адам өлім құшқан майданнан аман шықты.

1943 жылы 28 қыркүйекте 154-ші Чернигов гвардиялық атқыштар дивизиясының взвод командирі, аға лейтенант Жәлел Қизатовқа жаудың Днепр жағалауындағы атыс ұяларын барлауға бұйрық берілді. Ол және оның төрт қаруласы өткен жерде Днепр екі бөлінеді, ортада түбек, сол түбекке келіп жауынгерлерімен түні бойы окоп қазып бекініп алады. Таң жарығымен айнала көріне бастағанда Жәлел Қизатов биноклымен барлық жерді барлап, көрінген жау бекіністерін картасына түсіріп алады. Кеңес әскері шабуылға шыққанда артиллерияға жау нүктелерінің координаттарын дәл беріп, атыс нүктелерін жойып, біздің әскердің жолын тазалап берді. Днепрдің сол жағалауына алғашқылардың бірі болып өткен. Немістің бірнеше шабуылдарына тойтарыс беріп, өз қолымен бір танкісін қиратқан. Ең бастысы - Днепрден өткен кеңес әскерлері бекінетін плацдарм алынды. Ол жайлы Жәлел Қизатов өзінің «Өмір өткелдері» повестінде былай еске алады: «Біздің қалған взводтар да Днепрдің оң жағына есен-сау өтті. Қарсы алдық. Қуанышымыздың шегі жоқ. Жолдастарымызбен құшақтасып, сүйісіп жатырмыз. Сырттан бізді білмейтін біреулер қарап тұрса: Көптен бері көріспеген достар бірін-бірі қатты сағынып қалған ғой! - дер еді». Осы бұйрықты орындау барысында әскердегі күндерін бірге бастаған, соғыстағы барлық

қыиншылықтарды бірге көрген ұлты өзбек Абдразақов Сұлтан деген жан жолдасынан айырылады. Жәлел Қизатов қолынан жараланады. Осы ерлігі үшін Жәлел Қизатов Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды. Батыр атағы берілгенін Жәлел Қизатов госпитальда жатқан кезінде 1944 жылдың 15 қаңтарында қабылданған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы жарияланған «Правда» газетінен оқып біледі. Онда: «Командованиенің жауынгерлік тапсырмасын тамаша орындап, Днепрден өткенде көрсеткен асқан ерлігі мен батырлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы өзінің 1944 жылғы 15 қаңтарындағы Жарлығы бойынша төмендегі солдаттар мен кіші офицерлер мен генералдарға Кеңес Одағының Батыры атағы берілсін» - деп жазылған. Сол тізімнің ішінде лейтенант Жәлел Қизатов та болған. Жәлел Қизатов Одесса, Қырым, Сталинград, Белоруссия майдандарында фашистермен күресті. Фашисттердің хайуандығын ол өз көзімен Белоруссия жерінен көрді. Хатынь селосының барлық тұрғындарын – 149 ересек адамын, 76 жас баласын мал қорасына қамап өртеп жіберген. Александровка селосында фашистер бір әйелдің ішін тіліп жібергенде, құрсағындағы баласы жерге түскенін көрген адамдардың жынданып кетуі, жас қыздар мен балаларды «ормандағы 89 партизандармен байланыс жасайсыңдар» деп топ-тобымен дарға аса бергенін естіген кеңес жауынгерлерінің жүрегін кек кернейді. Жәлел Қизатов екінші дүниежүзілік соғысқа басынан аяғына дейін қатысқан. Батыр қалалар Одесса, Керчь, Сталинградты қорғауға, Украина, Белоруссия, Польшаны фашисттерден азат етуге қатысты, Германия жерінде соғысты. Ол 1945 жылы Жоғары артиллериялық офицерлік мектебін бітірді, капитан шенінде сол жылы елге оралды. Соғыстан соң еңбек майданындағы өмірі басталды. Жәлел Қизатов 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. 1947-1950 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Ленин аудандық атару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Ол соғыстан кейін әлсіреген шаруашылықты қалпына келтіру, ел әл-ауқатын көтеру жұмыстарының алдыңғы шебінде болды. Өзі үшін емес, елі үшін еңбектенді. Енді ол сонау бала кезі мен колхозшы болып жүрген жасөспірім шағындағы адамдарды ауыр еңбектен құтқару, жерді өңдеуді жетілдіру сияқты армандарын жүзеге асыруға кірісті. Өзінің қол астындағы қызмет еткен адамдарға жанашырлықпен қарады. 1950-1952 жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебінде оқыды. 1952-1957 жылдары Булаев ауданды атару комитетінің төрағасы қызметін атқарған ол ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты. Ойлағанын бетке айтатын, ешкімнен қаймықпаған тік мінез болған. Сонысымен жоғарғыларға жақпай, қызметін төмендетіп Жәлел Қизатов 1957 жылы Булаев ауданына Таман дивизиясы атындағы совхозға директор болып тағайындалды. Осында 1963 жылға дейін еңбек етті. Ж.Қизатов 1954-1958 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің (4-ші шақырылым) депутаты болып сайланды. 1963-1968 жылы Қарақоға элеваторының директоры болды. Оның ұсынысы бойынша бірінші рет совхозда элеватор құрылысының жаңа технологиясы қолданыла бастады. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті үлкен сенім артып, 1968 жылы Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасына бастық етіп жіберді. Ол облыс экономикасын дамытуға, әсіресе ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп саласына елеулі үлес қосты. Бұл - Қызылорда облысында жақсы астық элеваторлары жоқ, жиналған күріштің ысырап болу жағдайлары көкейтесті болып тұрған кез еді. Оның белсенді араласуының нәтижесінде Қызылорда астық өнімдері комбинаты, Шиелі, Жалағаш элеваторлары салынды. «Батырдың қаһары - еліне қорған» демекші бейбіт өмірде де батырлығын танытты. Еңбек жолын Жәлел Қизатовтың басқарған басқармасынан бастаған «Құрмет Белгісі» орденінің иегері, еңбек ардагері Нағызхан Қарымсақовтың Жәлел Қизатов туралы естелігінде былай деген: «Кезінде облыстағы ірі өндіріс орындарының бірі - күріш комбинатын салуда Жәкең көп еңбек сіңірді. Осы зауытты салып жатқан кезде Жәкең басқарма бастығы ретінде қазіргі «Шұғыла» шағын ауданынан 100 пәтерлі үй салуға тапсырыс береді. Ол уақытта үйге кім тапсырыс берсе сол 10 пайызын, салған

құрылысшылар да 10 пайызын алатын. Одан басқа жергілікті атқару комитетіндегілер де өз үлесін алатын. Жәкең ондағыларға мамандарының 70 пайыздайы үйсіз жүргенін, артық пәтер бере алмайтынын айтады. Ал олар оған келіспейді. Сонан комбинатқа ашумен келген Жәкең партком, кәсіподақ, комсомол және тұрғын үй шаруашылығының басшыларын шақырып алып, кімнің үйі жоқ, солар дайын үйге кіріп алсын деп тапсырма береді. Сөйтіп, комбинаттың жұмысын кешке дейін тоқтатады. Болған жайды естіген облыс прокуроры келесі күні Жәкеңді шақырады. Бірақ, ол бармайды. Оның арты айқай-шуға ұласып, ақыр соңында қалалық партия комитеті Жәкеңе сөгіс беріп тынады. Оған көнбеген ол бар қағаздарын жинап алып, сол кезде елді басқарып отырған Дінмұхамед Қонаевқа кіреді. Болған жайды айтады. Сонда батырды мұқият тыңдаған Димекең: - Әй, Жәлел! Батырдың аты батыр ғой. Сенің мына істегенің батырдан басқаның қолынан келмейді. Қазір мен көмекшіме тапсырма беремін, - дейді. Сөйтіп, облыстық партия комитетіне хабарласып, берген сөгісін алдырып тастатады». 1988-1997 жылдары Қызылорда облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумы төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарған ол ел экологиясын сауықтыру, табиғатты қорғау, сақтау ісіне қатысты өте ауқымды жұмыстар атқарды. Ол жалпы мемлекеттік деңгейде Арал экологиялық апат аймағы мәселесін көтерді, Арал маңы экологиялық зардаптарына ұшыраған азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Заңды өмірге әкелушілердің бірі болды. Соғыс және тыл ардагерлерінің, Ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылар мүддесін қорғаушылардың алдыңғы сапында да Жәлел Қизатов жүрді. Елі де батырын құрметтеді, азаматын ардақтады. Оған 1995 жылы 28 сәуірде «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді. Кеңестер Одағының ең жоғары наградасы - Кеңес Одағының Батыры атағын алған Жәлел Қизатов 2 рет Ленин орденімен, 3 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, Октябрь Революциясы орденімен, 2 рет Отан соғысы (І дәрежелі, ІІ дәрежелі) орденімен, Құрмет белгісі орденімен және 15-тей медальмен марапатталды. Ол бейбіт кезде Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңда өткен Жеңіс мерекесіне арналған шеруге 2 рет қатысты, Киев қаласының орталық алаңына орнатылған үлкен мемориалды тақтаға жаудан Украинаны азат етуші Батырлар сапында Жәлел Қизатовтың есімі де ойып жазылған. Соғыс кезінде де, бейбітшілік уақытында да елінің азаматы болған, халқына адал қызмет еткен. Елінің нағыз патриоты болған Жәлел Қизатов сияқты азаматтардан қазіргі жастар үлгі алуы тиіс. Жәлел Қизатов 1999 жылы 28 сәуірде өмірден озды. Батырдың өмір жолы ел, халық өмірімен тұтаса тығыз бірігіп кеткен. Меніңше, солай болғандықтан оны ел тарихынан бөліп қарау тіпті мүмкін емес. Сондықтан болар, батырдың өмірі, ерлігі мен ісі кейінгі ұрпақ үшін өнеге, тұстастары үшін, елі үшін мақтан болып қала бермек. Сол себепті оның есімін мәңгі сақтау мақсатында Қазастан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 сәуірдегі №523 аулысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл ауылшаруашылық колледжіне Жәлел Қизатовтың есімі берілді. Қызылорда қаласындағы үлкен көшелердің бірі және сол қаладағы үлкен мектептердің бірі - № 23 мектеп Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов есімінде, тұрған үйінде ескерткіш тақта, батырдың барельефі ойылды, туған ауылы Қарағайда бюсті орнатылды. Өз Отанын жаудан қорғауға аттанған, Отаны үшін өз жанын аямаған миллиондаған жауынгерлерді, соның арасында жерлесіміз Жәлел Қизатұлы Қизатов сияқты жандардың ерліктерін, қазіргі адамдар, әсіресе жастар, ақ ниетпен еске алсақ, ұрпағымызға ұғындырсақ деген ізгі ой бар.

//Межвузовский вестник.- 2012.-№1(18).-С.87-90.

**Жорабек САРБАЛАҚОВ,**
экономика ғылымдарының докторы

## БАТЫРДЫҢ ӨШПЕС ӨНЕГЕСІ

***Өмірде өзінің барлық ықыласын, күшін, еңбегін, ойын ісін, жігерін адамға жақсылық жасауға,елі үшін, халқы үшін қызмет етуге арнаған ер тұлғалар кездеседі. Кеңес Одағының Батыры, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 4 шақырылымының депутаты болған Жәлел Қизатов 1940 жылы ауылшаруашылық техникумын бітірген соң, Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысы басталғаннан бастап, аяғына дейін қатардағы жауынгерден майор дәрежесіне жеткен. Одесса, Керчь, Сталинградты қорғауға, Украина, Белоруссия, Польшаны фашистерден азат етуге қатысқан. Днепр өзені үшін болған соғыста батырлығы мен ерлігі үшін сол кездегі аға лейтенант Ж.Қизатовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.***

Батырдың кейінгі өмірі де елге, халқына қызмет етуге арналды. Басшылық қызметте жүрген жылдары КПСС Орталық Комитетінің Қазақстанда тың және тыңайған жерді игеру жөніндегі қаулысы шығып, Ақмола облысында, ол кездегі Целиноград қаласында Хрущев қатысқан жиналыс болды. Сол жиналыста Қазақстанда тың және тыңайған жерді игеру жөнінде үлкен әңгіме қозғалды. Кеңес Одағы бойынша халықтарды көшіріп әкелу жөнінде, тиісті қаржылар, техникалар, тұқымдар бөлінетіні айтылды. Сөйтіп «жергілікті халықсыз-ақ тың жерді игереміз». Көшіп келгендерге жаңадан үй салып, жаңа поселка жасаймыз дейді,- Хрущев жолдас. «Бұл жөнінде кімде қандай ұсыныстар бар?» дегенде Жәлел ағамыз «жергілікті халықсыз да тың жерді игереміз» дегеніне шыдамай қол көтеріп, сөз сұрайды. Жиналысты басқарып отырған Хрущев бірден сөз береді. Трибунаға шығып, Қизатов ағамыз сөйлей бастайды.

- Никита Сергеевич,тың,тыңайған жерді игеру деген КПСС Орталық партия комитетінің жақсы бастамасын біз біріншіден, қазақстандықтар қолдаймыз. Екіншіден Қазақстан мұны бұрын неге бастамады деген сұрақ туады. Өйткені оны игеретін қаржы, техника, жанар май болмады. Соғыстан кейін қиын жыл болды ғой. Біздің Солтүстік Қазақстан облысында жергілікті адамның көбісі жұмыс таба алмай жүр. Тек қана қаржы, техника, тұқым, жанар май берілсе, өзіміз сырттан кадр әкелмей-ақ тыңайған жерді игереміз. Сондықтан сырттан, басқа республикадан кадр әкелмей-ақ тың, тыңайған жерді игерсек деген ұсынысым бар,- дейді.

Хрущев Қизатовтың сөзінен кейін ашуланып, «бұрын игерсеңдер қайда қалдыңдар. Сырттан адам әкелме деуің-сылтау, мұны КПСС Орталық комитетінің саясатына қарсылық деп білеміз. Сондықтан Қизатов жолдасты жиналыстан соң арнайы қараймыз»,-деді.

Жиналыстан соң қарап, жаңағы ұсынысы үшін аудандық атқару комитетінің төрағасынан босатып және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатынан алынатынын шешті. Жәкең мұндай әділетсіздікке мойымай, төмендеу жұмысын істеп жүре берді.

Кейін өмірдің өзі көрсеткендей тың, тыңайған жерді игеруге сырттан әкелген кадрлардың көбі тұрақтамай, келген жағына кетіп қалды. Жәлел Қизатов үлкен басшылардың алдында тапжылмай, жалтақтамай, «артымда ел бар-ау, оны мен айтпасам кім айтады» деп жеке басына қиын болса да, кейбір жоғары басшылар жақтырмаса да турасын айтатын.

Қизатов Байқоңырдағы космодромның, Арал теңізі тартылуының әсері себеп болған облыстың экологиялық жағдайына қатты алаңдайтын. Соның ең бірінші қадамы КСРО Жоғарғы Кеңесіне іскер, өз ісін жетік білетін дәрігер-басшы кадрды тауып, депутаттыққа ұсыну еді. Сайлау науқанының алдында ол кісі таңертең сағат 9-да кеңсесіне мені шақырды. Облыстық аурухананың бас дәрігері Маханов Тұрғанбаймен аралас-құраластығым туралы сұрады. Мен мектепте бірге оқығанымызды, адами қасиеттерін,маман, басшы ретіндегі

артықшылықтарын айттым. Қасында өзі қатарлы, өзінен 4-5 жас кіші, ел билеген ағаларымыз бар екен. «Сөйтіп облыстық аурухананың бас дәрігері Маханов Тұрғанбайға тоқтайық, оған қалай қарайсыңдар» деп еді, бәрі бір ауыздан «өте дұрыс» деді.

Көп ұзамай Жәкең бастаған ақсақалдар Тұрғанбайды көндіріп, оны депутаттыққа ұсыну науқаны басталды. Осы кезде облыстық партия комитетіне жоғары жақтан нұсқау келеді. Бұрын Жоғарғы Кеңеске депутат болған күрішші А. Балғабаева қайтадан ұсынылуына байланысты, облыстық партия комитетінің нұсқауымен облыстық сайлау комиссиясы Махановтың кандидатурасын тіркемей қояды. Бұл жағдайды ести сала Қизатов бірден облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Әуелбековқа барады. Ол кісі жоғарғы жақтың тапсырмасы екенін айтады.

- Бұл қалай, қазір демократия емес пе? Ол бұрынғы сайлауда КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болғанда облыстың экологиясы жөнінде, Арал теңізінің тартылуы жөнінде бір ауыз әңгіме айтпаған адам қалай тағы да депутат болады. Егер сіз тіркеуге рұқсат бермесеңіз, мен жоғарғы жаққа шығамын,- деп шығып кетеді.

Кеңес Одағының батыры Қизатовтың жеделхатын алғаннан кейін, Колбин жолдас облыстық партия комитетіне және Қизатовтың атына жеделхат жібереді. Онда «Махановты КСРО депутаттығына кандидат ретінде тіркеуге қарсылық болмасын» делінген. Тұрекең барлық кандитаттардың арасынан көп басымдықпен дауыс алып, депутат болып сайланады. Тұрғанбайдың Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайлануы арқасында, Қызылорда қаласында диагностикалық орталық салынды. Жаңа типті аурухана салуды тиісті жоғарғы органдарды жағалап жүріп шешті.

Жәкеңді сегіз қырлы, бір сырлы деуге болады. Бірнеше өлеңдер, повестер, поэмалар, «Ақан Батыр» деректі поэмасы мен соғыс жылдарын еске түсіретін әңгімелер жазған. Өмірден өтсе де мұндай асыл адамдар халықтың жүрегінде ұмтылмай, ұрпақтан ұрпаққа жете беретініне сенеміз. Бұл кісіні мәңгі есте сақтау үшін, бір колледж, жоғары оқу орнын, не болмаса елді мекеннің атын берсе дұрыс болар еді. Облыстың «Құрметті азаматы» атағын неге бермеске? Ұлы Отан соғысында да, елге келгесін де ұмтылмайтын игілікті істерді атқарған, елге ерекше еңбек еткен, тарихта аты қалатын ірі тұлғаны қадірлей білуіміз керек.

//Сыр бойы.- 2012.-5 мамыр.-Б.10

**Жорабек САРБАЛАҚОВ,**
экономика ғылымының докторы

## СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНЫҢ БАТЫРЫ

Бұл өмірге кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр? Ол өмірдің заңы ғой. Ал сол өмірде өзінің барлық ықыласын, күшін, еңбегін, ойын, ісін, жігерін адамға жақсылық жасауға, ел үшін, халқы үшін қызмет етуге арнаған ер тұлғалар кездеседі. Олар бұл өмірден өтсе де, елдің сүйіспеншілігіне бөленіп, ел үшін атқарған қызметі аңыз болып айтылып, халықтың жүрегінде ұмытылмай сақталуда. Сондай өмірде сирек кездесетін ірі тұлғалардың бірі, бүкіл қазақ халқының мақтанышы, қала берді бұрынғы Совет елінің, Совет Одағының батыры, КСРО-ның Жоғарғы кеңесінің 4 шақырылымының депутаты болған Жалел Қизатұлы Қизатовты айтуға болады.

Ол кісі 1940 жылы ауыл шаруашылық техникумын бітірген соң, Қызыл Армия қатарына шақырылып, Отан соғысы басталғаннан бастап, аяғына дейін қатардағы жауынгерден майор дәрежесіне жеткен, 1418 күн соғыс майдан даласында қан кешіп жүріп соғысқан. Соғыста ағамыз Жәлел Қизатов Одесса, Керчь, Сталинградты қорғауға, Украина, Белоруссия, Польшаны фашисттерден азат етуге қатысып, Германия жерінде соғысты.

1944 жылдың қаңтарының 15 күні Днепр өзені үшін болған соғыста аса зор батырлығы мен ерлігі үшін сол кездегі аға лейтенант Қизатов Жәлелге Совет Одағының Батыры атағы беріледі.

Ағамыз Жәлел Қизатовтың соғыстан кейінгі өмірі де, елге, халқына қызмет етуге арналды. 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланады. 1952 жылы Қазақстан Компартиясының орталық комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебін бітіреді.

1947-1954 жылдары Солтүстік Қазақстан облысының Совет атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Сонымен қатар КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаты болады.

Жәлел Қизатов ағамыздың ерлігі, ақылдылығы, соны күні бұрын біліп, алдын болжайтындығы үлкен басшылардың алдында тапжылмай, жалтақтамай, артымда ел бар-ау, оны мен айтпасам кім айтады деп, жеке басына қиын болсада, кейбір жоғары басшылар жақтырмаса да турасын айтудағы батырлығы еді.

1968 жылдан бастап, Қызылорда облысына астық өнімдері басқармасына бастық болып қызмет істегенде, көптеген нәтижелі жұмыстар атқарды. Атап айтқанда облыстағы астық өнімдерін қабылдайтын мекемелерінің материалды-техникалық базасын жақсартуға ерекше көңіл бөлді. Сол кездегі Одақтағы астық өнімдерінің министрі Нурадинов республикалық, облыстық партия органдарының шақыруымен Қызылорда облысына келіп, аралап көріп, материалды-техникалық базасын жақсартуға көмектесті. Нәтижесінде күріш өнімдерін өңдейтін және ұзақ уақытқа сақтайтын элеватор салудың меселесі шешіліп, Қызылордадан салынады. Бұл үлкен нәтижелі іс болды. Соның арқасында күріш орып, бастырып жинағаннан кейін жинайтын орын болмай, шашылып жататын күрішті жинап, ақтап, тазалап үлгіртуді атқаратын үлкен жұмыс болды. Кейін ондай элеватор күріш өнімінің алыбы Жалағаш ауданында салынды. Оны да Жәлел Қизатов жоғары органдардың соңынан қалмай жүріп, сұрап алды.

Қызылорда облысының экологиялық жағдайдың нашарлауы ол кісіні қатты ойландырды. Адам болып өмірге келіп, ес білгеннен бастап, бар өмірін халқына қызмет істеуге арнаған кісі, күні-түні ойланып, қалай оны жақсартуға, қалай оны болдырмай, адам денсаулығына зиянын келтірмеуге, қалай оның зардабын азайтуға болады деген ойлар есінен бір шықпай ұйқысы бұзыла берді. Соның ең бірінші қадамы енді СССР Жоғарғы Советіне депутат сайлауы болайын деп жатыр, неге соған іскер, өз медицина маманын жетік білетін, дәрігер-басшы кадрды тауып, халыққа айтып, депутатқа ұсынып сайламасқа. Сөйтіп Одақтың Денсаулық Министріне барып, жағдайды айтып, аймақтағы экологиямен күресу үшін неге жаңа типті аурухана мен диагностикалық орталық салмасқа? Қызылорда қаласына керек жаңа медициналық озық үлгідегі адам емдейтін жаңа құралдарын әкеліп, оны игеретін мамандарды оқытып, адам өмірін ұзартса, экологияға қарсы күрес болмай ма, деген ойлар келіп, соны іске асыруға кірісті. Соның бір айғағы Маханов Тұрғанбайдың Жоғарғы Советке депутат болып сайлануы. Соның арқасында, Қызылорда қаласында диагностикалық орталықтың салынуына ұйытқы болды. Сол кездегі СССР-дағы Денсаулық Сақтау Министрі Чазовты Қызылордаға келтіріп, Аралға дейін самолетпен көрсетіп, жаңа типті облыстық больница салуға және диагностикалық орталыққа жаңа құрал-жабдықтарды шешуге уәде береді. Сөйтіп Қызылорда облысының экологиясымен күресуге, салынатын больница үлкен күш болады дейді, - Чазов жолдас. СССР-дің Денсаулық Министрі Чазов сол келгенінде Қызылордаға МИ-8 вертолетін сыйлады. Диагностикаға құрал-жабдықтар алуға қаржы бөліп көмектесті. СССР-дің Жоғарғы Советінің депутаты Маханов Тұрғанбай Қызылордаға жаңа типті больница салуды тынбай тиісті жоғарғы органдарды жағалап жүріп, шешті. Москваның Серпухово қаласына болгарлар салуға межеленіп жатқан больницаны Болгарияға барып, көріп ұнатты. Сол кездегі одақтағы Мұнай Газ Министрі Филимоновтың қабылдауында болып, аурухана салынуына шешім қабылданды. Депутат Махановтың ізінен қалмай, тынбай

жұмыс істеу арқасында больницаның құрылысы 1992 жылы басталып, 2000 жылы бітеді. Осы игілікті жұмысты атқаруға сол кездегі облыс әкімі болған Шаухаманов Сейілбектің тікелей басшылық көмегімен және Махановтың қатысуымен облыстық медициналық орталық және диагностикалық орталықтың құрылысы салынды. Облыстық аурухананың салып бітуіне сол кездегі облыс әкімдері Б.Сапарбаев пен С.Нұрғисаевтың да үлестері бар. Оған депутат Маханов жоғарғы жақтан, яғни СССР-дің Қазақстанның Денсаулық Сақтау Министрлігінің көмегі арқасында диагностикалық орталыққа құрал-жабдықтар әкеліпіп, пайдалануға беріледі. Міне, Совет Одағының батыры, Қазақ СССР-нің депутаты Желел Қизатов ағамыздың алдын болжайтын кемеңгерлігінің, елдің жақсы болатынын ойлайтынының куәсі осындай жоғарыдағы әлеуметтік елеулі нәтижеге жеткізді. Сөйтіп Қазақстанда теңдесі жоқ жаңа талапқа сай, болгарлардың салған және жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, облыстық медициналық орталықтың салынуы, сондай-ақ жаңа типті диагностикалық орталықтың пайдалануға берілуі, Қызылорда облысының халқы үшін экологияның зардаптары үшін күресуде үлкен күш болды.

Сол кездегі Жәлел Қизатов ағамызды тағы бір ойландырған жағдай, Аралдың тартылуына байланысты, экологиялық зардаптардың күшейуі қатты ойландырды. Бұл тек қана Қызылорда облысы емес, көрші жатқан Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларына да әсері тие бастады. Бұл жағдайды қалай алдын-ала шешуге болады дүние жүзінде осындай жағдайды шешетін қандай тәжірибе бар деп, дамыл таппай жан-жақты зерттей бастады. Сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, КПСС Орталық партия комитетінің пленум мүшесі Әуелбеков Еркінмен кездесіп, ақылдасып, алдымен бұл мәселені республиканың басшыларымен, депутаттардың алдына, одан кейін КПСС Орталық партия комитеті мен Министрлер Советі мен Одақ депутаттарының алдына мәселе етіп қояйық деп шешеді. Сөйтіп Жәкең Қизатов Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советінің депутаты ағамыз, алдымен Елбасы Назарбаевтың қабылдауында болып, Аралдың экологиялық зардабын толығынан айтып, ол тек қана Қазақстан емес дүние жүзіне де әсері болатынын ғалымдардың болжамына тоқтайды. Елбасы бірден түсініп, тиісті органдарға тапсырма беріп, экологиядан зардап шеккендерге қандай көмек беруге болады, соны да қарастырыңыздар, содан кейін мәжіліс депутаттарының қарауына ұсынуды тапсырады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл тарихи жұмысты өз қолына алып, барлық жағынан көмектесіп, нақты іске асырудың басшысы болды.  Соның нәтижесінде Аралдың экологиясы жөнінде заң жобасы дайындалып, зардап шеккендерге экологиялық коэффицент төлеуді, тағы басқа жеңілдіктер қаралып, Арал экологиясы жөнінде заң қабылданады. Онда Арал аумағының тұрғындарына төленетін жеңілдіктер қарастырылады. Арал теңізінің тартылуын болдырмау жөнінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан жене Түркіменстан бірігіп, одақ құрып, қаражат шығарып, нақты іске асыруға кіріседі. Дүниежүзілік банкі де көмектесіп, жеңілдік несие беруді қолға ала бастайды. Осындай ұлы істердің қозғалуына септігін тигізген, үнемі ел үшін, халық үшін қызмет істеуді ойлайтын Жәлел Қизатов ағамыз тек қана ұлы Отан соғысының батыры емес, соғыстан кейінгі бейбіт өмірдің келелі, маңызды, халыққа пайдасы тиетін жоғарыдағы тарихи ірі мәселелерді шешуге себебі тиген еңбек майданының атақты батыры болды. Осындай экологиясы бар болса да, кең байтақ Сыр елінде бірнеше жыл қызмет істеп, өзінің туған жеріндей болған үш жүздің бас қосқан Сыр елін қимай Жәкең орта жасқа келгенде, жерлестері Көкшетау, қызмет істеген жері Солтүстік Қазақстан облысы коттедж салып береміз, зейнетке шықтыңыз, бізге келіп, өз жеріңізге деп, шақырса да бармады.

Өйткені қанша жыл қызмет істеп, елмен бір кісідей араласып, Сыр елінің экологиясымен күресіп, тарихи жұмыс атқарған жерімді қимаймын. Сыр елінің халқы айрықша бауырмал, жүрегі жайсаң, аққөңіл, адамға жақсылықтан басқаны ойламайтын ерекше екенін қалай ұмытамын және шақырған жаққа кетіп қалсам, Аралдың экологиясынан

қашып кетіп қалғандай боламын. Сондықтан Сыр елінде қаламын деп, ақырғы демі біткенше Сыр еліне жақсылық ойлаумен болды. Міне, қандай ерекше туған, еліне, халқына бар жан-тәнімен берілген, осы заманның, қазақтың пайғамбары сияқты адамы емес пе? Еліміз өз алдына ел болып, еркіндік алғаннан кейін, жүрегімен қуанып, оның ірі проблемасын шешуге қомақты жұмыс істеп, дер кезінде шешуге лайықты үлес қосты. Ол кісіні сегіз қырлы, бір сырлы деуге болады. Соның бірі бірнеше өлеңдер, повестер, поэмалар «Ақан Батыр» деректі поэма және соғыс жылдарын еске түсіретін әңгімелер жазған кітаптары шықты. Өмірден өтсе де мұндай асыл адамдар халықтың жүрегінде ұмытылмай мәңгі, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа тарап, қала беретініне сенеміз.

//Ақмешіт ақшамы.-2012.- 16 мамыр.-Б.15.

**2015**

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ**

# БАТЫР - ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

Барша қызылордалықтардың құрметіне бөленген Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың Солтүстік Қазақстан облысының тумасы екенін екінің бірі біле бермесі белгілі. Биыл тоқсанның бесеуіне толатын оның азан шақырылып қойған аты Ғабдолжәлел болса да, кішкентайынан Жәлел атанып кеткен. Есіл ауданының Жалғызтау етегіндегі шағын ғана Аяккөл ауылында қоңыр күзде дүниеге келген ол тағдырдың тауқыметін тартып өседі. Ашаршылық жылдары шаңырақтағы жеті баланың үшеуі аман қалса, ордабұзар отыздан аса бере әкесі Қизат та бақилық сапарға аттаныпты. Балалардың үлкені болғандықтан ендігі бар қиыншылық Жәлел ағаның мойнына түскен.

Тумысынан еті тірі бозбала ауылдағы төртжылдық мектепті бітіріп, Петропавл қаласындағы ФЗО-ға қабылданады. Онда темір жолдың слесарь жөндеушісі мамандығы бойынша білімін ұштап, орыс тілін меңгеруге де ден қойған. Ынталы өрен көп ұзамай ФЗО жастарының көшбасшысы саналыпты. Алайда отбасы жағдайы оны ауылға қайтуға мәжбүрлеген. Мұнда он үш-он төрт жастағы бозбала колхозшы болып еңбекке араласса, шаруадан толас қыс айларында көркем әдебиет оқып, аңшылық құрған, ауыл мергені атанған.Бұдан әрі «Бұлақ» ұжымшарында есепші болған ол Айыртау ауданының қазір «Саумалкөл» аталатын Володаровка ауылында ашылған есепшілер курсында оқыған.

Колхоздағы қызметі жақсы болса да, білімге деген құштарлық жеңген Жәлел аға 1936 жылы Ақжар (қазіргі Покровка) ауылшаруашылық техникумына оқуға түскен. Ол кездерде елде мұғалімдер өте аз болатын, мектептерде кадр тапшылығы анық байқалатын. 1940 жылдың 8 ақпанындағы әскери комиссариаттың шақыртуымен Қарағай бастауыш мектебінің мұғалімі әрі меңгерушісі Жәлел Қизатұлы Бекмағанбет бабасының батасын алып, азаматтық борышын өтеуге аттанған. КОКП мүшелігіне кандидат әрі орыс тіліне жетік оны әскери және саяси басшылар Орта Азия мен Әзірбайжаннан келген жас сарбаздарға басшы етіп тағайындапты.

Фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл бастағанда Қизатов қызмет атқаратын атақты Чапаев дивизиясының 422-ші артиллерия полкі әскери дайындыққа көшіріліп, Одесса түбіндегі шайқасқа араласқан. Дивизия қиындыққа қарамастан неміс-румын әскерлеріне қарсы тойтарыс беріп отырған. Ұлы Отан соғысы тарихында Сталинград шайқасының орны ерекше десек, Жәлел аға сол шайқастың бел ортасында болған.

1943 жылы 28 қыркүйекте 154-ші Чернигов гвардиялық атқыштар дивизиясының взвод командирі, аға лейтенант Жәлел Қизатовқа жаудың Днепр жағалауындағы атыс ұяларын барлауға бұйрық берілген. Жанындағы төрт қаруласымен өзеннен өтіп, ортадағы түбекке орналасады да, таң білінісімен биноклімен барлап, жау бекіністерін картаға түсірген. Кеңес әскерлері шабуылға шыққанда жау нүктелерінің координаттарын дәл ұсынып, Днепрдің сол жағалауына да бірінші болып өткен. Ең бастысы – бекініс плацдармы алынды. Осы ерлігі үшін оған 1944 жылы 15 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басынан аяғына дейін болған Жәлел Қизатов Одесса, Керчь, Сталинград сияқты батыр қалаларды қорғауға, Украина, Беларусь, Польшаны фашистерден азат етуге қатысса, соғысты Германия жерінде аяқтады. Сол 1945 жылы жоғары артиллериялық офицерлік мектепті бітіріп, елге капитан шенінде жеңіспен оралды.

Туған топыраққа табаны тиісімен Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланған Жәлел Қизатұлы 1947-1950 жылдары Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған.Елі үшін еңбектенген ол соғыстан кейін әлсіреген шаруашылықты қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын көтеру жұмыстарының алдыңғы шебінде болып, адамдарды ауыр еңбектен құтқару, жерді өңдеуді жетілдіру сияқты жасөспірім шағындағы армандарын жүзеге асыруға кірісті, қарамағындағыларға жанашырлықпен қарады. 1950-1952 жылдар аралығында Қазақстан жоғары партия мектебінде оқыса, 1952-1957 жылдары Булаев аудандық атқару комитетінің төрағасы лауазымында болып, ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты.

Ешкімнен қаймықпай, ойлағанын бетке айтатын тік мінез жан жоғарыдағыларға жақпайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан Жәлел ағаның қызметі төмендетіліп, аталған ауданның «Таман дивизиясы» атындағы кеңшарға директор болып тағайындалған. Осында алты жыл тер төккен білікті басшы бұдан әрі бес жыл Қарақоға элеваторына директор болды. Оның ұсынысы бойынша шаруашылықта алғаш рет элеватор құрылысының жаңа технологиясы қолданыла бастаған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сенім артуымен 1968 жылы Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасына бастық болып бекітілген Жәлел Қизатұлы өңір экономикасын өрістетіп, ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп саласын дамытуға елеулі үлес қосқан. Бұл астық элеваторы жоқ аймақта күріш ысырабына жиі жол беріліп тұрған кезең болатын. Сондықтан оның тікелей басшылығымен Қызылорда астық өнімдері комбинаты мен Шиелі және Жалағаш элеваторлары салынды.

«Батыр – еліне қорған» демекші, Жәлел аға батырлығын бейбіт өмірде де көрсетіп баққан. - «Халықтың аузында «күріш зауыты» аталып кеткен аймақтағы ірі өндіріс орнын салуда Жәкеңнің еңбегі өлшеусіз болды,» -деп еске алатын зауытқа ұзақ жыл директор болған марқұм Қарымсақов Нағызхан аға.

Сырбойылықтарға етене таныс Жәлел аға сонау 1954-1958 жылдар аралығында КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланса, зейнет жасына жеткен соң Қызылорда облыстық табиғат қорғау қоғамы президиумының төраға орынбасары және төрағасы болған кездерінде аймақ экологиясын сауықтыруда ауқымды істер атқарды. Ол Арал аймағындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңды өмірге әкелушілердің бірі болды. Сондай-ақ соғыс және тыл ардагерлері, ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылар да Жәлел Қизатұлының назарынан тыс қалмады. Батырын құрметтеген қызылордалықтар оған 1995 жылы 28 сәуірде «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағын берсе, бүгінде облыс орталығындағы №23 мектеп оның есімімен аталады.

Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатұлы 1999 жылы 28 сәуірде өмірден озды. Батырдың тағылымды өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі – өнеге.

//Сыр бойы. - 28 ақпан.-2015 жыл.- Б.9

**Өмір ЕСҚАЛИ,**
**Сәуле МӘЛІКОВА,**
Солтүстік Қазақстан облыстық
мемлекеттік мұрағат директоры

# БАТЫРДЫҢ БЕЙМӘЛІМ ҚЫРЛАРЫ

*Даңқты батыр, елжандылық қасиеттермен ерекшеленген ардақты тұлғаның нақақтан-нақақ «ұлтшыл» атанып, туған жерден еріксіз аластатылуы жайлы мұрағат деректері талай «ақтаңдақтардың» бетін ашады.*

Есіл ауданына қарасты Қарағай елді мекенінен 60-қа жуық ер-азамат майдан даласына аттанып, 28-іне топырақ жат жерден бұйырған екен. Біз мақаламызға осы ауылдың тумасы, күзде 95 жылдығы атанып өтетін даңқты жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың жұртшылыққа беймәлім қырлары мен сырларын арқау етпекпіз.

Жәкен 1920 жылы 9 қазанда Аяққөл ауылында дүниеге келген. Алтыншы сыныпты бітірген соң есепшілік қызмет атқарды. Ленин ауыл шаруашылығы техникумында білім алып, Петропавл мұғалімдер институтында оқуын сырттай жалғастырады. Бастауыш мектептін меңгерушісі болып жүргенде Қызыл Армия қатарына шақырылып, соғысқа 1941 жылдың қыркүйегінен араласады. 1942 жылы Сталинград майданы жанындағы кіші лейтенант тар курсын тәмамдайды. Көптеген ұрыстарға қатысып, Днепр өзенінен өту кезінде ерекше ерлік көрсетеді.

Ол кездері батареяларды басқару взводының командирі, гвардия лейтенанты болған ағамыз «Өмір өткелдері» кітабында (кейін «Өмір мен өлім» деген атпен қайта басылып шықты) былай деп еске алады: «Днепр өзені шабуылдап келе жатқан біздің әскери күштің жолында жатқан үлкен бөгеттердің бірі болатын. Бергі жақтан қуып, тықсырып апарған жауды, Днепрдің арғы жағасына аялдатпайысыра беру керек еді. Біздің әскери бөлімше жаудың алдыңғы шебін айналып өтіп, Днепрге ымырт үйірілген кезде тасаланып келді. Бұл 1943 жылы қыркүйек айы болатын. Түнде біздің взвод арғы жағаға шықты. Барлау жасап, жаудың орналасуын біліп алған соң оқыстан тап бердік. Сөйтіп, жаудың бір бөлігін жойып жіберіп, плацдармын тартып алдық. Таңертең немістер бес танктің көмегімен қарсы шабуылға шықты. Екі танкті арнаулы мылтықпен атып қиратттық. Үшеуі қорғаныс шебімізге дейін келді. Мен алдыңғы танктың шынжыр табанына гранаталар бумасын лақтырдым... Бұл сәтсіздікке ызаланған фашистер үстеме күш қосып алып, қайта-қайта шабуылға шыға берді. Ең ауыр қиян-кескі шайқас жаудың 18-ші шабуылы болды. Ұрыс аяғында орнымнан тұрып қарасам, алдымызда жаудың өлігі бірінің үстінде бірі жатыр. Қираған, өртеніп жатқан танктер қаншама».

Марапаттау парақшасында «Қизатов зеңбіректерден, миномет пен пулеметтерден бораған оқтын астында үш станокты, пулеметты, минометты батареясын барлап, оларды біздің артиллерия заматта жойып жіберді. Сөйтіп, біздің жаяу әскерлердің Днепрдің арғы жағалауына өтуіне мүмкіндік туғызды» деп жазылған. Жағаға шыққанда ол жаудың атыс нүктелері қайда орналасқанын да дәл көрсеткен екен. Осы ерліктері үшін 1944 жылдың 15 қаңтарында оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Бұдан кейін де көптеген ордендермен, медальдармен марапатталған.

1945 жылы жас офицер туған жерге аман-есен оралып, партия, кеңес шаруашылық салаларына белсене араласады. Совет (қазіргі Аққайың) аудандық партия комитетінің хатшылығы қызметіне кіріседі. 1952 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебін бітірген кейін Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауаткомын басқаруға жіберіледі. КСРО, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланады. Соғыс Қазақстанның да экономикасын

күйзелтіп, кері құлдыратқаны мәлім. Бұл туралы жұқалап қана айтылды. Ауылда еңбек ететіндердін әлеуметтік күнкөріс қиындықтары, аграрлық өлкенің алаңдатарлық жайы мадақ сөздердің тасасында қала берді. Облыста егістік жер көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 8,4%, дәнді дақылдар 15,8%, бидай 38,7% пайызға азайып кетті. 1921 жылғы қуаңшылыққа ұқсас жағдай қалыптасып, ауыл шаруашылығына үлкен қатер төнді. Ұжымшарларда әскери тәртіп орнатылып, адамдарға әділетсіз зорлық-зомбылықтар жасалды. Бұл талаптарға мойынсұнбағандар түрлі қудалауға ұшырады. Бір сөзбен айтқанда, сталиндік қуғын-сүргіннің ызғары әлі де сезіліп тұрады.

Өзінің азаматтық борышына әрдайым адал әрі бірбеткей азамат адамдардың шыбыш жанын шырқыратқан мұндай қысастықтарға шыдамады. 1948 жылы облыстық партия комитетінің II пленумында сөйлеген сөзінде Ж. Қизатов ауыл шаруашылығының соғыстан кейінгі жағдайын сипаттай келіп: «Біз 1947-1948 жылдары жаңадан біраз трактор алдық. Бірақ, ауыл шаруашылығы толық механикаландырылған жоқ. Әлі де болса күш-көліктің үлесі көп атқарылады. Ауыл шаруашылығың мамандары, агрономдар облыс орталығында отырып қалған», деп сын садағын түйрейді. Тағы бір пленумда сөз алып, Булаев ауданының мал шаруашылығы жоспарын орындай алмай келе жатқаның талдап-таратып береді. Ірі қараның - 1673, қой-ешкінің – 6569, шошқаның – 1020, құстың 6000 басқа азайғанына, «Победа» ұжымшары әр 100 сиырдан 24 қана бұзау, Сталин атындағы ұжымшар 100 саулықтан небәрі 12 қозы алғанына бұлтартпас дәлелдер келтіреді. Орын алған олқылықтардың себеп-салдарларын атап көрсетеді.

Біріншіден, ұжымшарлар иесіз. 3 жылда басқармалардың 60 пайыздайы ауысқан. Екіншіден, партия, кеңес органдары өз міндеттерін ойдағыдай атқара алмай отыр. Үшіншіден, облыстық партия комитеті кемшіліктерге көз жұма қарап, ымырашылдық танытуын қоймай келеді. Үлкен мінберден бет-жүзін бар деп өткір айту, сойып салу екінің бірінің қолынан келе бермесе керек. Өз сөзін «иесі жоқ жерден жақсылық күтпе», деген халық нақылымен аяқтайды.

Ол уақытта мемлекетке астық тапсыру жоспарларын орындау негізінен ұжымшар төрағаларына байланысты деген көзқарас орныққан еді. Алайда, аграрлық саясатты жүргізудің маңызды тетігі, шешуші буыны кадрлар мен мамандарды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу, олардың орнықты жүйесін қалыптастыру мәселелері жадағай шешілді. Басқарма ұжымшардың жалпы жиналысында «сайланғанымен», шын мәнінде жоғарыдан тағайындалатындықтан, өздерін «жарты құдайдай» сезінетін. «Өз жарғысы негізінде ұйымдасып басқарылады» деп жарияланған ұжымдық шаруашылық демократиясы туралы қағидат аяққа басылып, мемлекеттің ішкі істерге орынсыз араласуы келеңсіз зардаптарға соқтырды. Соның салдарынан басқарма төрағаларының колхозшылар алдында есеп бермеуі, қаржыны, мүлікті, өндірілген өнімді өз қалауынша жұмсауы кең етек алды. Оларға адамдардың тағдырын жеке - дара шешу, тіпті тұрған жерінен басқа жаққа көшіруге дейін құқықтар берілді. Шаруалардың еңбеккүн мөлшері, табысы төрағалардың жеке көңіл - күйіне байланысты болды. Міне, осындай кемшіліктерді ағамыз сынап қана қоймай, алға қойған мақсаттарға жетуге жігерлендірді. Жемшөп базасын жасау, көпжылдық шөп өсіру, сумен қамту секілді тұйықтан шығу жолдарын ұсынды.

Астық өндірісін дамыту үшін агротехникалық шаралардың әлемдік жетістіктерін қолданып, шығымдылық пен сапаны арттыру жөніндегі ұсыныстары әлі күнге дейін құнды дер едік. Экстенсивті түрде егіншілік көлемін орынсыз көбейту салдарынан Қазақстанның солтүстік аймағында ондаған мың гектар жердің жарамсыз болып қалғанын, табиғат ерекшеліктері ескерілмейтінін, агротехникалық шаралар кеш қолданылатынын, кешенді атқарылмайтынын, сападан гөрі сан қуалаушылық тыйылмай отырғанын, тиімді мал түліктері өсірілмейтінін Ж.Қизатов сол кезде айтқан. Бір саусағын ішке бүккен басшылар оны аяқтан

шалудың, сүріндірудің, реті келсе, омақаса құлатудың өздеріне тән «ішкі ойын ережесін» бастап кетті....

Алайда, батыр өзінің бұрынғы атақ - даңқын саялаған жоқ. Тың игеру жылдарында да, одан кейін де ауылдың қиындыққа толы тұрмыс - тіршілігін тиісті орындарға жеткізуде майдандағыдай «жауып тұрған оқтан» жалтарған емес. Шындық жолында Баукең секілді әскери тік мінезді ол «жоғарыдағылардың» тарапынан талай «таяқ» жеп, ескерту, сөгістер алса да еш иілікпеді, ымыраға келмеді. Ол кездері әміршіл-әкімшіл жүйенің тізеге салып сындырудың, қысым көрсетудің қитұрқы айла - шарғылары көп болатын. Оны айғақтайтын құжаттар жергілікті мұрағаттарда жоқ емес. Солардың бірін «сөйлетейік». Атап айтқанда, 1957 жылы Жәкең сол кездегі Қорғаныс министрі, маршал Г. Жуковты лауазымынан босату туралы КОКП ОК пленумының қазандағы шешіміне ашық қарсы шығып, наразылығын білдірген. Бұлайша батыл мінез көрсетуі даңқты қолбасшы басшылығымен соғысуы емес, керісінше, ақыл-ой мен адамгершілік мақсат - мүддені биік ұстауында еді.

50-жылдардың аяғына таман елде жаппай орын алған «жазалау тәртібі» жойылып, қуғын - сүргін құрбандары ақталып жатты дегеннің өзінде «Тілді тарта сөйлеу», «екі елі ауызға төрт елі қақпақ» қою, партиялық ортада «бөгде» ой-пікір айтпау сияқты қатаң талаптар сақталып қала берді. Алматыдағы бір мәжіліске сапарлай шыққан Жәлел Қизатовтың пойыз купесінде партиялық әріптестерімен болған ашық сұхбаты «жариялылықтың самал желі» десе де болғандай. Оның «Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші және екінші хатшылары неге жергілікті жерден емес, неге сырттан әкелінеді? Неге коммунистер орталықтың өзі тағайындаған кадрын сайлау үшін бірауыздан қол көтереді?» деген заңды сауалдары ашық күнгі найзағайдай әсер еткенін болжау қиын емес. Әділеттілікті сөз еткен отты ой - пікірлерін тиісті орындарға қуана жеткізген қызметтестері марапатқа бөленсе, оны «ұлтшылдар» қатарына қосып тынды. Қызметтегі өсу баспалдағы біржола тежеліп, атқарып жүрген лауазымынан еш негізсіз ығыстырылады.

Принципті азаматтың, ұйымдастырушылық қабілет-қарымы зор басшының үстінен жолданған «домалақ» арыздар мен шағымдар «ноқтаға басы сыймаған» батырды туған жерінен кетуге мәжбүрледі. Қолтығы кең, құшағы ашық Сыр бойына дамылдап, пана тапты. Өмірінің соңына дейін осы аймақта тұрып, ірі басшылық қызметтер атқарды. Адалдықты, әділеттілікті ту етіп, таза күйінде өмірден өтті. Артына өскелең ұрпақ әрдайым айта жүретін тамаша із, өшпес мұра қалдырғаны қуантады.

//Егемен Қазақстан.- 2015.-11 шілде.-Б. 8б

**Ардак ЖОЛДАСОВ**

## ПАМЯТЬ СИЛЬНЕЕ ВРЕМЕНИ

Благодарные потомки никогда не забудут героев, спасших мир от фашистской нечисти. В числе отважных воинов был и Жалел Кизатов. Он родился 9 октября 1920 года в ауле Акколь Северо-Казахстанской области. Его отец умер в возрасте 33 лет. В семье было семеро детей, Жалел - старший.

В родном ауле мальчик окончил семилетнюю школу, затем - учеба в ФЗУ в Петропавловске. Учился на железнодорожного слесаря-ремонтника. В 1933-34 годах тру-дился в колхозе. Зимой, когда работы на селе было меньше, читал книги, любил выезжать на охоту. В 1936 году он поступил в Акжарский (Покровский) сельхозтехникум, где проучился три курса.

Повестка из райвоенкомата пришла 8 февраля 1940 года, тогда Жалел заведовал Карагайской начальной школой. В военкомате Жалела признали годным к службе. Поезд взял курс на Украину. Пункт назначения - город Нежин Черниговской области.

...22 июня 1941 года. Весть о вероломном нападении на Советский Союз мигом облетела страну- 422-й артиллерийский I полк легендарной Чапаевской I дивизии, где служил Жалел Кизатов. был немедленно приведен в полную боевую готовность.

Боевое крещение Ж. Кизатов получил в Одессе. Несмотря на тяжелое положение, дивизия, в составе которой воевал Жалел Кизатов, поднималась в яростные атаки и наносила удары по гитлеровцам. На войне и воевали, и одновременно учились воевать. Как противостоять танкам, вести бои в городах, умело пользоваться гранатой, уничтожать пулеметные и минометные ниши неприятеля, определять различные боевые позиции немцев во время разведки в тылу врага, определять координаты по радиотелефонной связи, ориентироваться на местности. Всему этому учил Ж.Кизатов новобранцев, прибывавших на фронт.

В 1942 году Жалел окончил курсы младших лейтенантов. К сентябрю 1943 года гвардии лейтенант Ж.Кизатов командовал взводом управления батареи 154-го гвардейского артиллерийского полка 76-й гвардейской стрелковой дивизии 61-й армии Центрального фронта. Он вместе с бойцами Мазманьяном, разведчиком взвода Мельниковым, телефонистами Хоменко и Бондаревым обеспечивал телефонную связь, ходил на разведку в тыл врага.

Затем Украина... Тогда в каждом подразделении были сформированы мобильные группы по преследованию врага, в них были направлены наиболее подготовленные солдаты и офицеры. Одну возглавлял Ж. Кизатов. Перед мобильной группой батареи была поставлена задача разведать расположение вражеских сил вдоль Днепра, где находятся села Любечко, Молышан. Группа с честью выполнила задачу. Не выдержав натиск советских войск, немцы в спешном порядке оставили Чернигов.

Впереди - Днепр, нужно было не дать врагу опомниться, гнать его на Запад. 28 сентября 1943 года командиру взвода 4-го батальона 154-й гвардейской стрелковой Черниговской дивизии Ж.Кизатову было приказано разведать огневую систему противника на правом берегу Днепра и место для переправы наших войск. Он одним из первых переправился через Днепр в районе села Мысы Репкинского района Черниговской области Украинской ССР и произвёл разведку системы ведения огня в немецкой обороне, после чего до 3 октября успешно корректировал артиллерийский огонь.

Как об этом позже вспоминал Жалел Кизатович, его взвод совершил стремительный обходной маневр и в сумерках подошел к реке. Под покровом темноты бойцы бесшумно переправились на лодках,доставленных украинскими партизанами. Притаившись в овраге, выслали вперед разведку. Она установила, что оборона немцев состоит из системы окопов и 12 блиндажей со скрытыми подступами к ним. Умело сняв часовых и разбившись на небольшие группы, советские воины начали блокировать блиндажи. Мало кому из врагов удалось спастись. Захватив плацдарм, наши бойцы прочно закрепились на нем. Утром фашисты при поддержке танков перешли в контратаку. Ж. Кизатов связался по рации с нашими артиллеристами. С их помощью удалось отсечь немецкую пехоту от танков. Два из них подбили из противотанковых ружей, но остальные три продолжали ползти и достигли переднего края нашей обороны. Ж. Кизатов метнул под гусеницу головной машины противотанковую гранату и подорвал ее. Экипаж подбитого танка был сражен автоматной очередью. Другие бронированные чудовища повернули обратно. Неудача взбесила немцев. Они усилили натиск. Контратакам был потерян счет. Немцы совсем близко подошли к нашим позициям... Тогда командир взвода вызвал огонь своей батареи на себя.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 15 января 1944 года гвардии лейтенант Жалел Кизатов был удостоен высокого звания Героя Советского Союза с вру-

чением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда». В боях на Днепровском плацдарме Ж. Кизатов был тяжело ранен, и о присвоении ему звания Героя Советского Союза узнал, находясь в госпитале.

В 1945 году Ж.Кизатов окончил Высшую офицерскую артиллерийскую школу. В том же году в звании капитана был уволен в запас. В 1952 году окончил Высшую партийную школу при ЦК КП Казахской ССР, в 1969 году — Целиноградский сельскохозяйственный институт. До выхода на пенсию работал начальником Кызылординского областного производственного управления хлебопродуктов. Умер в 1999 году, похоронен в Кызылорде. Имя героя сегодня носят школа-лицей № 23 и улица в Кызылорде, а также Есильский сельскохозяйственный колледж в Северо-Казахстанской области.

//Кызылординские вести.- 2015.-9 апреля

## 2016

**Майра ҚОЙШЫБАЕВА,**
№257 орта мектеп
директорының оқу-ісі
жөніндегі орынбасары

### СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ МЕН МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР, ӨЛЕҢДЕР

Тарихта таңбасы қалған зобалаңдардың бірі 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жарты әлемді қамтыған аламат зұлмат талай шаңыраққа қасірет әкелді. Ел ер-азаматтарынан, бала әкеден айрылды. Сұм соғыс талай жұрттың іргесін шайқалтып кетті. Сыр елінің халқы боздақтарын жоғалтты. Сол жылдардың жанға салған жарасы әлі күнге дейін жазылған жоқ.

Қан майданда ажалмен арпалысып жүріп, ғажайып ерлік жасаған аға ұрпаққа деген құрмет сезіміміз еселене түседі. Елдігіміз бен ерлігімізді, отан сүйгіштігімізді паш етеді. Олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан да ұмытылмайды, ол мәңгілікке қалады. Олар қиын қыстау кезеңде де ынтымақ пен ауызбіршілік таным рухани мәдениетінің биіктігін паш етіп, ән-жырларымен бір-біріне риясыз дем береді. Ұлы Отан соғысы кезінде бәрі де майдан қажетіне арналғаны мәлім.

Жерлес ақындарымыз қалам алып ел халықты рухтандырды. Ақын Асқар Тоқмағамбетовтың Ембідегі Бүкілодақтық мұнайшылар слетіне қатысушыларған арналған үндеу өлеңінде

«Жеңдік!» деген ұлы үнді
Жер, көк айтсын десеңдер,
«Жауды құрттық!» дегенді,
Ел боп айтсын десеңдер,
Мұнайшылар, мұнай бер
Соны сізден сұрайды ел!
«Мұнайшылар мұнай бер! – деп тылдағыларға зор сенім бер артады.

Қашақбай Пірімовтың бастамасымен 1942 жылдың соңғы айларында елде танк колоннасын жасауға қаржы жинау басталды. Бүкіл халықтық қуатты қозғалысқа айналды.

«Қазақстан колхозшысы» атты танк колонналарын құруда Сталиннен алғыс телеграмма алады.

Қашақбай Пірімовтің бастамасы туралы көпшіліктің көңіл күйін Жақан Сыздықов өзінің «Топ жарған ағаға» деген өлеңінде мына жолдармен білдірді.

Елің үшін ерледіңіз,
Ел аузында болды аңыз.
Ең көмекті бергеніңіз,
Уа сабаз-деп ел мақтады.
Ел мақтаса ер көгерер,
Елі үшін туған ермен,
Көсегелі ел көгерер.
Қ. Пірімовтің бастамасы

Жаппай қолдау тапты. 1943 жылдың желоқсанында Қ. Пірімов Алматыға бара жатқанда Б. Момышұлымен кездеседі. Қ. Пірімовпен танысқан Баукеңнің көзі оттай жанып

- «Сіздер тұрғанда, жеңіс біздікі» деп тізесін бүгіп амандасқан көрінеді.

Қ.Пірімовтың жанқияр еңбегі туралы Асқар Тоқмағанбетов:

Екінші біздің депутат
Пірімнің ұлы Қашақбай
Ерегісер кез келсе,
Өткір алмас пышақтай
Күйіркелер дос келсе,
Кең жайылған құшақтай,- деп жырға қосады. Қ.Пірімов өз дәуірінің алға қойған міндеттерін орындауда үлкен қабілеттілік, табандылық, жігерлілік, жинақылық көпшілікті ұйымдастыра білетін шеберлік, ақылдылық, ойлылық көрсетті.

Командирлердің, саяси қызметкерлердің, жауынгерлердің ерліктері, сағыныштары, жырлары ел адамдарына рухани қуат берді.Оларға елден барып жататын жалынды жырлар, ерлікке жігерлендіретін хаттар жауынгерлік күш беріп, әрбір ұрысты жеңіске жетуіне жігерлендірді.

...Әбзәли Егізбаев Воронеж майданындағы шайқасқа қатысады. Әбзәли Егізбаев өлеңдерін әскерге аттанысымен жаза бастаған. Оларды оқып отырсақ елге, ағайын туыстарға, жора жолдастарға деген сағынышы мен ыстық ықыласы, туған жерді аңсау, оны көруге құмарту сезімдері жатыр.

Майдан даласындағы қиян кескі ұрыстарды дәл суреттейді. Оқиғаны шегіне жеткізе баяндайды. Майданда жазған екі дәптер өлеңі 1969 жылы «Жауынгер жүрегі» деген атпен кітап болып басылды.

«Жорық жолында» деген өлеңінде

Сағынған хат жазамын ауылыма,
Алыстап аңсап күткен бауырыма.
Теріп жеп, несібемді жүрмін сыртта
Душар боп, дүлей дәуір дауылына десе «Ауыл адамдарына» деген арнау өлеңінде
Қадірлі Қармақшының елі аманба?
Аға – іні, қатар құрбы дені аман ба?
Аймалап ақ сүт беріп тәрбиелеп,

Өсірген бізді ер етіп, ене аманба? деп келеді де «Воронеж жорығында!» деген ұзақ жырында жауынгерлердің басынан кешірген оқиғаларды түгелдей дерлік баяндайды. Оны оқып отырғанда айтқандарының бәрін бастан өткізіп, жанныңмен сезінгендей әсерде боласың. Ақынның «Анаға хат» атты өлеңі әр адамның көңілінен шығып, ел аузында көптен айтылып жүр.

Жаздым сәлем сағыныш,
Өсірген туып анаға.
Ана деген ардақты ат,
Көрмегелі мінеки,
Екі жыл өтті арада.

Бұдан кейін ақын жауға қарсы шабуылға шығып, ел үшін, Отан үшін жанын пида етуге дайын екендігін былай жырлайды.

Қызыл әскер біз болдық,
Егескен жауды алатын.
Қайғырма, ана қайғырма
Жасыма, ойлап жабықпа.
Туып өскен халыққа,
Күн туар біздер баратын.
Қайыр хош ана, аман бол
Тартатын тарту сізге мол.
Сау көріссек арман сол.
Тілек пенен мақсат сол.
Жеңіспен елге жетерміз,
Қиратып жауды қолма- қол.
Көргенді соңғы-бұрынғы,
Жазуға барлық шынымды,
Аяқтауға жырымды,
Уақытым тығыз, ұзақ жол.

...Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың шығармалары нақты деректерге құрылған. Ұлы Отан соғысының оқиғасы бояусыз, әсірелеусіз суреттелген.

«Днепр» атты деректі поэмасында Ақын батыр Украйна, Польша жеріндегі шайқастағы кездестірген жалғыз қазақ жігіт. Ақан Құрмановқа арналған деректі поэма. Майданда керемет ерлік көрсетіп батырлықпен қаза тапты. Ол қайтыс болған соң Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Ақанның туыстары қазақ батырлары туралы қисса, дастандар тудырған. Сондықтан поэма жазуыңызды өтінеміз,-деп тапсырғандықтан, «Ақан батыр» деген деректі поэма жазып бітірген.

Қару асқан, жауыздардан жасқанбаған
Шебін бұзып, жау қорғанып талқандаған.
Ерліктері халқына аңыз болған.

Қаһарман жас батырдың аты-Ақан деп басталатын поэма Ақан батырдың ерлік істері мен бітім болмысын айрықша бейнелейді. Жәлел Қизатовтың Өмір мен Өлім атты деректі повесінде қарт майдангер Ұлы Отан соғысындағы ұлы ерлікті, өзінің және қанды көйлек жолдастарының сол сұрапыл дауылдағы жанқиярлық еңбеген, асқан ержүректігін, халықтардың достығын, өмір мен өлім белдескен сәтте де жауынгерлер арасындағы шын махаббат, пәк сезімнің болғандығын шынайы әңгімелейді. Шығарманың шоқтығын көтеріп тұрған нәрсе-нақты деректерге құрылғандығы. Ұлы Отан соғысының оқиғасы бояусыз, әсірелеусіз суреттелген.

//Ел тілегі.-16 қараша.-2016 жыл.-Б.9

## 2020

**Д. АМАНГЕЛДІ**

**БАР – ЖОҒЫ 24 ЖАСЫНДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН АЛҒАН**

Қызылорда қаласында 23 – ші мектеп – лицейіне еңбек және соғыс ардагері, Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың есімі берілгені қай заман. бұл уақыт аралығында мектеп те, Кизатовтың бюсті де тозған еді. Десе де, бүгінде мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оқу орнының сыртқы бейнесі тура бір шетелдік стильдегі ғимарат секілді көрінеді. Оның үстіне, мектептің алдында тұрған Жәлел Қизатовтың ескерткіш бюсті жаңғырып, жаңаша қалыпқа енген.

Осы орайда, шара басталмас бұрын ерте келген облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, қала әкімі Нұрлыбек Машбекұлы және білім беру ісінің өкілдері алғы сөз сөйлейтін аймақ басшысын тосты.

Жәлел атамыздың бюстінің алдына еске алу гүл шоқтарын қоймас бұрын, аймақ басшысы Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықова Жәлел Қизатовтың қоғам алдында сіңірген еңбегіне тоқталса, оның бетке тіке айтуы, өз ойын анық жеткізуі, жеріне жанашырлығы келешек ұрпаққа үлгі болуы тиіс екенін шараға келген қонақтар тілге тиек етті.

Жәлел Қизатовтың туғанына тура бір ғасыр толып отырғанына барлық қауым куә. Ол 1920 жылы тоғызыншы қазанда дүниеге келген екен.

Біздің Сыр еліне жұмыс бабымен көшіп келген «Жәлел Қизатұлының Қызылордаға ықыласы ерекше еді» - дейді, көзін көргендер. Ол тіпті біздің жерде жүріп бірталай өлең жазған екен. Онымен қоса, бірнеше авторлық кітаптары бар екені біразға мәлім.

«Әкем екеуміз бос жатқан шалғын далаға бірге келген болатынбыз. Сонда ол қарап тұрды да, мына жерде ыстық, жүгері өндіруге болатынын айтты. Бес жыл өткеннен кейін осы жерде құрылыс басталды. Қарапайым шаруаларға тұрғылықты баспана салынды. Артынша, біз астық жинаудан рекорд орнаттық. Қазіргі кезде еліміздің солтүстік қалаларында әкемнің аты берілген кең көшелер,оқу орындары бар. Ең бастысы, өзі еңбек қылған сыр елінде оның атында көше және осы мектеп – лицейінің аты берілген. Бұл шараны ұйымдастырған облыс әкімшілігі мен қала әкімдігіне Жәлел Қизатовтың балаларының, немелері мен шөберелерінің атынан ыстық ықыласымызды жеткіземіз» - деді, Жәлел Қизатовтың баласы Көмекбай Қизатов.

Ең қызығы, Жәлел атамыздың өзі Солтүстік өңірдің тумасы болса да, оның ұрпақтары бүгінде Сыр елінде еңбек етуде.

Сонымен қатар, Жәлел Қизатов Ұлы Отан Соғысына қатысып, Днепр шайқасында көзге түсіп, бар жоғы 24 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған екен. Бүгінде Украинадағы ескерткіш тақтада батырлардың аты – жөндері жазылған тізімде оның тегі орын алған. Өзге елдің төрінде қазақ батырының аты қашап жазылғаны бүкіл ел үшін зор қуаныш.

//Ақмешіт ақшамы.-2020.-15 қазан.-Б.5.

**Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ**

## «БАР ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ОНЫҢ ЖҮРЕГІ»

Қазақ даласында асқақ рухымен көш бастап, майдан даласында қажырқайратымен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен тұлғалар аз емес. Қаншама жыл өтсе де батырлық үні мен ер есімі ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге алмасып жаңара береді, жаңғыра береді. Себебі артында қалған өнегелі ісі мен Отанға деген сүйіспеншілігі мәңгі ұмытылмайды. Осындай есте сақталған ерлік куәгері – Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатов. Биыл даңқты тұлғаның туғанына 100 жыл толып отыр. Жәлел Қизатов 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Қарағай ауылында дүниеге келеді. Соғысқа дейін ауыл шаруашылық техникумында оқып, кейіннен Петропавлдағы мұғалімдер институтын бітіреді. Алғашқы еңбек жолын мектеп меңгерушісі қызметінен бастайды. Сұм соғыстың қаһарынан қаймықпай, қайсарлық танытқан батырдың ерлік жолы аңызға толы. Одесса, Қырым, Сталинград, Беларусь майдандарында фашистермен шайқасып, Одесса, Керчь, Сталинград қалаларын қорғауға қатысады. Украина, Белоруссия, Польшаны азат етуге және Германия жеріндегі ұрыстарға қатысқан. Днепрді алу кезіндегі көрсеткен ерен ерлігі үшін аға лейтенант Ж.Қизатов КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылдың қаңтар айындағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағын иеленеді. Жәлел Қизатұлы соғыстан кейінгі бейбіт өмірде де ерлікке парапар еңбек етті. Шығармашылық қабілетін шыңдаумен бірге, түрлі қызметті қатар алып жүрді. Ол Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы, облыстық табиғат қорғау қоғамы төралқасының төрағасы, төраға орынбасары лауазымын атқарды. Алғашында аупарткомның І хатшылығын атқарған батыр тұлға күрмеулі мәселеге көңіл бөліп, билік назарына ұсынуға күш салады. Шындық пен әділдікті ту еткен адал жан екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады. Тұлғаның ерлігі тек лауазымды қызметпен ғана шектелмеді. Жәлел Қизатұлы Арал экологиялық апатын мемлекеттік деңгейге көтерген азамат есебінде елге сыйлы болды. Ауған соғысы мен Чернобыль апатына қатысушылардың мүддесін қорғауға белсенділік танытып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлді. Сондай-ақ, жөн-жосықсыз жерді жырту салдары қазақтың ата кәсібіне нұқсан келтіретіні, тың игерушілер санын азайту төңірегіндегі батыл мәлімдемесі бүгінгі ұрпақ жадында сақталды. Көзкөргендердің сөзінше, батыр тұлғаның бойында білектің күші ғана емес, рух еркіндігі мен шығармашылық толғаныс қатар көрініс бергені айтылады. Жәлел Қизатов шығармашылық қырын да толық игере алған дарынды азамат. Оның бірнеше өлең, әңгіме, поэма және повестер жинағы жарық көріп, қазақ әдебиетінде айшықты орын алды. Өзінің «Шарболат» атты кітабында ата-бабадан мұра болған батырлықты былайша жыр етеді: «Қосмұрат өмір асқан батыр болған, Жауын жеңіп, дұшпаннан өшін алған. Атығай Қарауылдың ұрпағымыз, Тұлпары Құлагердің бәйге салған. Бес момынның балдарын Алаш білген, Абай, Ақан, Орынбай дана туған». Дара батыр досқа бай, ортаға қадірлі, еліне сыйлы бола білді. Майдандас достары кіші лейтенант Дороженко, Григорий Мазманьян, Михаил Макаров, Фатих Мухамедов, Мотошвили, Михайл Уманскийді мәңгі жадында тұтып, әсерлі естеліктер жазды. Зиялы қауыммен де араласып, шығармашылық байланыста болды. Әсіресе, қазақтың біртуар перзенттері Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ғабит Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Қалибек Қуанышбаев, Жұмабек Тәшенов, Ілияс Омаровпен кездесіп, пікір алмасты. Азуын айға білеген саясаткерлермен де терезесі тең сұхбат құрып, тың оймен бөліскен. Олардың қатарында Мао Цзе Дун, Хо Ши Мин, Пальмиро Тольятти, Морис Торез секілді әйгілі басшылар бар. Жәлел Қизатұлы Сыр өңіріне айрықша ерек азамат екені мәлім. Оның бір сыры – басшылық қызметте елдің қамын күйттеген жанашырлығы. Ол Еркін Әуелбековпен бірлесіп «Кіші Арал» идеясын жандандырды. Арал, Байқоңыр, Сыр тұрғындарының өзекті мәселесін одақ орталығына

жеткізді. Оған қоса Қытай, Америка елдерінің басшыларын Арал мен Сыр өңірі халқына көмек қолын созуға шақырған үндеу хаттар жолдады. Міне, саналы ғұмырында өшпестей өнеге қалдырып, елінің жоғын түгендеп күн кешкен асыл азамат ел есінде осындай ерен еңбегімен есте қалды. Бейбіт күнде елі үшін еткен еңбегі майдан даласындағы батырлықпен шамалас еді. Қызылордалықтар да қорған болған даңкты перзентінен ризашылық пейілін аямады. 1995 жылы 28 сәуірде Жәлел Қизатовқа «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Қазіргі таңда Қызылорда қаласының бір көшесіне және №23 орта мектепке батырдың есімі берілген. Ерлікке толы өмір сүрген ұлы даланың дара ұлы 1999 жылы 26 сәуірде дүние салды. Сөзіміздің соңын ақын Кәкімбек Салықовтың Жәлел Қизатұлына арнаған өлеңімен түйіндесек: «Кең ашатын әлем салған жүрегін, Сөйлеуші еді түріп батыр білегін. Алатауды ардақтаған Жамбылдай, Мақтаушы еді теңеу жетпес Сыр елін. Иә, солай Сарыарқаның түлегі, Сыр бойында қанат жайды, түледі. Қайда туды, қайда тұрды сөз емес, Бар қазаққа ортақ оның жүрегі».

//Ақмешіт апталығы.-2020.-6 қазан.-Б.3.

## ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Бүгін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Кеңес Одағының батыры, Еңбек және соғыс ардагері Жәлел Қизатовтың 100 жылдығына орай ескерткіш бюстіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысып, рухына тағзым етті. Шараға мемлекет және қоғам қайраткері, академик Бақберген Досманбетов, Қазақ Білім академиясының академигі Бүркітбай Аяған мен Ж.Қизатовтың туыстары қатысты. Олар батырдың елі үшін атқарған еңбегін ерекше атап өтті. Өз кезегінде арда азаматтың ұлы Көмекбай Қизатов тұлғаны құрметтеп, игі шара өткізіп жатқан Сыр жұртшылығына алғысын жеткізді. Жиында аймақ басшысы Кеңес Одағы батырының өмір жолы өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге екенін атап өтті. – Қоғам қайраткері, батыр, ұлтжанды тұлға Жәлел Қизатов есімі өзінің туған жерінде ғана емес, Сыр елінде де құрмет төрінде аталады. Қызылжардағы және Есіл ауданының орталығы Явленка ауылындағы көшелерге, өзі білім алған ауыл шаруашылығы техникумына батырдың есімі берілген. Туған ауылы Қарағайда бюсті орнатылып, мұражай бұрыштары жасалған. Туған жеріміздің дамуында өзіндік қолтаңбасы қалған батыр тұлғаға деген шынайы құрметіміз ретінде Қызылорда қаласының көшесі және №23 мектеп лицейіне батыр есімі беріліп, ескерткіш бюсті орнатылды. «Жақсының аты өшпейді» дегендей, тау тұлға азаматтарымыздың атын ардақтап, келер ұрпаққа үлгі етіп отыру мақсатынан жаңылмақ емеспіз. Елін шын сүйе білген өз ұлтының асыл перзенті, патриоты, ерліктің эталоны Жәлел Қизатовтың есімі мәңгі есте сақталады, – деді Г.Әбдіқалықова. Жәлел Қизатов 1920 жылы 9 қазанда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысында от пен оқтың ортасынан аман-есен оралып, 1944 жылы Днепр өзені үшін болған шайқастағы асқан ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанып, бейбіт күнде елі үшін еңбек етті. Еңбек және соғыс ардагері 1968 жылы Сыр өңіріне келіп, халқының батырға деген құрметіне, ілтипатына бөленіп, тұрақтап қалды. Қызылорда облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы, облыстық табиғатты қорғау қоғамы төралқасы төрағасының орынбасары, қызметтерін атқарды. Облыс экономикасын дамытуға, әсіресе, ауыл шаруашылығы мен өңдеуші өнеркәсіп саласына елеулі үлес қосты.

«Ақмешіт ақпарат»

//Ақмешіт апталығы.-2020.-10 қазан.-4б.

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры

## САРЫАРҚАНЫҢ ШУАҒЫН СЫРҒА ТӨККЕН...

Биыл Қыр мен Сыр елі қосылып 100 жылдығын атап өтетін Кеңес Одағының Батыры Жәлел Қизатұлы Қизатов өзінің «Шарболат» атты кітабында: Қосмұрат өмір асқан батыр болған, Жауын жеңіп, дұшпаннан өшін алған. Атығай Қарауылдың ұрпағымыз, Тұлпары Құлагердің бәйге салған. Бес момынның балдарын Алаш білген, Абай, Ақан, Орынбай дана туған, – деп жырлайды. Ағаның бұл өлең жолдары атам қазақтың қарапайым сөзімен айтыла салғандай болғанмен, әр жағында талай ғасырлар бойы іс жүзінде ғылыми дәлелденген «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады», – деген шындыққа негізделген пәлсапасына саяды. Демек, батыр Жәлел ағаның ерлігі мен өрлігін, қарапайымдылығын, бауырмалдығы мен бақытын, ақындығы мен алыптығын оның түп негізінен іздеу керек. 1944 жылы Днепрден өткендегі жауынгерлік ерлігімен Кеңес Одағының Батыры атағын алғаннан кейін Жәлел аға демалысқа туған ауылы Қарағайлыға тартады. Петропавлға дейінгі жол бойында 24 жастағы қызыл жұлдызды жас офицерге құрмет көрсетіледі. Бірақ Жәлел аға батыр атағын алғанына қуанғанмен, айқай-шуларды, шамадан тыс марапаттауды қаламады, мастанбады. Тіпті өзінің келе жатқанын басшыларға айтуды да артық санады. Пойыздан түскеннен кейін вокзалдағы буфетке кіреді. Сол жерде бейтаныс әйел өзі келіп танысып, аты-жөнін білгеннен кейін обком бас шыларына хабарлайды. Содан тез арада обком қызметкерлері келіп, Жәкең аға мызбен бірнеше кездесулер ұйымдасты рады. Бұдан артық қарапайымдылық бола ма? Жәлел Қизатов соғыс бітіп елге оралғаннан кейін көп ұзамай аупартком ның 1-ші хатшылығына жоғарылатылады. Күрмеуі қиын күрделі мәселелерді жо ғары жаққа жалтақтамай қолма-қол жет кізетін батыр басшысын жерлестері екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп сайлайды. Бұл кез Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру уақыты еді. Жерді жөн-жосықсыз жырта беру қазақ халқын ата кәсібінен айырып, қыспаққа ұшыратады, тың игерушілерді тұс-тұстан топырлата беру жергілікті жұрттың қалыпты өмір ырғағын бұзады деген пікірін жоғары трибунадан ашық айтты. Сол үшін ұлтшыл, тың көтеру саясатына қарсы, теріс пиғылды комму нист деген қаралауға ұшырады. Осы кезде түркі руханиятының Отаны болған, бір кездері талай Алаш алыптарының еңбегімен Астана болған, қиын заманда қазақтың үш жүзінің басы қосылған қасиетті Қызылорданы таңдауы да Жәлел ағаның озық ойының куәсі болса керек. Екіншіден, өмірінің соңғы сағаттарына дейін Сыр елі халқына риясыз, адал қыз мет етуі, жасы біразға келгенде туған жерінің лауазымды інілерінің шақыруына да көнбей тал бесігін кіндік қаны тамған жерінде қалдырып, Сырдың қасиетті жерінің құшағында қалуы оның ерлігі мен кеңдігін дәлелдейді. Бұл да – озық ойдың нәтижесі. Ақын Кәкімбек Салықов Жәлел аға өмірбаянының осы жерін былайша өлеңмен өрнектейді. Кең ашатын әлем салған жүрегін, Сөйлеуші еді түріп батыр білегін. Алатауды ардақтаған Жамбылдай, Мақтаушы еді теңеу жетпес Сыр елін. Иә, солай Сарыарқаның түлегі, Сыр бойында қанат жайды, түледі. Қайда туды, қайда тұрды сөз емес, Бар қазаққа ортақ оның жүрегі. Жәлел ағаның бойындағы тағы бір қасиеті ұлтына, руына қарамай, кім болса да оның адамдық, адалдық қасиетін баға лайтыны, бірінші кезекке қоятыны. Содан да болар өзі жырақ жүрсе де, майдандас достары украин халқының қаһарман ұлы кіші лейтенант Дороженконы, армян Григорий Мазманьянды, орыс Михаил Макаровты, татар Фатих Мухамедовты, грузин Мотошвилиді, полк комиссары еврей Михайл Уманскийді еш уақытта есінен шығарған емес. Олардың қымбатты есімдерін, ерліктерін өмірінің соңғы са ғаттарына дейін ұмытпай, олар жайлы естеліктер жазып, болашақ ұрпаққа жет кізді. Жәлел ағаның жоғарыда хас батырларға тән қасиеттерінің бірі ешкімнің бет жүзіне қарамай

шыңыраудағы шындықты сыртқа шығарып, бетке айтуы дер едік. Ол Батыр орденін кеудесіне лайықты таққан соғыстағы жауынгер ғана емес, бейбіт күннің сапырылысып жатқан қиын да қитұрқы, мылтықсыз майданында да ер атанып өтті. Қазіргі ел үміті болып, қазақ тарихына жазылатын «Кіші Арал» идеясын кезінде інісі Еркін Әуелбековпен тізе қосып, өлі нүктеден жылжытып, жаңа кезеңге қадам бастарған-ды. Арал, Байқоңыр, Сыр және өлке тұрғындары проблемалары Одақ кезінде Мәскеуге, тәуелсіздік жылдары мемлекет басшы лығының әр сатылы деңгейлеріне батыл және принципті қойылып жатты. Жер жерде Арал атын жамылған, елге пайдасы шамалы, шашыранды қорларды Сыр өлкесінің кіндігі – Қызылордаға шоғырландыру үшін де Жәлел аға біраз ізденістер жүргізді, талмай еңбек етті. Шығысы – Қытай, батысы – Америка елдері басшыларына Арал мен Сыр өңіріне көмек қолын созуға шақырған биік принципті, азамат үнді хаттар жолданды. Бұлардың бәрі тек Жәлел ағадай батырдың тәуекелі жететін батыл қадамдар болатын. Бұл жайлы Кәкімбек Салықов: Ерлігі зор өзгеде іс мол тағы, Көз жұмғанша ол Аралды қорғады, – деп жазыпты. Өмірінің соңғы жылдары бар күшжігерін Сыр елі экологиясын жақсартуға, Жер-Ана байлығын, табиғатты қорғауға арнаған Батыр аға осы жолдағы мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып бақты. Табиғат қорғау акцияларын, ақындар айтысын, оқушылармен кездесулер ұйымдастырды, ақпарат құралдарын пайдаланды. Жәлел Қизатовтың өресі биік жылдардың өрелі азаматтармен кездесуі, пікірлесуі, ақылдасуы кездейсоқтық емес. Қазақта «орнында бар оңалар» деген ұлағатты ұғым бар. Соның бір көрінісі деп Жәлел ағаның тікелей ұрпақтары бүгінгі ортамызда жүрген Қизатова Гуля Жәлелқызы мен немересі Гүлнарды айтар едім. Әріптесіміз Гуля зейнетте жүрсе де облыстың қоғамдық өміріне белсене араласып келе жатқан досымыз. Жәлел Қизатов жайлы салиқалы әңгіме жалғаса береді. Өйткені тау тұлғалы ағаның тұғыры уақыт өткен сайын биіктей түседі, бәрімізді өзіне тартады, ізденіске шақырады, жігерімізді қайрайды, жаңа жарқын асуларға бастайды. Бұл – ұлылықтың белгісі. Өкінішке толы өмір ғой. Қан төгіп, Ұлы Жеңісті жақындатқан асыл аға, Жеңістің 75 жылдық тойына жетпей кетті. Саналы өмірінің сапалы кезеңін Сыр елі халқына арнаған Жәлел ағаның рухы асқақтай бермек, оның есімі мәңгі ұмытылмайды.

//Сыр бойы.-2020.-15 тамыз.-11б.

**Әйіп РӘШИТҰЛЫ,**
биология ғылымдарының докторы

## ҚЫЗЫЛЖАРДА ӨСІП, ҚЫЗЫЛОРДАДА ӨРКЕН ЖАЙҒАН

Кеңес Одағының батыры, белгілі қоғам қайраткері Жәлел Қизатовқа мәңгілік мекені Қызылордадан бұйырғанымен, туған жері Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Қарағай ауылы еді.

Батырдың өмір жолына шолу жасасақ, 1940 жылы Покровкадағы ауыл шаруашылығы техникумын бітірген соң, Қызыл Армия қатарына шақырылып, 2-дүниежүзілік соғысына бастан-аяқ қатысады. Соғысты майор дәрежесінде аяқтады. Соғыстан соң туған жерінде аудан басшылығы және кеңшар директоры қызметтерін атқарған екен. Мінезі тік, турашыл, ешкімнен тайсалмайтын азаматтың басшыларға ұнамайтыны белгілі ғой, Жәлел батыр да әділетсіздіктің біраз тауқыметін көрді. Ол туралы Айдос Әбутәліпұлы ағамыз «Солтүстік Қазақстан» газетінде осы жылдың 25 маусым күні жарияланған «Қызылжардың батыр ұлы» деген мақаласында толық жазған екен. Сөйтіп бірқатар азаматтардың қолдауымен Жәлел Қизатұлы 1968 жылы Қызылорда облысына ауысады. Облыстық деңгейде бірқатар абыройлы қызметтер атқарып, өзінің парасаттылығы арқасында Сыр халқының қошемет-құрметіне ие

болады. Иә, солай «Сарыарқаның түлегі, Сыр бойында қанат жайды, түлейді. Қайда туды Қайда тұрды, сөз емес, Бар қазаққа ортақ оның жүрегі», – деп Кәкімбек Салықов ағамыз айтқандай, Жәлел Кизатов бүкіл қазаққа ортақ тұлға еді. Өмірінің ең бір белсенді кезеңін Қызылорда облысында өткізгендіктен, көпшілік оны осы жердің тумасы деп ойлайды екен. Орысы көп солтүстіктей емес, қазағы басым қызылордалықтар батырды ерекше құрметтеді. Оған 2001 жылы Қызылорда қаласында Жәлел Қизатұлының 80 жылдығын атап өткен салтанатқа қатысқан күндері куә болдым. Кәкімбек ағамызбен бірге өткізген сол бір қимас күндерді еске алып, 2003 жылы мамыр айында «Солтүстік Қазақстан» газетіне «Аспанда туған ән» деп мақала жазған едім. Сол мақаламда әуежайда отырып, әкем Рашит пен Жәлел Қизатов жақсы жолдас болғанын, ағам Тасқынның атын Жәлел ағаның қалай қойғанын ақын ағамызға айтып бергенімді еске алған болатынмын. Анамнан естіген әңгімемді лезде өлеңге айналдырған ақын ұшақ ішінде шабыттана отырып: Жалғызтауда ауыл бар Бұлақ деген, Талай сырды талғай бер сұрап менен. Тап қасында «Қарағай» – Жәлел елі, Еске түсіп хикая құратты өлең... Естеліктер азаймас асыл қоймам, Қай заманда ондайға ақын тойған? Тасқын деген інім бар Қызылжарда, Батыр аға Қизатов атын қойған, – деп екпіндете оқып берген-ді. Иә, өмірімде осындай бір бақытты сәттер болып еді. Жәлел әкеміздің құрметіне арналған сол салтанат Қызылорданың Қорқыт Ата атындағы университетінің акт залында өтті. Оған облыс басшылары, соғыс және еңбек ардагерлері қатысып, батыр туралы небір тамаша естеліктер айтылды. Сол жерде «XXI ғасыр қоры» баспасы шығарған «Шарболат» атты батырға арналған кітаптың тұсаукесері болды. Ол кітаптың кіріспесінде «Совет Одағының Батыры Жәлел Қизатов – мына өмірде шынайы батыр болып өткен және бүкіл қазақ халқы үшін аңызға айналған адам. Дүниеде қазақ дейтін халық бар екенін осы Жәлел Қизатов сияқты азаматтар дәлелдеп шықты» деп жазылыпты. Алғашқы бөлімі «Батырға арнаулар», екіншісі «Батырдың өз өлеңдері» деп аталады екен. Кітапты ақтарып отырып, әдемі тізілген сөз кестесін, әсем ұйқастарды, маржан сөздерді көріп ерекше риза болдым. Қымбатым жоқ қазақтың өлеңінен, Өлеңмен ана тілін үйренгенмін, – деп батыр әкеміз өзінің өлеңге деген құрметін көрсетеді. Арыстандай батырдың жүрегі үнемі туған жерін аңсап өткенін мына өлеңдерінен көруге болады. Сонау 1943 жылы жазылған «Ауылым» деген өлеңінде майдандағы жауынгер: Туған жерді еске алып таңданамын, Ағайынға хат жазып толғанамын. Бақ берген, өмір берген анамызсың, Қайда жүрсем өзіңе бел баламын! – деп жырлапты. Бейбіт күндегі «Еліме» деген өлеңі Сыр өңірінде жүргенде жазылыпты. Сағындым Сарыарқаның сары белін, Шоқан, Ақан, Ыбырайдың туған елін. Жан анам дүниеге мені әкеліп, Ұлының кіндік қанын жуған жерін... – дегенінен туған жерін сағынғанын көреміз. Солтүстік Қазақстан облысы Тіл басқармасының басшысы Оспанов Кемел батырдың Қарапа деген қарындасынан туған жиені, ол нағашысының бауырында өскен екен. Өмірінің соңғы айларында қатты ауырып ауруханада жатқанында Жалел аға елден сол баласын шақыртыпты. Келе жатқан хабарды естіген батыр Кемелді қарсы алу үшін әуежайға барғанына қасында жүрген екі дәрігер таңғалып «Кемел деген кім еді, неге сонша әбігер болдыңыз?» деп сұрағанда, «Баламмен бірге туған жерімнің иісі келе жатыр» деген екен асыл азамат. Қорқыт Ата университетіндегі салтанаттың арты концертке ұласқан еді. Түс кезінде шақырылған құрметті қонақтарға ас беріліп, батырға арналған той одан әрі жалғасып жатты. Осы салтанаттың қақ ортасында батырдың ақын інісі Кәкімбек ағамыз жүрді. Мені де шет қалдырған жоқ, батырдың жерлесі деп төрден орын да, сөз де беріп жатты. Кешке бәріміз батырдың үйінде болдық. Кәкең сол жерде тұңғыш рет кеше ғана заңғар биікте дүниеге келген «Соңғы жылдар... Өзгерсе өмір өңі, Жалғыз ғана бар жақсы көңіл емі Тасқын інім Жәлелдей нар тұлғаға, Тірі жүрген ескерткіш көрінеді» – деген өлең жолдарын оқыды, оның шығу себебін де айтып өтті. Ертеңіне университет ректоры Қылышбай Алдабергенұлы Бисенов батырдың мәңгілік мекеніне барып құран оқиық деген ниетімді біліп, облыс имамымен орталық зиратқа алып барған еді. Өмірде небір қызықтар бола береді-ау.

Қылышбай Алдабергенұлымен тура жиырма жыл бұрын Канадаға барған сапарымызда танысып, табысып қайтқан едік. Табысып дейтінім, ол өзімнің ұстазым Әбжан Қожабекұлының құдасы болып шықты. Оның Қынабай деген інісі Әбекеңнің Гүлсара деген қызына үйленген екен. Соны білгенде екеуіміз мұхиттың арғы жағындағы Олдс қалашығының көшесінде бір-бірімізді құда деп бас салып құшақтаған едік. Міне, содан бері сыйластығымыз жарасып келеді, сол жолы құдам келді деп сыйлап, ағамыз жатқан зиратқа алып барды. Жәлел Қизатов қабірінің басына батырдың ескерткіші тұрғызылған екен. Үлкен зират ішіндегі ескерткіштердің еңселісі де, айшықтысы да – сол. Қызылордалықтарға тағы бір риза болдым. Елге, жерге бөлмей бәрін өз бауырына тартқан Сыр еліне қалайша риза болмайсың?! Зират басында құран оқытып, батырдың рухымен іштей тілдесіп жаттым. Туған жерге даңқты жерлесімізге сонау Қорқыт ата елінде көрсетілген құрметті айтып жеткізсем деп тіледім. «Жалғыздау, мұнара едің жеке біткен, Күлімдеп күн қарайды шекеліктен, Мекені Ақан сері, Ыбырайдың, Сен сұлу кең далада бойын күткен» – деп батыр ақын жырлаған туған жеріме келген сайын Жалғыздауға көз тігем. Осы жерден тағы бір ақын шығып, енді Қизатовтың өзін жырға қосса деп аңсаймын. Құдайға шүкір, қызылордалықтар секілді туған жері де батыр ұлын құрметтеп жатыр. Өзі оқыған Есіл ауылшаруашылық колледжіне аты берілді, жыл сайын Жәлел Қизатовтың құрметіне спорт жарысы болып тұрады. Қызылордаға сол сапарымның тағы бір ерекшелігі, Кәкімбек ағамызбен бірге болуым еді. Бірге жүрген екі-үш күн ішінде әлденеше рет Кәкімбек ағамыздың ақын жүрегі тулап, көпшілігіміз елемейтін нәрседен өлең тудырып жатқанының куәсі болдым. «Асылдарды байқа достым, іргеңде, Адам шіркін, барын сыйлай білген бе? Қызылжардың қыран ұлы Жәлелді, Кездестірдім Қызылордада жүргенде. Кең айқарып әлем сыйған жүрегін, Сөйлеуші еді түріп батыр білегін. Алатауды ардақтаған Жамбылдай, Мақтаушы еді Теңеу жетпес Сыр елін» – деп жазыпты Кәкімбек аға бір өлеңінде. Иә, ақын мен батырды жақындастырып, аға-іні қылып табыстырған ақын жүрегінің тынымсыз тулайтындығы екені анық. «Жәлел, Мәлік, Бауыржан мен Рахымжан, Үлгі едіңдер шырғалаңға шақырған. Есімдерің бұл ғаламда сақталар, Тұғыр алған жиырмасыншы ғасырдан» – деген екен Кәкімбек ағамыз. Сол батыр ағаларының артынан ақын ағамыз да мәңгілік мекеніне кете барды. Халқымыздың осындай асыл ұлдарының ізінде баянды да ұмытылмас істері қалды, айшықты жырлары қалды, тұлғалары кейінгі ұрпаққа үлгі болып, жарқын болашаққа бастайды.

//Сыр бойы.-2020.-8 қазан.-Б.4.

**Назерке САНИЯЗОВА**

## ЕЛІНІҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ, ЕРЛІКТІҢ ЭТАЛОНЫ

Биыл – Кеңес Одағының Батыры, еңбек және соғыс ардагері Жәлел Қизатовтың туғанына 100 жыл. Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аясында аймақта ер есімін ұлықтау шаралары өтуде. Соның бірі кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен Қызылорда қаласында орналасқан қаһарман атындағы №23 мектеп-лицейде ұйымдастырылды.

Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралып, 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атанды. Жоғары партия мектебін бітіріп, ел басқару ісіне араласты. Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин, Булаев аудандары атқару комитеттерінің төрағасы, Таман дивизиясы атындағы кеңшардың, Қарақоға элеваторының директоры қызметтерін атқарды. Қазақстан аумағының ядролық сынақ алаңына айналуына қарсылығын ашық білдірген алғашқылардың бірі. 1968 жылы Қызылордаға қоныс аударып, облыстық астық өнімдері басқармасының бастығы, табиғатты қорғау қоғамы төралқасы

төрағасының орынбасары, төрағасы болды. Аймақ экономикасын, оның ішінде ауыл шаруашылығы және өндеуші өнеркәсіп саласын дамытуға атсалысты. Оның жетекшілігімен Қызылорда астық өнімдері комбинаты, Жалағаш және Шиелі элеваторлары салынды. Ж.Қизатов Арал экологиялық апат аймағының түйткілдерін одақ көлемінде көтере білді. Одан зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау мәселесі жөніндегі заңды жетілдірушілердің бірі. Ауған соғысы және Чернобыль апатына қатысушылардың мүддесін қорғау жолында аянып қалған жоқ. Тау тұлғалы азаматтың тағы бір қыры – қаламгерлік қабілеті. Бірнеше өлең, әңгіме, поэма және повестер жинағын жарыққа шығарды. Тәуелсіз мемлекет құру бағытындағы алғашқы жиындарға түгел қатысып, мемлекеттік рәміздерді бекітуде, тұңғыш Конституцияны қабылдауда қолтаңбасын қалдырды. Құдай қосқан қосағы Шәмшібанумен бірге жеті баланы өсіріп, аяқтандырды. Ж.Қизатов – екі мәрте «Ленин», үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденінің, көптеген медаль мен «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағының иегері. – Қоғам қайраткерінің есімі туған жерінде ғана емес, Сыр елінде де құрмет төрінде аталады. Қызылжар мен Есіл ауданының орталығы Явленка ауылындағы көшелерге, өзі білім алған ауыл шаруашылығы техникумына батыр есімі берілген. Туған ауылы Қарағайда бюсті орнатылып, мұражай бұрыштары жасалған. Туған жеріміздің дамуына айрықша еңбек сіңірген тұлғаға шынайы құрметіміз ретінде Қызылорда қаласының көшесі және №23 мектеп-лицейге есімі беріліп, ескерткіш бюсті орнатылған. «Жақсының аты өшпейді» дегендей, тау тұлғалы азаматтарымыздың атын ардақтап, келер ұрпаққа үлгі ету мақсатынан жаңылмақ емеспіз. Елін шын сүйген елінің асыл перзенті, ерліктің эталоны Жәлел Қизатовтың есімі мәңгі есте сақталады, – деді облыс әкімі. Жиында мемлекет және қоғам қайраткері, академик Бақберген Досманбетов, Қазақ Білім академиясының академигі Бүркітбай Аяған, майдангердің туыстары ардақ тұтар абырой иесінің ел үшін атқарған еңбегін ерекше атап өтті. Өз кезегінде ұлы Көмекбай Қизатов тұлғаны құрметтеп, игі шараның өтуіне ұйытқы болған Сыр жұртшылығына алғысын жеткізді. Одан кейін қонақтар батырдың ескерткіш бюстіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

//Сыр бойы.-2020.-10 қазан.-2б.

**Т.СӘТБАЙ,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының докторы

## ЖӘЛЕЛ ҚИЗАТОВ – АЗАМАТ, ЖАУЫНГЕР, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Біздің ұрпақтың өкілдеріне екінші дүниежүзілік соғыстың тірі куәгерлерін көру жазды. Неге екенін қайдам, маған олармен ресми немесе арнайы шақырылған кездесулерден гөрі, бейресми немесе кездейсоқ көргеннен алған әсерлерім зор болды. Жастары егде тартқан, қалың ойға шомып көшеде кетіп бара жатады. Не ойлап бара жатыр, соғыстан қайтпаған майдандас достарын ба, әлде бейбіт күннің келеңсіз көріністерін бе? Бейжай қарай алмайсың. Олармен емен-жарқын сөйлесуге, кәсіби сұхбат алуға жастық, студенттік шақта дайын болмадық. Дегенмен, сирек те болса, олардың бірлі-жарымымен етене жақын сөйлесудің реті келген. «Ұрыс майданы жағдайындағы ең ауыры, ең қиыны неде?» деген сұраққа жауап, шамамен, «соғыстағы ең қиыны – алғашқы күндер, жас жауынгерлік кезең. Дұшпан шабуылы кезінде бірінші болып оққа ұшатын да солар. Тәжірибесі жоқтығынан. Майдангерлердің арасында «алғашқы артиллериялық шабуылдан аман қалғаннан солдат шығады» деген сөз де қалған». Осы сұрақты кейін ауған соғысына қатысқандарға қойғанда олардың жауаптары да

«әкелерінің» жауаптарымен сәйкес келді. Бұл тұрғыдан алғанда Кеңес Одағының батыры Жәлел Қизатовтың жолы болды. Әскери қызметке 1940 жылы шақырылған оның соғыс басталғанға дейін бір жылдық кәсіби жауынгерлік дайындығы болды. Оқу жаттығу кезінде қару-жарақ түрлері мен ұрыс даласындағы жауынгерлік шеберліктің барлық құпиясын жетік игергені сондай, ол соғысқа лейтенант шенінде кірді деуге болады. Бұдан әскерге дейін, оның ауылшаруашылық техникумын бітіргенін, бастауыш мектеп директоры болғанын, сырттай тарих-филология факультетіне түскенін қосыңыз. Сондықтан полк, батальон басшылары оны жас жауынгерлерді дайындауға көп жұмсады. Артиллериялық шабуыл кезінде снарядтардың түсетін тұсын шамалау, снаряд жарылысынан пайда болған шұңқырға жасырына білу, жаудың атыс ұяларын сезіну, окоп ішінде позиция алмастыру, жаудың нысанасына іліккен жағдайда қалай бой тасалау, жақын ұрыстың ұңғыл-шұңғылы, ең бастысы, үрейге бой алдырмау – барлығын жас жауынгерлердің бойына сіңіру оңай емес. Дайындықсыз ұрысқа салынғандықтан, қаншама жас жауынгер соғыстың алғашқы күндері-ақ командирлердің кінәсінан қыршын кетті десеңізші! Арнайы дайындықтан өтпеген немесе атүсті асығыс өткізілген жауынгерлерді ұрысқа салудың салдарынан Кеңес Армиясында шығынның зор болғаны сондай, соғыстан кейінгі жылдары, осы мәселе төңірегінде көптеген жауапты қолбасшыларға өте байсалды кінәлар артылады. Олардың ішінде атақты маршал Г.К.Жуковтың болғаны да белгілі. Осы тұрғыдан алғанда өзінің бай тәжірибесін жас жауынгерлерге барынша беруге тырысқан Ж.Қизатовтың қанша жауынгерлердің өмірін ұзартуға атсалысқанын елестетуге болады. Ж.Қизатовтың ерлігі екінші дүние жүзілік соғысқа бастан-аяқ қатысып, Ұлы Отан соғысының ең ірі шайқастарына қатысқандығында, Сталинград, Курск, Одесса, Керчь және т.б. қалаларды қорғауға, Украина, Белоруссия, Польшаны азат етуге қатысып, Днепрден өткені үшін 1944 жылы Кеңес Одағының батыры атанғандығында, соғысты Берлинде аяқтағанында ғана емес, оның осыншалықты ұрысқа қатысып, жаудың оғын өзіне дарытпай, аман қалғанында, жауды талқандауға үздіксіз және үзіліссіз қатысқандығында, жауынгерлік соғысу өнерінде. Сөйтіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға барынша нақты және жеке үлес қосқандығында болса керек. Бұл тек сайыпқыран сарбаздың, батырдың батырының қолынан келетін тағдырдың жазуы, тұлға болып ерте есейген адамның қолынан келетін ісі. Сондықтан оның өмірі мен қызметінде ел тарихының дамуындағы үрдістер мен негізгі оқиғаларының көрініс табуы заңдылық. Ол жас та болса 1930 жылдардағы кеңестік қуғын-сүргін құрбандарының қасіретті тағдырынан хабарсыз болған емес. Соғыс жылдарындағы оның қызметі жауынгерлік майдан міндеттерімен шектелген жоқ. Жауынгерлер бір-бірінен үйренді, біріне бірі ұстаз бола білді. Бұрынғы бастауыш мектеп директоры және орыс тіліне жетік Жәлел Қизатовтың тәлімгерлік қыры да майдан окоптарында жарқын көрінді. Кеңес армиясы көпұлтты армия болғандықтан, соғыс жылдарында орыс тіліне шорқақ немесе мүлде білмейтін ұлттық республикалардан шыққан жауынгерлер көп болды. Ол сондықтан қай майданда жүрсе де Орталық Азияның түркі тектес өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ және әзербайжан жауынгерлері арасында аудармашылықты қоса атқарды. Осылайша Жәлел Қизатовтың «жауынгерлік және саяси дайындықтары» табысты өсе түсті. Сондай-ақ «Артиллерия» қабырға газетінің редакторы және батарея саяси жетекшісінің орынбасары болып бекітілді. Мақаламызды батырдың армиядағы әскери-тәлімдік бағыттағы жұмыстарына пәрмен бере бастауымыздың себептері де бар. Себебі, мақалаға дайындық жұмыстарын жүргізіп, қажетті материалдарды іріктегенде көптеген авторлар батыр тұлғасының нақ осы бағытына жеткілікті мән бермегендей көрінді. Әрине, Ж.Қизатовты көпшілік әуелден Кеңес Одағының батыры, бейбіт өмірде партия, кеңес орындарында үлкен басшылық қызметте болған адам ретінде біледі. Бірақ оның тарихшы да, бастауыш мектебінің директоры да болғанын екінің бірі біле бермейді. Ұзақ жыл соғыс жағдайында өмір сүрген адамдардың бейбіт өмірге оралуы, бейімделуі оңай болмайды деседі. Алайда, бұл Ж.Қизатовқа қатысты емес. 1945 жылдың соңында демобилизацияланған

батырдың бейбіт өмірдегі мансабы да жаман болған жоқ. Солтүстік Қазақстан облысының тумасы болғандықтан майданнан оралысымен ол әуелгіде Совет ауданы партия ұйымының хатшысы, 1948-1952 жылдары Ленин ауданы атқару комитетінің, 1952-1958-жылдары Булаев ауданы атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1956 жылы Булаев ауданы шаруашылығындағы жоғары көрсеткіштері үшін Ж.Қизатов екінші Ленин орденімен марапатталады. Осылайша, ол енді еңбек майданының батыры атанды. Алайда, осындай жетістіктерге қарамастан батырдың сол жылдардағы Солтүстік Қазақстан облысы басшыларымен қарым-қатынасы шиеленісе түседі. Бұл еліміздегі хрущевтік «жылымық» жылдарындағы шаруашылықтың әпербақандықтарымен байланысты еді. Кеңестік тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны республиканың солтүстік аудандарында үлкен қиыншылықтармен, шаруашылықтардағы берекесіздіктерімен қатар жүрді. «Сырттан маман кадрларды тасымай материалдық-техникалық көмек көрсетілсе өз күшімізбен тың және тыңайған жерлерді игереміз», – деп Н.С.Хрущев қатысқан жиналыста сөйлеуі үшін мінез көрсету қажет еді. Ондай мінезді батыр көрсетті де. Жалпы соғыста ерлік көрсеткеннен, азаматтық өмірде ерлік көрсету ауыр ма деп ойлайсың. 1958 жылы Никита Хрущев КСРО Қорғаныс министрі қызметінен маршал Г.К.Жуковты босатқанда Ж.Қизатов шағын топтағы әңгіме барысында бұл шешімді өткір сынға алады. Оның пікірі облыстық партия комитетіне жетіп, аудандық атқару комитеті төрағалығынан «Тамань дивизиясы» совхозының директорлығына төмендетіліп, қатаң партиялық сөгіс алады. Бейбіт өмірдегі батырды шеттету мұнымен шектелмесе керек. 1964 жылы СОКП-ның қазан пленумында Н.С.Хрущев қызметінен босатылғаннан кейін ғана, одан партиялық сөгісі алынады. Көп ұзамай сол уақыттағы Республика астық өнімдері министрі Е.Н.Әуелбековтің ұсынысымен ол 1968 жылы Қызылорда облысы астық өнімдері басқармасының бастығы болып тағайындалады. Одан соң облыстық табиғатты қорғау қоғамы төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарады. Ж.Қизатов бітімінің келесі бір қыры, оның жазушылығы, батыр 4 кітап жазған және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қайсыбір жылдары батырдың жерлесі, менің курстас досым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркітбай Аяғанмен бірге Ж.Қизатовтың қызы Гуля Жәлелқызының үйінде қонақ болғаным бар. Үйден шығарда Гуля Жәлелқызы әкесінің кітабын сыйлаған. Оқып шықтым. Лайықты еңбек. Әсіресе, автордың «Кескілескен соғыстан соң щұңқырдан шығып жанжағына көз салған жауынгердің көргені жұлынған қолдар мен аяқтар, денесінен ажыраған бас... Күл-паршасы шыққан адам мүрдесіне қарау мүмкін емес. Сұмдық. Әр жерден ыңырсыған, жаны қиналған жаралылар мен өлім аузында арпалысып жатқан адамдар... Осы кең далада менен басқа тірі адам қалмағандай. Қорқынышты оймен өлі денелер арасынан амалсыз жылжи отырып, шынымен де ақыр заман келгені ме деген қорқынышты ой тұла бойымды түршіктіре түсті» деген жолдарды оқығанда маған Л.Толстойдың «Севастополь әңгімелерінен» алған әсерім еріксіз еске түсті. Ж.Қизатов қарапайым жауынгерден қоғам және мемлекет қайраткері деңгейіне дейін көтерілді. Ол 1958 жылдары 3-ші және 4-ші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1990-1993 жылдары 12-ші шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты бола жүріп соғыс ардагерлері мен әлеуметтік жағынан әлсіз отбасыларын қорғаған көптеген заңдардың қабылдануының бастамашысы болды. Еңбек демалысына шыққаннан кейін де Жәлел Қизатов өзінің азаматтық белсендігін бәсеңдеткен емес. Халықтың өзі берген азамат, батыр, қоғам және мемлекет қайраткері бағасына лайықты өмір сүрді. Жәлел Қизатовтың ерлікке толы жауынгерлік, азаматтық, қайраткерлік тәжірибесі бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған қиыншылықтары мен сынақтарын жеңуіне үлгі-өнеге екені күмәнсіз.

//Ақмешіт апталығы.-2020.-10 қазан.-4б.

**Инна БЕКЕЕВА**

## ГЕРОЙ НА ВСЕ ВРЕМЕНА

Вчера в Кызылорде в школе-лицее № 23 состоялась церемония возложения цветов к бюсту Героя Советского Союза, ветерана Великой Отечественной войны и труда Жалела Кизатова в честь 100-летия со дня его рождения. В мероприятии приняла участие аким области Гульшара Абдыкаликова.

Глава региона отметила особые заслуги героя перед народом.

- Имя общественного деятеля, патриота Жалела Кизатова, который внес особый вклад в развитие нашего региона, почитается не только в его родном городе, но и на всей земле Сыра, - сказала Г. Абдыкаликова. - В селе Явленка Есильского района и в Кызылжарском районе в его честь названы улицы. Имя героя присвоено и сельскохозяйственному техникуму, в котором он обучался. В родном селе Карагай установлен его бюст, создан уголок в музее. Его именем названа одна из улиц в Кызылорде, а в школе-лицее № 23 установлен памятный бюст. Имена великих людей не забываются, его жизненный путь всегда будет примером для подрастающего поколения. Жалел Кизатов был патриотом, эталоном мужества, настоящим сыном своего народа, он искренне любил свою страну. Его светлый образ навсегда сохранится в нашей памяти. На церемонии также присутствовали общественный деятель, академик Бакберген Досманбетов, академик Казахской академии образования Буркитбай Аяган и родственники Ж.Кизатова. Они добрыми словами вспомнили его самоотверженный труд на благо людей. Ж. Кизатов родился 9 октября 1920 года в Северо-Казахстанской области. В 1944 году за мужество в битве за Днепр был удостоен звания Героя Советского Союза. После войны он вернулся домой. В 1968 году ветеран приехал в Кызылординскую область, где работал начальником Кызылординского областного управления хлебопродуктов, заместителем председателя, председателем президиума областного природоохранного общества. Он внес значительный вклад в развитие экономики области, в особенности сельского хозяйства и обрабатывающей промышленности. Сын общественного деятеля Кумекбай Кизатов поблагодарил всех за оказанное внимание. - Мы гордимся нашим отцом, - сказал он.

- И рады, что память о его делах до сих пор живет в народной памяти. Для нас - его детей, внуков и правнуков он всегда служит образцом для подражания.

//Кызылординские вести.-2020.-10 октября.-С.2.

**Арыс НУРГАЛИУЛЫ,**
магистрант Кызылординского университета имени Коркыта-Ата

## С ЗАБОТОЙ О НАРОДЕ

Социально-экологические проблемы всегда были в поле зрения Героя Советского Союза, общественного деятеля Жалела Кизатова. В годы своей депутатской деятельности (1990-1993 гг.) он делал все возможное, чтобы улучшить жизнь своих земляков. Он стал собирать необходимые материалы и факты о проблемах Арала, ухудшении экологии Кызылординской области, о трудностях, которые испытывают ветераны Великой Отечественной войны, многодетные семьи, дети-инвалиды, а также о типичных болезнях нашего региона (туберкулёз, гепатит, онкозаболевания и других). Особое внимание он уделял здоровью детей с болезнями желудка и почек.

В своём выступлении на сессии Верховного Совета РК он приводит неоспоримые факты. Ж.Кизатов отметил, что «среди многочисленных проблем Кызылординской области самой актуальной является экологическая. Она связана с высыханием Аральского моря. Катастрофическая обстановка, которая образовалась в Приаралье, привела к массовой болезни и смерти людей, уничтожению животного мира, ухудшению климата. Наибольшим страданиям подвержены дети, женщины, пожилые люди». Ж. Кизатов привёл факты по степени высыхания Аральского моря, загрязнению воды и атмосферы, их влиянию на здоровье жителей этого региона, а также на растительный и животный мир. В обращении к Елбасы Нурсултану Абишевичу Назарбаеву он предлагал решить этот вопрос. Одно из предложений – это строительство шести заводов по переработке молока и производству «Эколакта» мощностью одна тонна в сутки. Благодаря новым технологиям можно было бы выпускать экологически чистую продукцию. Жалел Кизатов добивался решения поставленных проблем. Арал был его болью. 1991 год. Сессия Верховного Совета Казахстана. У депутата Ж.Кизатова был главный наказ избирателей — решить экологические проблемы Приаралья. И он приехал на сессию во всеоружии, взяв с собой различные документы: справки, таблицы, статистические данные, медицинский анализ влияния больной экологии на здоровье людей. Он настойчиво добивался создания постоянной комиссии по экологии. И она была сформирована, Ж.Кизатов вошёл в её состав и впоследствии отстаивал каждый пункт разрабатываемого Закона о Приаралье. Сложившаяся ситуация требовала безотлагательных мер. Вот выдержка из введения в Закон РК №1468-XII «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие экологического бедствия в Приаралье» от 30 июня 1992 года: «Аральская проблема как крупнейшая экологическая катастрофа планеты приобрела острейший характер. Исходя из этого, постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 18 января 1992 года «О неотложных мерах по коренному преобразованию условий проживания населения Приаралья» казахстанская часть Приаралья объявлена зоной экологического бедствия. Интенсивное опустынивание и устойчивые необратимые процессы деградации окружающей природной среды, ухудшение условий жизни, рост заболеваемости вызвали новые социально-экономические и экологические ситуации, требующие законодательного решения и правового регулирования мер социальной защиты населения, проживающего в экологически неблагоприятных районах». С учетом степени тяжести сложившейся экологически неблагополучной обстановки, влияния опустынивания и загрязнения окружающей природной среды на здоровье человека, а также на основании концепции Академии наук Республики Казахстан территория экологического бедствия в Приаралье подразделяется на следующие зоны: экологической катастрофы; экологического кризиса; экологического предкризисного состояния. В зону экологической катастрофы входят территории Аральского и Казалинского районов Кызылординской области, Челкарского района Актюбинской области. В зону экологического кризиса включены территории районов Кызылординской области (кроме указанных выше), Кызылорда и Байконыр, включая населенные пункты, входящие в его административно-территориальное подчинение. В зону экологического предкризисного состояния вошли территории Байганинского, Иргизского, Мугалжарского (в пределах границ населенных пунктов бывшего Мугоджарского района), Темирского районов Актюбинской области; Арысского (в том числе город Арысь), Отрарского, Сузакского, Чардаринского районов, города Туркестана и сельских округов Шага, Жана Икан, Ески Икан, Ушкайык, Иассы, Орангай, Карашык, Жуйнек, Бабайкорган, Шорнак, Жибек жолы, Майдантал города Кентау Туркестанской области, а также Улытауского района (в пределах границ населенных пунктов бывшего Жездинского района Жезказганской области) Карагандинской области. Были приняты меры по социальной поддержке населения. Граждане, проживающие в зонах экологической катастрофы и экологического кризиса и вышедшие на пенсию до 1 января

1998 года, имеют право на пенсию с применением коэффициента за проживание в экологически неблагополучных условиях по зонам: экологической катастрофы — 1,5; экологического кризиса — 1,3; оплату труда, стипендии с применением коэффициента за проживание в экологически неблагополучных условиях по зонам: экологической катастрофы — 1,5, экологического кризиса — 1,3, экологического предкризисного состояния — 1,2; ежегодный дополнительный оплачиваемый отпуск (сверх отпуска, предоставляемого за работу во вредных условиях труда) по зонам: экологической катастрофы — 12 календарных дней; экологического кризиса — 9 календарных дней; экологического предкризисного состояния — 7 календарных дней; одновременно с предоставлением трудового отпуска ежегодно оказывается материальная помощь на оздоровление в размере месячной тарифной ставки или должностного оклада сверх действующих выплат. Пенсионерам и инвалидам, проживающим в зоне экологического бедствия, предоставляется право на преимущественное обеспечение местами в домах-интернатах для престарелых и инвалидов.

Я правнук Жалела Кизатова и горжусь своим прадедом. Защищать Родину на полях сражений — это героизм, но и в мирное время всегда есть место подвигам. Ярким примером тому является мой прадед. Его образ навсегда сохранится в па- мяти народной. Ведь он защищал Родину в кровопролитных боях, отстаивал интересы жителей нашего региона. Хотелось бы, чтобы нынешняя молодёжь не забывала своих героев и тоже могла в любой момент встать на защиту своего Отечества. Нужно быть самоотверженным и уметь ставить интересы народа превыше своих, следует учиться и работать ради процветания нашей страны, нашего народа.

//Кызылординские вести.-2020.-10 октября.-С.2.

## ПОМНИМ СВОИХ ГЕРОЕВ

***Аким области Гульшара Абдыкаликова и аким города Нурлыбек Налибаев приняли участие в церемонии возложения цветов к бюсту памятника Герою Советского Союза, ветерану труда и войны Жалелу Кизатову в честь 100-летия со дня его рождения. Бюст Героя установлен на территории средней школы № 23, носящей его имя.***

В мероприятии также приняли участие государственный и общественный деятель, академик Бакберген Досманбетов, академик Казахской академии образования Буркитбай Аяган и родственники Ж.Кизатова. Они отметили особые заслуги героя перед народом.

Кизатов Жалел Кизатович- командир взвода управления батареи 154-го гвардейского артиллерийского полка (76-я гвардейская стрелковая Черниговская дивизия, 61-я армия, Центральный фронт), гвардии лейтенант.

Родился 9 октября 1920 года в селе Булак ныне Есильского района Северо-Казахстанской области (в различных источниках указаны также аулы Акколь и Карагай) в семье крестьянина. Казах. В своем селе окончил четыре класса, после этого два года учился в школе фабрично-заводского ученичества (ФЗУ) в Петропавловске на железнодорожного слесаря-ремонтника. Затем вернулся обратно в свое село. Окончил курсы счетоводов в селе Володаровка (ныне Саумалколь) Северо-Казахстанской области, работал в своем селе кассиром-счетоводом. В 1936 году поступил в сельскохозяйственный техникум в селе Покровка, где окончил 3 курса, после чего работал учителем и директором начальной школы в селе Карагай.

Призван в армию в феврале 1940 года.

Во время Великой Отечественной войны в действующей армии – с сентября 1941 года. Окончил курсы младших лейтенантов при Сталинградском фронте в 1942 году. В том же году вступил в ВКП(б)/КПСС.

Сражался в составе 422-го (1 марта 1943 года – 154-го гвардейского) артиллерийского полка 157-й (с 1 марта 1943 года – 76-й гвардейской) стрелковой дивизии на Южном, Закавказском, Кавказском, Крымском, Северо-Кавказском, Сталинградском, Юго-Восточном, снова Сталинградском, Донском, Брянском, Центральном, 1-м Белорусском фронтах. Участвовал в обороне Одессы, Крыма, Сталинграда, сражении на Курской дуге, освобождении Украины и Белоруссии.

Особо отличился при форсировании реки Днепр в ходе Черниговско-Припятской наступательной операции.

После выхода подразделений дивизии к реке Днепр 27 сентября 1943 года, находясь в боевых порядках пехоты, корректировал огонь батареи, способствуя стрелковым подразделениям захватить село Мысы (Репкинский район Черниговской области, Украина) на левом берегу Днепра. 28 сентября разведал огневую систему противника, определил место переправы батареи, в числе первых переправился с пехотой через Днепр в районе села Мысы, разведал систему огня в обороне противника на правом берегу. До 3 октября 1943 года, находясь в боевых порядках пехоты, корректировал огонь артиллерии полка, чем способствовал удержанию и расширению захваченного плацдарма.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 15 января 1944 года за образцовое выполнение боевых заданий Командования по форсированию реки Днепр и проявленные при этом отвагу и геройство Кизатову Жалелу присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда»

Участвовал в освоении целинных земель в Северо-Казахствнской области, работал руководителем вновь созданного совхоза имени Молодогвардейцев, затем на руководящих должностях в Северо-Казахстанской и Кзыл-Ординской областях – директором Булаевского элеватора Северо-Казахстанской области, начальником областного производственного управления хлебопродуктов в городе Кзыл-Орда (ныне Кызылорда), где он жил с 1968 по 1999 год.

С 1954 по 1958 год Ж.К.Кизатов являлся депутатом Верховного Совета СССР IV созыва. Избирался также депутатом Верховного Совета Казахской ССР. После выхода Казахстана из состава СССР был депутатом Парламента Республики Казахстан от Кызылординской области.

Скончался 25 апреля 1999 года. Похоронен в Кызылорде. В этом городе на стене дома, где жил Ж.К.Кизатов, установлена мемориальная доска. Имя Ж.К.Кизатова носит Есильский сельскохозяйственный колледж в селе Покровка, там же установлен бюст Героя. Имя Ж.К.Кизатова присвоено улице в городе Петропавловске (2016), а также школе-лицею №23 в Кызылорде.

Он внес значительный вклад в развитие экономики области, особенно в развитие сельского хозяйства и обрабатывающей промышленности.

Перед возложением цветов состоялся митинг памяти, на котором было отмечено, что жизненный путь Героя Советского Союза является примером для подрастающего поколения.

- Имя общественного деятеля, патриота Жалела Кизатова почитается не только в его родном городе, но и на всей земле Сыра,- сказала в своем выступлении Г. Абдыкаликова. – В селе Явленка Есильского района и в Кызылжарском районе названы улицы в его честь. Имя героя присвоено и сельскохозяйственному техникуму, в котором он обучался. В родном селе Карагай установлен его бюст, создан уголок в музее. В честь героя, который внес особый вклад в развитие нашего региона, его имя присвоено одной из улиц в городе

Кызылорда, а в школе-лицее №23 установлен памятный бюст. Имена великих людей не забываются, его жизненный путь всегда будет примером для подрастающего поколения. Имя патриота, эталона мужества, сына народа, который искренне любил свою страну Жалела Кизатова вечно будет храниться в нашей памяти.

- К большому сожалению, с каждым годом фронтовиков становится меньше, отметил аким города Нурлыбек Машбекович Налибаев. – И поэтому власти города трепетно относятся к памяти героев. Но самое главное то, чтобы о подвигах героев помнили представители молодого поколения. Поэтому считаю очень правильным называть школы именами героев и чтить их память.

//Ақмешіт ақшамы.-2020.-15 октября.-С.5.

**2020**

**Зауре Кенесовна КАРТОВА,**
**Гульбахша Нурмукановна МУСАБАЕВА,**
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

## Ж. ҚИЗАТОВТЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Отандық тарихнамада ең аз және үстірт зерттелінген мәселелер тұлғатану саласымен байланысты. Тұлғатану саласының бір маңызды сұрағы – тұлғаны заман қалыптастырады ма, заманды тұлға өзгертеді ме? Тұлға – қашан болса да, өз уақытының жемісі, өз тарихи кезеңінің айнасы.

2018 жылдың 21 қарашасында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қаламынан шыққан бағдарламалық мақалада «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады», - деді [1]. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізінде қоғамдық сананы модернизациялау жобалары тұлғатану саласына дем бергендей. Рухани жаңғыру әр азаматтың кіші Отаны – туып өскен өлкесін, тәуелсіздігіміздің жаршысы болған ерлерді зерттеуге бағытталған. Есімі мен еңбегі қайта жаңғырып аталуы керек тұлғалардың қатарында Солтүстік Қазақстанның тумасы, Кеңес Одағынын батыры, еңбек ардагері, білікті маман, қоғам қайраткері, ауыл шаруашылығының ұйымдастырушысы – Жәлел Қизатұлы Қизатовтың болғанын қалаймыз.

«Өлім екі түрлі. Бірі табиғи өлім, екіншісі рухани өлім. Біздің мақсатымыз шын мәніндегі тарихи тұлғаларды рухани өлтірмеу», - деп академик Манаш Қозыбаев өз еңбектерінде жазып кеткендей, өз жерлесіміздің есімін жаңғыртып, оның еңбегін облыстық қана емес, республикалық деңгейде танымал ету, насихаттау - мақсатымыз пен борышымыз [2].

Батырдын тұлғалық қалыптасуы Солтүстік өңірде өткені баршамызға мәлім. Жәлел Қизатов 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Аяққөл аулында туған. Еңбекте деген құштарлығы жас кезінен байқалды. 12-13 жастағы жасөспірім ауылдағы төртжылдық мектепті бітірген соң, Петропавл қаласындағы ФЗО-ға (Школа фабрично-заводского обучения) оқуға аттанды. Бұл - ауыл жастарын күштеп қаладағы ФЗО-

ларға жіберіп жатқан кезең еді. Ал Жәлел үшін үлкен сәттілік еді. ФЗО-да теміржол слесарь-жөндеушісі мамандығы бойынша оқыған ол мұнда орыс тілін игере бастады. Ынталы бала өзгелерге қарағанда теміржол ісін де, орыс тілін де тез меңгеріп, ФЗО жастарының көш басына шықты. Бірақ, отбасы жағдайы оны қайтадан ауылға қайтуға мәжбүр етті [3, 42 б.].

1933-1934 жылдары колхозшы болып еңбек еткен ол қыс айларындағы шаруадан толас шақтарда кітап оқыды, аңшылық құрды, ауыл мергені атанды. Бұдан соң бірнеше жыл «Бұлақ» колхозында есепші болған. Ол білімін Айыртау ауданы, Володаровка (қазір Саумалкөл) селосында ашылған есепшілер курсында арттырады. Колхоздағы қызметі жақсы болғанымен, оқуға, білімге деген құштарлық ықпалымен ол 1936 жылы Ақжар (қазіргі Покровка) ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. Ол техникумда оқып жүрген кез - ел ішінде мұғалімдердің өте аз кезі болатын, мектептерде кадр тапшылығы анық байқалатын, жаңа әліппе негізінде жазып, оқи алатындар ауылдарда жоқтың қасы еді [3, 45 б.]. Техникумдағы сабағымен қатар Петропавл мұғалімдер институтында сырттай оқиды. 1938-40 жж. Ленин ауданындағы «Қарағай» ұжымшарында жұмыс істеді.

1940 жылғы 8 ақпанда әскери комиссариаттан шақыру келгенде ол Қарағай бастауыш мектебінің мұғалімі, әрі меңгерушісі болатын. «Ақ финдермен соғысқа баратын шығармын» деп ойлаған жиырма жасар жігітке атасы Бекмағанбет батасын бергеннен кейін, ол азаматтық борышын өтеуге аттанды [3, 46 б.]. Бұл кезде Жәлел Қизатов партияның мүшелігіне кандидат болатын, Петропавл пединститутының тарих факультетінде сырттай оқитын. Осыдан болса керек, әскери және саяси басшылар оны жаңадан әскерге шақырылғандар мінген әскери эшелонға жетекші етіп тағайындады.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатында Жәлел Қизатовтың өміріне қатысты сақталған құжаттар бар. Ұлы Отан соғысынын майданында жазған, еліне жолдаған батырдың екі хатын ерекше атап кеткен жөн. Ол 1942 жылы 5 мамырда Солтүстік Қазақстан облысының облыстық Атқару Комитетінін Бірінші Хатшысына жазылған хаты және 1945 жылдың 15 қантарында Лениград қаласынан жары Шәмшібануға жазған хаты [4].

Сонымен қатар 1942 ж. 27 қазанында жарияланған «Ленин туы» газетінде Жалел Қизатовтын Петропавлға майданнан келгені туралы хабарланған. Анасы Жамал, қала әкімшілігі мен тұрғындары қарса алып, құрмет көрсеткені туралы жазылған. «Солтүстікқазақстандықтар Кеңес Одағының Батырлары» атты кітабында Жәлелдің қарындасы Баграмова Қарапының естелігі жарияланған. Ол деректе, Жәлел Қизатовтың 1944 ж. қазан айында үйлену тойы өткені және «Бұлақ», «Қарағай» кеншарында Кеңес Одағының батырына арналған митингтері ұйымдастырылғаны туралы жазылған [5].

Соғыстан соң еңбек майданындағы өмірі басталды. Жәлел Қизатов 1945 жылы Солтүстік Қазақстанға оралып, Совет аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланды. 1947-1950 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданды аткару комитетіні төрағасы қызметін атқарған. Ол соғыстан кейін әлсіреген шаруашылықты қалпына келтіру, ел әл-ауқатын көтеру жұмыстарының алдыңғы шебінде болды. Өзі үшін емес, елі үшін еңбектенді.

Енді ол сонау бала кезі мен колхозшы болып жүрген жасөспірім шағындағы адамдарды ауыр еңбектен құтқару, жерді өңдеуді жетілдіру сияқты армандарын жүзеге асыруға кірісті. Өзінің қол астындағы қызмет еткен адамдарға жанашырлықпен қарады [6, 135 б.]. 1950-1952 жылдары ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебінде оқыды. 1952-1957 жылдары Булаев ауданды атқару комитетіні төрағасы қызметін атқарған ол ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты. Осы жылдары тың және тынайған жерплерді игеру ісіне белсене қатысады. Басқарған шаруашылығындағы жоғарғы көрсеткіштерді көрсеткен үшін 1956 жылы екінші рет Ленин орденімен марапатталады. Жәлел Қизатов 1954-1958 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің (4-ші шақырылым) депутаты болып сайланды [6, 138 б.].

Замандастарының естеліктеріне назар аударсақ, Жәлел ағамыз ойлағанын бетке айтатын, ешкімнен қаймықпаған тік мінезді болған. Сонысымен саяси билікке жақпай, қызметін төмендетіп Жәлел Қизатов 1957 жылы Булаев ауданына Таман дивизиясы атындағы совхозға директор болып тағайындалды. Осында 1963 жылға дейін еңбек етті.

Осы жылдары совхоздың мектеп директоры қызметін атқарған, қазіргі уақытта белгілі тарихшы Кадыржан Қабиденұлы Абуев естелігінде былай жазады: «Автор этих строк с 1946 года на протяжении более полувека поддерживал с Жалелом Кизатовичем близкие родственные и дружеские отношения. Прежде всего нас связывала двухлетняя совместная работа в совхозе имени Таманской дивизии - он директором совхоза, а я директором школы. К тому же он приходился мне дядей, моя мать Ажар была его сестрой. В 1958 году, когда Никита Хрущев снял с должности министра обороны маршала Г.К. Жукова, мой дядя Жалел в приватной беседе высказал осуждение такого решения. Один из собеседников донес в обком партии. На бюро обкома Ж. Кизатову объявили выговор, освободили от должности председателя райисполкома и назначили директором совхоза им. Таманской дивизии. В 1962 г. после окончания историко-филологического факультета Петропавловского пединститута меня как члена КПСС направили директором школы в совхоз им. Таманской дивизии, где в течение двух лет мы проработали вместе. В 1964 году по просьбе самого Ж. Кизатова его перевели директором Каракогинского элеватора» [7].

1964-1968 жылы аралығында Қарақоға элеваторының директоры болды. Оның ұсынысы бойынша бірінші рет совхозда элеватор құрылысының жаңа технологиясы қолданыла бастады. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті үлкен сенім артып, 1968 жылы Қызылорда облысты асты өнімдері басқармасына басшы етіп жіберді. Бұл - Қызылорда облысында жақсы астық элеваторлары жоқ, жиналған күріштің ысырап болу жағдайлары көкейтесті болып тұрған кез еді. Оның белсенді араласуының нәтижесінде Қызылорда астық өнімдері комбинаты, Шиелі, Жалағаш элеваторлары салынды [4].

Жәлел Қизатов Солтүстік Қазақстан облысының экономикасын дамытуға, әсіресе ауылшаруашылығы мен өндеуші өнеркәсіп саласына елеулі үлес қосты. Жерлесіміздің есімін мәңгі сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 сәуірдегі №523 Қаулысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл ауылшаруашылық колледжіне Жәлел Қизатовтың есімі берілді. Петропавлда оның есімімен қала көшесі атанған.

Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданындағы Покровка ауылында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын атап өту аясында Кеңестер Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың мүсіні салтанатты түрде ашылды. Бұл мүсін ерліктің, рух бостандығы мен мінез қайсарлығының белгісі болады деп атуға да болады. Бұл мінездер тағдыры ерекше жан Жәлел Қизатұлы Қизатовтың бойынан табылатын еді.

Ұлттық тұлға биігіне көтерілген, ерекше азаматтық мәртебеге, халықтық жоғары бағаға лайықты болған азаматтардың бірі - Жәлел Қизатұлы Қизатов. Білімділігімен, қара қылды қақ жаратын турашылдығымен, адамгершілік қасиеттерімен, еліне сіңірген зөр еңбегімен халықтын тарихында ерекше із қалдырған. Тағыда бір атап кететін жайттардың бірі, өмірінің 48 жасы Солтүстік Қазақстанда өтті. Жәлел Қизатов біздің облысымызда басшы қызметтер атқарып, Солтүстік Қазақстан өлкесінің ауыл шаруашылығының алға басуына елеулі еңбек сіңірген. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінде өлкемізде жаңа совхоздар мен колхоздар құруға атсалысты.

Батырдың өмір жолы ел, халық өмірімен тұтаса тығыз бірігіп кеткен. Солай болғандықтан оны ел тарихынан бөліп қарау тіпті мүмкін емес. Сондықтан болар, батырдың өмірі, ерлігі мен ісі кейінгі ұрпақ үшін өнеге, туыстары үшін, елі үшін мақтан болып қала бермек. Өз Отанын жаудан қорғауға аттанған, Отаны үшін өз жанын аямаған миллиондаған жауынгерлерді, соның арасында жерлесіміз Жәлел Қизатұлы Қизатов сияқты жандардың

ерліктерін, қазіргі адамдар, әсіресе жастар, ақ ниетпен еске алсақ, ұрпағымызға ұғындырсақ деген ізгі ой бар.

**Әдебиет:**


1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –https://www.akorda.kz
2. Қозыбаев М.К. Шығармалары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013 – т. 3. – 328 б.
3. Қизатов Ж. Өмір өткелдері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 192 б.
4. СҚМА, 1370 фонд, 63 бұма, 78 іс, 24 парақ
5. Мәлікова С.З., Мұхамедьярова Н.У, Багенова Г.І., Баймұқанов М.Б. Солтүстікқазақстандықтар Кеңес Одағының Батырлары. – Петропавл, 2015. – 298 б.
6. Ысқақов Ж., Рәшитұлы Т. Асқақтатқан ауылым. - Астана: Ақарман-медиа, 2001. – 442 б.
7. Абуев Қ.К. Жәләл Кизатов: ратные и трудовые подвиги. // http: //apgazeta.kz/2020/05/22/
8. Қизатов Ж.Қ. Өмірбаяны // http://kk.wikipedia.org.
9. Қарымсақов Н. Ер есімі ешқашан ұмытылмайды // «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті. – 2010. – №105. – 21 желтоқсан.



//«Жәлел Қизатов: Батыр.Азамат.Қайраткер»
атты республикалық ғылыми-танымдық
онлайн-конференция. - 9 ақпан. – 2020 жыл



**Ұлжан ЖАНБЕРШИЕВА,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры


## Кеңестер Одағының Батыры Жәлел Қизатовтың поэзиясы

Кеңестер Одағының Батыры Ж. Қизатов сегіз қырлы, бір сырлы жан болған. "Өнерге әркімнің де бар таласы", - дегендей, әу, демейтін қазақ жоқ. Арқаның сұлу сазды әндері мен күйлері, Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай сияқты сал-серілердің әнімен тербеліп өскен.

Ақын Кәкімбек Салықов Ж.Қизатов туралы;
Қайте берем салт қамшыны ширатып,
Ол батыр ғой, қайтқан жауды қиратып.
Алты Алашқа бесенеден белгілі,
Жетіп жатыр деген бір сөз Қизатов, - деп жырлаған. [2.31]

Олай болса, бүгінгі рухани жаңғыру кезінде оның әдеби мұраларын түгендемей, ұлттық кодты айту мүмкін емес. Ж. Қизатовтың ақындық өнерін айту, үлгі ету арқылы рухани жаңғырамыз демекпін.Оның ақындығы ерекше бағалануы тиісті.Өмір шындығы да осыны дәлелдейді.

Бала күнінен өлең, әңгіме жазып Жазушылар Одағына жіберіп, сәттілік тілеген хаттар да алып отырған. Десек те, ақындық жолға түспей, басқа мамандықты игереді.

Оның ақындық шабыты Ұлы Отан соғысы жылдарында көрініс береді. Отаншылдық сезім, ерлік, ізгілік қасиеттер елге деген сағыныш майдан жылдарында өрнектелген. Мұңлы сазды, сыршыл әуенде өз жүрегін елмен ажырамас бірлікте жеткізген. Жан сырын жырмен

жеткізген өлеңдері әдеби талап тұрғысына сай келе бермес. Дегенмен, көңіл сырын өлеңмен өрген ол өмірді шексіз сүйеді, өмір үшін күреседі, соны өз жырларына арқау етеді. Оның поэзиясы өзі өмір сүрген дәуір тынысына сәйкес келіп отырады.

"Өмір мен өлім" атты кітабына Батырдың қызы Гуля Жәлелқызының берген естелігінде: "Кітапты не үшін жазасыз, неге керек сол десек: "Алтындарым менің, мен бір жазушы не ақын болғысы келіп жүр дейсің бе? Өзім ұққан, өзім көрген жәйттерді әлі еліме жеткізе алмай жүрген жоқпын ба? Қай сәтте де, қандай қиындық туса да, адам өзін жоғалтпау керек, ол үшін ішкі рухың мықты болу қажет, ол рухтың тірегі – елің. Кейінгі ұрпаққа өзім бастан кешкен оқиғаларды мысал ете отырып жеткізсем деген ойым ғой бұл" , - дейтін деп жазған. [1.2]

Иә, ол өзінің басынан өткен оқиғаларды жырлап, келешек ұрпаққа үлгілі ойлар, ғибратты өсиет қалдырған. Оған куә – "Шарболат" атты жинаққа енген өлеңдері мен поэмасы. Оның шығармалары тақырыбы жағынан алуан түрлі. Ұлы Отан соғысы, жеңіс, әйел-ана, туған жер туралы жырларында ұлтымыздың ерекшелігін жырға қосқан. Өлеңдерінің басым көпшілігі соғыс тақырыбын жырлауға арналған ерлікпен өрілген поэзия болып келеді.

Мысалы, "Сағындым" , "Еліме" , "Сарбаз сыры" , "Ауылым" , "Мысида" сияқты өлеңдерінде майдан өмірінің ауыр шындығын, өмір мен өлімнің арпалысын жеңіп шыққан солдат ерлігі бейнеленеді.Майдандас достары туралы олардың ерліктерін ұрпаққа паш етеді.

Оқтар мені жаралады тигенде,
Қан сорғалап денем от боп күйгенде.
Өмір... өлім... судың беті қызыл қан,
Таласады жел қайыққа мінгенде, - деп [2.73] ел үшін қанын төккен ерлердің образын шынайы береді.

Соғыстың халық басына түсірген ауыртпалығын психологиялық тұрғыдан ашқан "Шындық" атты өлеңінде:

Түскенде жауға тұтқынға,
Азаппен жылжып күн батпай.
Қорлықты қанмен жұттың да,
Атылып кеттің үн қатпай [2.70),–деп ой түйеді. Қаншама үйдің оты ұрланып, қаншама үйдің оты сөніп, ана баладан айрылып, батыр отбасынан айрылған қаһарлы күндерді, атылып кеткен солдат,қорлықтан қан жұтқан ана ақын сөзіне қосылып, үлкен суретке айналған.

Өзінің көрген оқиғалары мен естеліктерін егіле жырлап, соғыс трагедиясынан мазмұн тудырып, қаламының құдіретін танытады. Соғысты еске алу арқылы адамның бүгінгі әлем алдындағы азаматтық парызын көрсетеді.

Оның өлеңдерінің лирикалық кейіпкері – өмірге үлкен сеніммен қарайтын оптимистер. Елін, жерін сүйген ұрпаққа ұлағат қалдырған ақын батырлығымен қоса жастарға деген сенімі күшті екенін өлеңіне өзек етеді.

"Мен – қазақпын" атты өлеңінде:

Мен – қазақпын, туып өскен даламда,
Мен – қазақпын, қастығым жоқ адамға.
Мен – қазақпын, ерлік жасап майданда,
Айналғанмын алынбайтын қамалға [2.72] ,

- деп ақын ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ерлік дәстүрдің, рухтың жоғарылығын жырмен төгеді. Өлеңнің идеялық түйінін ұлтымыздың тұтас табиғатын ашуға құрады. Кең даладай, данадай, ерлікті, елдікті, батырлықты ел бірлігін алынбайтын қамалға баламалайды. Осылайша ақын өлеңдерінің өн бойында ұлтымыздың салтанатты жеңісін жырлау басым келеді.

Жәлел Қизатовтың поэзиясында ерекше тоқталатын – "Ақан батыр" атты деректі поэмасы. Поэма Кеңестер Одағының батыры майдандас досы Ақан Құрмановқа арналған. Поэманың кіріспесінде:

Білемін боршым бар ақталмаған,
Досымды қала алмадым сақтап жаудан.
Тағы да ақын болмай армандадым,
Ерлігін жырмен өріп айта алмаған , - деп тебіренеді. (1.328)

Сөйтіп, ел ары, ел намысы, ел беделі батыр ерлігінде деген түйін жасайды.

Тақырыбы –Ұлы Отан соғысы, идеясы– қазақ батырларының ерлігін дәріптеп, келешек ұрпақты Отанды сүюге шақыру, досына жырмен ескерткіш жасау. Сюжеті ұрыс даласында Ақан атты жігітпен танысып достасады. Ақанның ерекше қасиеттері ән айту, палуан денелі тұлғасы, соғыстағы ерлігі баяндалған. Орел – Курсдегі шешуші ұрыста ерлікпен қаза тапқан оған Кеңестер Одағының Батыры атағы беріледі. Осы шындықты

батыр образы арқылы ашады. Поэмаға желі болған оның Ақанмен кездесуі, Жәлел өзін Отан үшін ерлік жасауға ұмтылған жас деп суреттейді. Соғыстан кейінгі Ақанның туған еліне барып ағайын – туыстарымен кездесіп, батыр аманатын еліне жеткізеді. Қара сөзбен Ақан ерлігін баяндаған Жәлелге тумалары ерлігін көзбен көрген куәгер ретінде поэма жазуды өтінеді. Сол күннен бастап Ақанға арналған поэма жазуға бел буып жазып шығады. Бұл деректі поэманың әдеби талап тұрғысынан қарағанда кемшілік тұстары байқалады. Бейнелеуден гөрі баяндауы басым. Ырғақ, ұйқасында да біршама олқылықтар бар. Поэмадан гөрі әңгіме очеркке ұқсайды. Десек те, ақын Адам мен заман жайлы толғанысын тереңдете түскен. Жалел Қизатовтың бойындағы асыл қасиеттердің бірі – елге деген адал сезімі мен досты ардақтау. Досты қадірлеу, ерлігін ұрпаққа паш ету поэманың негізгі лейтмотиві десе болады. Сондықтан да ерлік туралы бұл жырдың бағасын ешкім түсіре қоймас. Жәлел Қизатов көркем сөздің мәнін көтеріп, ұлағатты жырларын ұрпағына аманат етіп қалдырған.Ұлттық рухты жастарға ұялата білгеніне оның жырлары куә! Өшпес ізімен өзі бағындырған өмірі үшін әдеби мұралары аз дүние емес. Өзінің ұлағатты өмірін ұрпағына өсиеттей білген оның өзіндік ақындық ашық стилі бар, өлең деген өнерге өзіндік үнімен келіп, өз қолтаңбасын қалдырған. Адамда болатын ізгілік пен мейрімділікті ағайындас деген философиялық ойға негіздейді.

Жәлел Қизатов туралы естеліктерінің бірінде Қ. Құдайбергенов: "Жәлел Қизатов туралы салиқалы әңгіме жалғаса береді. Өйткені тау тұлғалы ағаның тұғыры уақыт өткен сайын биіктей түседі, бәрімізді өзіне тартады, ізденіске шақырады, жігерімізді қайрайды, жаңа жарқын асуларға бастайды. Бұл – ұлылықтың белгісі" , - дейді [4.2]

Уақыт өткен сайын тау тұлғаның тұғыры биіктей түсетіні сөзсіз. Ж.Қизатов өзі айтқандай өлең – жырлары мен өмір өткелдерін ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқаны бүгінгі күні айқын болып отыр. Мұның бәрі – Жәлел Қизатовтың тарихымызда көрнекті орнын белгілейді.Тұтастай алғанда, Жәлел Қизатовтың ақындық өнері халқымыздың бастан кешірген оқиғаларын суреттейтін, елеулі шығармалар екені даусыз.

**Әдебиеттер:**

1. Қизатов.Ж Өмір мен өлім – Қызылорда: Полиграфия Баспа үйі ЖШС, 2010-503б .
2. Қизатов Ж Шарболат шығ.жинағы – Алматы: 21век.2000.-108б.
3. Қизатов Ж. Өмір өткелдері – Алматы: Жазушы, 1978.-192б.
4. Құдайбергенов Қ. Ерлікпен өрілген өмір (мақала)."Халық" газеті 2010.-10саны.

//«Жәлел Қизатов: Батыр.Азамат.Қайраткер»
атты республикалық ғылыми-танымдық
онлайн-конференция. - 9 ақпан. – 2020 жыл

**Алдажар Әбдірасуллеұлы ӘБІЛОВ,**
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті

**ЖӘЛЕЛ ҚИЗАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ**

Бүкіл ғұмырын Отанына, еліне, халқына қызмет етуге арнаған Жәлел ағаның арманы асыл, мұраты асқақ болғанын оның жүріп өткен жолы анық көрсетуде.

Қалғанша бір тамшы қан тұла бойда

Қорғаймын асқарымды, аспанымды – деп [1,82] батырдың өзі жазғандай ол кейінгі ұрпаққа ерен ерлік пен жасампаз еңбектің үлгісін қалдырды, адамдық пен азаматтықтың тұтасуын көрсететін біраз шығармаларын қалдырды.

Ол өзі айтқандай жазушы, не ақын болуды мақсат еткен жоқ, алайда өзі көрген, өзі басынан өткерген жәйттер оны қолына қалам алуға итермеледі, ондағы ойы – келер ұрпаққа өз басынан кешкен кезең,уақыт,мезгіл шындығын жеткізу болатын. Ондағы мақсат – сол шығармалардан өскелең ұрпақ ғибрат алса дегендік еді.

Мен Ж.Қизатовтың «Өмір мен өлім» атты шығармасы туралы аз-маз пікір айтпақпын. Шығарманы автор повесть деп атағанмен оның көтеріп тұрған жүгі – романның жүгі екені анық. Бұл тұста автордың әдеп сақтауын, «роман дегенім артықтау болар» деген де ойын байқау қиын емес, бірақ қазір кейбір мемуарлық роман – деп аталып жүргендермен салыстырғанда бұл шығарма көш бойы озық дүние екені анық.

Ж.Қизатов шығармашылыққа кездейсоқ келген жан емес, бұл оның қанында, тумысында бар еді. Атақты Ақан сері, Үкілі Ыбыраймен туыс болып келетін ол бала күнінен-ақ ел әңгімесіне, шежіреге, өлең, жырға құмар боп өсті. Мұны автор кітапта «Мен өйттім, мен бүйттім» деп атап жазбаса да, оның бала көңілінің ауаны, іңкәр сезімі алғашқы тараушалардан анық сезіледі. 1939 жылы республикалық жабық бәйгеге әңгіме жазып қатысуы, белгілі жазушы Қапан Сатыбалдиевтің әңгімеге жақсы баға беруі де біздің жоғарыдағы пікірімізге дәйек бола түседі.

Ж.Қизатовтың өлеңдерін, не «Ақан батыр» деректі поэмасын, не болмаса «Өмір мен өлім» мемуарлық шығармасын алайық, олардың тапсырыспен, не «саусақ сорып» күшпен шығарылған емес, керісінше автордың шабыт пен көңіл қорытпасынан туғанын байқаймыз. Бұл оның «нені жазам» деп емес, «қалай жазам» деп ойланғанын көрсетеді. Оның біз әңгіме арқауы етіп отырған «Өмір мен өлім» атты дүниесі – мемуарлық шығарма. Шығармадан С.Мұқанов стилінің ізі байқалады, алайда көркемдік шешім – тіпті басқаша.

Шығарма үлкен-үлкен бес тарауға бөлінген, тараулар байланысы, ішкі жүйе Ж. Қизатовтың қаламгерлік деңгейі жоғары екенін, ізденістерінің көркемдікке қызмет еткенін көрсетеді.

Енді осы шығармадағы өмір шындығы, кезең, уақыт шындығы қалай берілді дегенге келсек, автордың мемуарлық шығармалар талаптарымен толық таныс болуынан, бәлкім Жаратушымнан түскен болар, көркемдікке жеткізген шешімді көреміз. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуін», не С.Мұқановтың «Өмір мектебін» алсақ онда автор сезімінен гөрі тарихи нақтылық, фактілерге сүйену басым болса, Ж.Қизатовтың «Өмір мен өлім» атты шығармасында бұл тұтаса жүреді. Енді осыны дәлелдер көрелік.

1. Шығарманың алғашқы тарауларында негізгі тін етіп алған ойды автор «Атамның бірінші әңгімесі», «Атамның екінші әңгімесі» деп бөлінген тарушалар [2,15-22] арқылы ашады да, оны «Ақан сері», «Үкілі Ыбырай» атты тараушалармен әдіптейді. Міне осы тұтастық автордың туып-өскен ауылы, әулеті, шыққан тегі, өскен ортасы туралы шындықты жеткізуге жол ашады. Сол тұстағы оқиғаларды автор сонау бала күнінде қалай қабылдаса, сол күйінде оқырманына ұсынады. Бала қиялы, оқуға ұмтылу, жырлардан сезімге

бөлену, ақын-жыраулар, әншілер туралы бала күнгі көргендері мен естіп білгендерін сол қалпында беруі шынайылыққа жол ашады.

2. Шығарма оқиғасы жетім өскен, қиындық көрген қазақ баласының оқуы, кішкентайынан еңбекке араласуы туралы баяндай келіп, оның ат жалын тартып, азамат болған кезіне ұласады. Бұл оның әскер қатарына шақырылумен басталады. Бұл тұста назар аударылуы керек жәйт – қазақ солдаты тақырыбы әдебиетімізде кенжелеп келе жатқан тақырып, тіпті бұл тақырыпқа жазылған шығармалар жоқ десе де болғандай екендігі. Әрине, Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалар бар, ал одан кейінгі және оған дейінгі солдат өмірі – жоқ. Бұл – факт. Ол шығармалардың барлығында да оқиға соғыс оты тұтанған күннен басталады. Ал Ж.Қизатов шығармасындағы жетістік – мұнда соғыс алдындағы, яғни, 1940-41 жылдардағы әскери өмір, онда бірнеше ұлттар өкілдерінің қызмет етуі, шыңдалу қиындығы, төзім мен сабыр, жолдастық пен борышқа адалдық мәселелері қазақ солдатының көзімен суреттелуі. Бұл тұрғыдан келгенде шығарма қазақ әдебиеті қоржынына олжа салып отыр.

3. Шығармада автор тек өзі баяндай бермей, қажетті бір тұста болып жатқан оқиғаға қатысты қаруластар пікірін де беріп отырады, оқиғаны, өмір шындығын өзгелер көзімен суреттейді. Бұл соғыс алдындағы ел мен әскерилер өмірінің кей қырларын ашуға, солдаттар психологиясын көрсетуге жұмсалады. Автордың бұл шешімі де келісімін тауып керім дүниеге айналған.

4. Соғыс тақырыбына жазылған шығармалардағы бір кемшін тұс – қазақ солдатының ішкі әлемінің көрінбеуі болса, «Өмір мен өлімде» автордың мұны жақсы түсінгенін аңғару қиын емес. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының өзінде бас кейіпкердің ішкі әлемінен қазақы өмірді көре алмасақ, бұл шығармада мүлде бөлек пішіи бар. Қазақ солдаты Жәлел Қизатовтың әскерде қазақтармен, өзбек, татар және сол сияқты туыстас елдер жігіттерімен кездесуі, дос болуы, ауылын сағынуы, елді ойлауы шынайы беріледі. Тек жалаң суреттеу емес, оның ойы өзге қаруластары ойымен қатар беріліп, өзгеше өрнек жасайды.

5. Ол қиналған, кей шешімі қиын тұстарға кез болғанда елді, туған жерді еске түсіреді, Батырлар жыры ойға оралады, содан қуаттанады. Халық мұрасы – дұрыс жолға бастаушы екені оның бірнеше рет басынан өткен оқиғалармен байланыста ашылады. Бұл да өмір шындығын берудегі автордың өзіндік қолтаңбасын көрсетеді.

6. Автор суреттеуіндегі қазақы мінездің көрінуі – оның Аранжирге қатысты әңгімелерінде. Аранжир – артеллерист-барлаушының астындағы аты. Міне Ж.Қизатов осы тұста да ерекше сезіммен талай от пен оқ ортасынан алып шыққан аты туралы айта отырып, тағы да халық жырына соғады. Оның шабысына қайран қалған әскери достары Сұлтан мен Жамбос атты Тайбурылға теңейді. Ал автор, сол тұстағы өздері бастан кешкен қиын сәттерді осы Аранжирмен байланыстыра суреттей отырып «Қобыланды батыр» жырының шумақтары, Абайдың «Аттың сыны» өлеңі ойға оралғанын жазады[2,67-68]. Біз мәтін астарынан автор қаруластарына да «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» және т.б. жырлардың таныс екенін сеземіз. Қазақ солдатының өз халқының жырларын қарулас достарына толық таныстырғанын білеміз

7. Қаруластарын жігерлендіруде де ол халық жырлары мен аңыздарын шебер қолданады. Мәселен, Одессада өлім қаупі төнген тұста қарулaсы Гришаға Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» жырының мазмұнын қысқаша айтып беріп, жігерлендіруі де көп нәресені аңғартқандай.

8. Кей мемуарлық шығармалардағыдай мұнда тек кеңес солдаттарының батырлығын ғана жазып қоймайды. Сатқындық пен антқа беріктікті, опасыздық пен Отаншылдықты, дүниеқұмарлық пен тазалықты қарама-қарсылықта ашып, сол соғыс алдындағы кезең мен соғыс жылдарындағы шынайы шындықты қаз-қалпында жеткізеді.

9. Автордың Одесса, Сталинград, Қырым, Орел-Курск иіні соғыстарын, Украинаны басқыншылардан босату майданында өзі көрген, бастан кешкен оқиғаларды боямасыз, қоспасыз көркем жеткізуі – шығарма құндылығын арттыра түседі. Мұнда жоғары шенді офицерлер арасында да небір келеңсіздіктердің болғаны, қыздардың ерлермен тең дәрежеде соғысқа қатысқаны, кейбір сәтсіз шабуылдар мен дарынсыз командирлер, соғыс кезінде де сүйіспеншілік оянуы, махаббатқа адалдық, достық және т.с.с. сол кезең шындығымен тұтаса беріледі.

10. Кей оқиғалар шегініспен беріледі, кей оқиғалар басқа кейіпкерлер көзімен суреттеледі. Мұнда да автор дұрыс шешім қабылдаған.

11. Соғыс жылдарына қатысты мемуарлық шығармалардың көпшілігі генералдар мен маршалдар авторлығымен шыққандықтан онда көбінесе солдат ойы, тіршілігі, психологиясы туралы айтыла бермейді. Ал бұл шығарма сол олқылықтардың орнын толтыра қарапайым қазақ баласының қатардағы солдаттан офицерлікке дейін өсуі, Кеңсе Одағының Батыры атануы, елге оралуы, еңбек майданына араласуы жайлы ұлттық дәстүр мен салт, ұлттық көркемөнер мен шежіре қорытпасында көркем кестелеген. Шығарма осы тұрғыдан ерекше және құнды.

12. Автор көбінесе кейіпкерлері характерін ашу үшін орыс, не өзге ұлт тілдері қолданыстарын пайдаланғанмен, шығарманың өне бойында қазақ тілі тазалығына айрықша мән береді. Ол тіпті кей сөздерді өзінше тәржімалап та қолданады. Мәселен, траншея – деген сөзді ол жырапана деп алады.

Біздің бүкіл шығарма туралы толық баяндап шыға алмасымыз белгілі, сондықтан тұжырымдай айтар болсақ, шығарма мемуарлық шығармаларға қойылар талаптарға толық жауап бере алатын дүние, шығарма – Ұлы Отан соғысы туралы шындықтың көркем және деректі бейнесі. Бұл тақырыпта жазылған көркем және деректі шығармаларда кеткен олқылықтардың орнын толтыра алатын, шынайы сезім мен ел алдындағы жауапкершілік, оқырманға адалдық тұтастығынан туған табысты дүние екені анық. Повесті мемуарлық роман деп атауға да болады, оқырманға берері, өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол шығарма Жәлел Қизатовтың өз антына берік болып, бар қуатын, күш-жігерін, білімі мен шабытын ел үшін қызметке жұмсағанын көрсетеді.

**Әдебиеттер:**


1. Қизатов Ж. Шарболат – Алматы: «XXI ғасыр қоры», 2000.
2. Қизатов Ж. Өмір мен өлім. – Қызылорда: «Полиграфия Баспа үйі», 2010.



//«Жәлел Қизатов: Батыр.Азамат.Қайраткер»
атты республикалық ғылыми-танымдық
онлайн-конференция. - 9 ақпан. – 2020 жыл